



**Серік  
САҒЫНТАЙ**



Көктемнің  
мәлдірі  
талшысы



ӘОЖ 821.512.122

КБЖ 84 (5каз)

С 14

«Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің  
Тіл саясаты комитеті «Мәдениет және өнер саласындағы бәсеке белсенділігін  
жоғарылату қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерделеу мен насихаттау  
және мұрағат ісінің іске асырылу тиімділігін арттыру» бағдарламасы  
«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін сатып алу, басып шығару және тарату»  
кіші бағдарламасы бойынша жарық көрді».

**Кептербаев А.**

**Сағынтай С.** (бүркеншік есім)

С 14 **Көктемнің мөлдір тамшысы** *(әңгімелер мен хикаяттар)* Алматы:  
«Қазақ энциклопедиясы», 2019, – 112 бет.

ISBN 978-601-7967-16-1

Белгілі қаламгер Серік Сағынтайдың бұл кітабына соңғы жылдары  
жазған әңгімелері мен хикаяттары топтастырылған.  
Кітап оқырман жүрегіне жол табарына кәміл сенеміз.

ӘОЖ 821.512.122

КБЖ 84 (5каз)

ISBN 978-601-7967-16-1

© Сағынтай С., 2019

© «Қазақ энциклопедиясы», 2019

## ТЕҢІЗ ТОЛҚЫНЫНДАҒЫ КАФЕ

...Су бетінде шикі өкпе қалқып жүр. Жағаға шашып жая шалқалай сұлаған толқындармен ілесіп келген болар, сірә?! Тереннен қалқып шықты ма, әлде, жылы бұғаздың жағаған жағалауындағы кой сойған көп қазақтың бірі лақтырып жіберді ме? «Тереннен су бетіне қалай шығуы мүмкін, балықтар жеп қоймай ма?!». Жақындан келіп, таякпен ілін ап, лақтырып жібермек болдым да, баяғы бала кезде оқитын ертегілердің үрейлі оқиғалары кенет есіме түсіп, қалт тоқтап, шегінгенімді байқамай қалдым. «Мыстан кемпір шығар?!». Бұл мастық дегенді қойсаңшы! Ойламайтын пәлен жоқ. Күлкім де келіп барады. Жағада иленген жұмсақ құмға жамбастай жайғасып, сылқ-сылқ күлкіге арбалған қыз-жігіт байқамады, әрине. Ертегіде суда қалқын жүрген өкпе әлдекім таякпен түртіп қалғанда мыстан кемпірге айналған шыға келетін. Бірақ, өл ертегі ғой. Ал, мынау шығ. Сонда да су сорып, бозарып кеткен өкпеге жақындағым келмеді. Мәңгірін, су бетінде нашыраған шуаққа елітін, ұзақ тұрып қалыпшып. Сәлден соң бізден таяқ тастам әрірек жайғасқан көршілердің бірі көріп, асығыс алымдай кеп, қолындағы пышағымен ілін әкетті.

– Ана балаға найып әкелуге тапсырып ем, суға лақтыра салыпты. Айып болмасын, інішек.

Ақсия күлген жас жігіт мені қаланың ақсаусак қазағы деп ойлады ғой деймін. Сірә, суда жапқан өкпеден, сойылған малдың суға араласқан қап-жынынан жеркеліп тұр деп шешті. «Көке, мен нағыз қазақтың! Қырдың қазағымын! Судан да, оттан да, қаннан да қорықпаймын! Атам шопаң болған» дегім келді. Ертегіні ойлап тұрғанымды қайдап білесін.

Ертегі оқып па едіңіз? дедім зорлана жымшып. Бала кезіңізде?..

– Ой, інішек. Сен де қайдағыны сұрайды екенсің. «Біз не көрмедік, шет елдің босвик фильмін де көрдік» дегенді білуші ме ең?..

Көріші суға шырт түкірді де, теріс айналды. Езуінде қаланың кара қазағына деген сұмшайы жеркеліш кетті.

– Мен ауылда туғам...

Ішімнен айттым. Бәрібір. Түсінбейді.

Он шақты жыл бұрып... су бетіне тұра осы шикі өкпе гәрізді қалқын шығып, жастықтың жарқын күндерін жұтқан қасірет ойыма орала берді.

Қуш тас төбеге қотеріліпті. Еріне басып, қолдың құшағына ене бердім. Әуелі сирақтан тартқан ерке толқын. Қырық-елу қадамнан соң тізеден сәл ғана асты. Балқаштың бұл тұсында жағалау жағаған келеді. Жүз-жүз елу метрден соң ғана су еппен тереңдей түседі, онда да жағаға лықсыған толқын кері қайтқанда синай тегістеп кеткен құмдақ табаны сиырғаңдайлапты көрініп жатады. Боз жасыл зүмірет түстес су ерекше майда, бипаз. Дененді құшқаны балқытып, қол табанының сәл ойыс тұсына келгенде алақанына салып, әдилей кетеді. Табаның құмға қайыратын енде сылқылдап, сиқырлай

күлеп таяқ толқын кеуденен жаппап қана итеріп қан құшады да, қол құшағана тарта береді. Теңіздің майда күмді табиғатынан бөтерін қызықтан, сәуір ұзадым. Су қыл мойнымнан келгенге, бақайызынан ұнамен серіле көтеріліп, айдына қарай еріне құлаптай бастадым. Бес ағаш метр, он-он бес метр, ақыры отыз-қырық метр ұздым-ау деймін. Бұрылып, жаға жаққа қарағанда біздің қыз-жігіт те, шұбалған сұйық түтін шипілет көршілерім де құртақандай боп шалынды. Шалқамнан ауаарылып түсіп, қолымды жайып тастап, біраз демалдым. Тұнық аспан, тымық теңіз астазын жағды, Үйкым келді. Нивх тайпасының нері аулаушылары мұхит тұншығына кезегімен батқанда, қайықта жалғыз қалған бала сынды сенім өзіміз. Осындай тымық болған шығар? Кенет ғаламдық ұлы мұхит пен шетсіз-шексіз аспанның адам аяғы, құлашы жетпес пен ортасында болмасам да, өзімнің мүлде жалғыз, тұлдырсыз жалғыз екенім есіме түсіп, өкпеке окініш тығылды. Жүрегім шым ете ауырып, қабағым қосылар тұсқа кеп сызып салған егіз сызықты әжім шекеме әнтек батқандай болды. Жұмсақ жібек су тасша бағып, кенет ауырсындым. Жағаға қайту керек еді...

\*\*\*

Он шақты жыл бұрын...

Су бетінде қалқыған үлкен резікке камераға иек сүйеп, масаппап жатырмын. Кіндік тұсымда белге жалпақ резіккемен қапсыра байланып тағы бір камера судан арқа жонымды аяғымға шейін көтерін түр. Желіт көліктің жел тығындағышы. Бұл камера үлкен камераға екі метр арқаммен байланып тасталған. Жағалаудан жүз елу метр қашықтықта қалқып, күнне қыздырышып жағалы төрт-бес сағаттай болды-ау деймін. Уақыт мөлшерін бағамдауға хал де жоқ. Үлкен камераның суға тиер төмен жағынан іркіштің қапталған. Мүлде баппайды. Қолқон алағына киілер ортасы қадимтілік секіледенің жабылғандықтан, іші құрғақ. Бұл – біздің «дастарқан». Төрт-бес шипа да менің астымдағы камера секіледенің, дастарқанға жиінен баппаған. Піскебасарымыз салынған пакеттер ғана бос. Қос қолды дастарқанға арғын қойып, жағалауда маңыраған теңіз сыыры құсап, басыңды бұлап тастап, шарап сілтейсің. «Денсаулық үшін!». «Осындай керемет кафе онлап танқан Дархан дос үшін!». Үшеуміз даурығысып тілек жұптадық, барқыран ән айттық. Рақат!

Кафе расында керемет еді. Толқын үстінде тербеліп жатып, демаластың. Ортада үлкен камера. Оған тіркелген үш-төрт кіші «шлюпка». Бас-басына бір-бір орындық тиетін дәмхана тәрізді. Жағаға қағылған қауыққа байланған арқанды жөргемдеп тартып, теңіз ортасына қарай жүз шақты метр асықпай жүзіп барасың да, банкет жасап жібересің. Судан қорықсаң, «орындығыңды» беліне тас қып байлап ал. Одан соң өмірі баппапсың гой кеуденде жапың болса. Күн еңкейіп, толқын көтеріле бастаған кезде кожайын өзі тартып алады. Ешқайда қаппып та кете алмайсың. Жағаға шыққан соң, кенілге өткізген киімді алып, ақшанды санап бересің де жөнелесің. Даяшы ғана жегіспейді. Бірақ, мынадай романтикада даяшы да



## Коктемнің мөлдір тамшысы

керек емес. Төбеде мәңгі зеңгір тұнық, төменде одан ғапыл кем емес зүмірет көл. Кокжиектің сызығын аңдай алмайсың. Масайрай бастасаң, өзін құсап майда толқын әлдилеген қызу қоршылдарға барып қайтуға болады. Қоршыл қатты қызу болса, байланыса бастаса, төбелесе де алмайсың: табан астында тіреу жоқта қайдағы төбелесе?! Қайта керісінше, түпсіз көк пен терең су ортасында жапың бір боп шығады. Көңілің босаң, шет жерде кезіккен жерлесіндей ыстық боп шыға келеді. Жағалаулағы қосмекенділерге қарап, айғайлағанның өзі неге тұрады! Кафе расында керемет еді...

– Бөке, сыраны суға матырып қоямыз-ау деймін, жылымшы тартынты...

– Сөйтейік. Бір-бір жүзді тастан алайық. Закусқаны қалдыратын түрі жоқ, мына су перісінің.

– Не үшін ішеміз, ағайын? Өзің бір тілек айтшы. Кейде бір пәлепа соғатын жақсы галетін бар еді ғой. Бүгін тым ойлы боп, көп үнсіз отырсың. Мана қызыңды ала кел дегенде тіл алмадың. Су перісін суда күшқан жақсы екен. А. Бөке!

– Мен не дейін. Сендердің бақытты болуларың үшін іше бертім келеді. Владимир Санги деген сахалиндік жазушы болды. Нивх деген халықтың ұрпағы. Мәскеуде тұрды. Баланы Мәскеуде дүниеге келген тұңғыш нивх екен. Біздің де балалар қалада дүниеге келетін болды. Жә, мәселе онда емес. Сол Вакенин «Кевонгтардың үйленуі» деген керемет романы, әлде, повесть пе, жадыда жоқ, туындысы бар. Біздің түбіміз сондай болмаса екен. Сол үшін ішейік! Кевонг әулеті Сахалиндегі нивтердің бір бұтағының кішкене ғана өскіні болған ғой. Әлеуетті әулет болмаған сон, ағайыны қызын бергісіз келмеген. Берсе де ұрпақ қалар-қалмасы неғайбыл. Түбі әлгі әулеттен түлдір қалмапты. Біз де азайып барамыз. Бірақ, үміт бар бізде. Үміт үшін!

– Әй, ерім-ай! Ел үшін уайым ойлайсың. Айдаладағы нивхке қазақтың тағдырын қайдан теліп тұрсың?! Біз осетін елміз.

– Жақсы тілек! Бірақ, менің шарабым таусылып қалыпты.

– Официант! – Абзал төменге, суға қарап айғай салды. – Қазір келеді, мұртты жайып. Бізге бір шиша молдаван шарабы. Ол келгенше біз тарта берейік.

– Официант деп құр айғайлағанша, барменге тікелей барып келсеңші. – Назым наздана күлді.

– Екеуіңнің тойыңда өзім официант болмасам, мына су перісінің қызы шарапты шара аяқпен сіміреті екен.

– Қой, Бөкен! Сен асабасың ғой. Бір тойым болатыны сөзсіз менің, дәл қай сенбі екенін айта алмаймын...

Ойнап айтады. Тойдың күні белгіленіп қойған. Саған тосынсыз болсын деп айтпай отырмыз. Енді үш аптадан сон. Дайындала бер, Бөкен!

– Өй, не деген дәті берік адамсыңдар! Манадан бері неге үндемей отырсыңдар? Құйылсын! Ериулетіп!

– Ха-ха-ха-ха-хей! Бірден айтқан қызық болмай қалады. Ал, енді осы плаекті тік тұрып айтшы, түрегеп тұрып ішейік екеуіміз де.

Беттегі резенкеші шешуге тура келді. Қант-құт еткен жұмақ камера үстінде әуірлімден тұрдык-ау. Назымда ішек жоқ. Үш-төрт мәрте құлаған бетте су шапшаң айран-асыр. Шың бақытты еді.

Жастардың бақыты үшін!

Кеттік!

І кеуіміз бір-бір ауыз сөз ғана айтып үлгердік те, етаканды шалқалай көтеріп, ашы аракты жұта сап, қайқая секіріп суға. Су бетінде тұрып ауыпаңа толтырып ап, суға сүнген бетте жұтып жіберсең, керемет әсерлі болады. Дем ала алмай, осы зәһәрді өміріңде алғаш рет жұтқан сәттегідей тұншығасың. Су астында қайдан ауа?! Оңешің ортеп өткен жылы арақтың соңынан дем шығарған да өзеше. Жағаласа су бетіне шыққан бетте жұтқан ауадан соң тіскебасар да қажет емес. Біз құсап ешкім шипеген шығар!

– Ой, рақат-ай!

– Кер-ре-мет!

– Фууу! Теніз үсті арақ мұнкіп кетті ғой.

Бірақ, мұндай ішіе тез шалдықтырады. Алғаш дәмін татып баққанғалай жігіт қызық көріп, қайталаймын деп жағаға жеткенде баық құсап, былқ-сылқ етп қалатын. «Солтүстік халықтарының түбіне де осы у зәһәр жетті ғой» деп ойлады «орындығымды» беліме байлап жатып, «Біздің ел іше? Біз де онып тұрған жоқпыз ғой. Осылардың тойынан соң, қоймасқа болмас!». Манаурап ұйқым келді. Екі мас, екі жас бір-бірін қытықтан онып кеткен.

– Мен аздап мығым алайын. – дедім дауыстап.

– Боссы!

«Осы дерттен айыға алмай қойдым-ау!». Оң алты жасымнан берілеті бірәз жыл осымен бірге өтіп келеді. Біреулер бір күн тойласа, екі күн демалып жатады. Менде олай емес. Оң бірінші кластан бастап, тұрақты түрде күнде ікті тұтынып келемін. Ел құсап мас болмаймын да, сана сау, кеуде таза. Бірақ, қою керек! Уақытымның бәрі осымен кетеді екен. Оныма Кевонгтар келген...

Мәңгіріп жатып, ұйықтап кетіпін. Шөлдікпен оңидым. Төсектен тұрмақ болғаным есімде, қолымды тіремек болғанда ауып кетп, су жұтып қоя жазадым. Күн еңкейіпті. Екі ғашық та ортадағы камераға арқанлауы қалыпта маузырап жатыр.

«Ояп, қазак!». «Ай, кап!» – Ұйықтап қалыңыз ғой...

Күн еңкейген. Толқындар да бастарын көтерісіп, жағалауға қаран асықтан шықса. Толқын шуынан енді сәлден соң жел тұратаны да аңғарылады. «Қой, жағаға қайтпаса болмас» Кенет жағалаудан сәуір шықсап кеткенімді байқадым. «Мүмкін емес! Ұйқымды аша алмай тұрған болармын». Еңнен ортадағы камераға жақындап, жағаға тартылған арқанды қарман, нақты қашықтықты бағамдамақ болдым. О, күдірет! Құмдық жағалаудағы қазыққа байланған арқан тартқан кезде домбыра шетінен ширай шертілуі керек еді. Мынау бос жатыр. Жалма-жан көс қолдан тартып

## Қоқтемнің мөлдір тамшысы

қалдым. Арқан су бетіне қолбей жатқанның орнына, салбырап, сусын ауыр салмағымен тереңнен шұбалды. Тағы қарманып, бірнеше метрін тартқанда, жүрегім су ете қалды. Арқанымыз босап кетіпті. Әрі бізді ұйықтаға тербеген толқын жеңіл камерадағы қалпақылдан, айдың ортасына қарай кетіп қалыпты.

Ей, арқан босап кетіпті! Қараңдар, біз айдыңға шығып, жағадан алыстап кетіптіз!

– Не дейсің?

Қалай босап кеткенбіз?

Жағадан алыстағаны несі?!

– Қара өзің! Бір-екі шақырымдай кетіп қалыпты.

– Мама! Су да суып кетіпті. Біздің үшкіртер көрінбейді ғой!

Е-хе-хей!

– Көмектесіңдер! Көмектесіңдер!

Досым ортадағы үлкен камераға шығып алып, қос қолын ербеңдетіп айғайлады. Жағалау жақ тым-сарыс. Кенет толқын бетін сипай жел жүгірді.

– Жел тұрайын еді.

– Енді қайткің?

– Ештеңе де емес, жағалауға қарай жүземіз ғой. Камера бар, бағнаймыз.

Толқын көтеріліп кетсе, жағаға бара алмаймыз. Керісінше, желмен ұшып, ашыққа шығандан кетуіміз мүмкін.

Мама! Қорқам! Не істейміз?! Бірдене қылыңдар! Өлеміз ғой!

Назым өкіре жылап жіберді. Досым жұбатып әуре. Қыздың жылағанына, қос қолымен суды сабалап, бейанарланғанына толқынның кенет осе түсуі қосылып, желмен бірге су бетін сызған әлдебір үрей жоң-арқамды шымырлатып кетті. Келесі сәтте бәріміз қосыла айғайладық. Есітер адам қайда! Шамамен биіктігі бір метрге жете ғабыл толқын жағаға қарай жосыла жоңкілегенмен, бізді жалына көтерген бетте аунақши кетіп, артқа қарай тастап жібереді. Сол сәт келесі толқын көміп қалады. Жағаға қарай емес, тереңге қарай лықсып бара жатырмыз. Су жұтқан, ортадағы үлкен камераға үш жақтан жармасқан үшеу бажылдай, айғайлап барып тоқтадық. Қызға қосыла жылаған тәріздіміз. Бірақ, онымыз бетімізді шайған тұзды судан білгінер емес.

– Бөкен, жағаға қарай құлаптайық. Болмас!

Камераны тастаймыз ба, не?

– Жоға! Мына толқын бізді тереңге қарай қақпақылдан бара жатыр, әрекет қылмасак болмайды. Жүзу білеміз ғой.

– Жүзгеннен не пайда?! Толқын көміп кетіп тұр ғой.

Ой, осылай тұра берсек, қазір қатып қаламыз. Біраздан соң таза шығандап, Алматы жақтан бір-ақ шығатын шығармыз.

Назымның тісі-тісіне сақылдай тиіп, тонғаны, оған қосыла жылағаны үдей түеті. Ықылық атып қояды. Сірә, су жұтқан. Кенет оң қолымда әлдене ұстан тұрғанымды аңдадым. Арақ екен. Ортадан сал төмен. Өзегім

## Серік САҒЫНТАЙ

өртегіп бара жатқанын да сол кезде байқағам. Сәл шалқалай, суға бата-мата жұттым. Жып-жылы екен. Бірақ, шөлімді қандығандай, құрысқан терімді жапғандай, қуаттанып қалдым. Ұлы мұхитта кемелері апатқа ұшыраған теңізшілердің шишаға хат салып, айдыңға дақтырар соңғы жантәсілім әрекеті қапелімде еске түсіпті. Езуіме жымыс ұялады. Қайдағы апат?! Қайдағы мұхит?! Мықтаса үш метрден аспайтын суда жанымыз мұрын ұшына келіп тұр. Белгісіз өжеттік бойыма тараған умен бірге серпілткен. Арақтан босаған бөтелкені аспанға бір-ақ аттым.

– Кеттік, жағаға қарай құлаштайық!

Беліме ораған арқанды жөпелдемеде тексере қозғап алып, жаға осы болар-ау деген бағытқа қарай етпеттей құлаш ұрғаным есімде. Су сабалана батып-шығып, деміккенім есімде. Бір мезет құлағым Назымның жылағаны естілді. Досым екеуіміз толқын жалдарынан секіргенсіп, жүзе жөнелгенде, үлкен камераға артылған.

– Абзал, тоқта, Назымға бірдене десенші!

Не дейін?! Жаным-ау, сабыр етші. Қазір, екі жақтап үлкен камераға шығарайықшы. Кел, демен жібер.

Жылаған қыздың күсеттенген тастай қарынан ұстап үлкен камераға шығардык. Сүйірім тартылғаны байқалды. Күні бойы жып-жылы демімен тәнді алдидеген су мұшша суық болар ма?! Тізем мұздап барады екен. Өлген адамның тәні бұдан жылы болар деп ойладым қос аяғымды бір-біріне шырмап. Күн таңал көкжиекке тақап қалыпты. Қанқуендене суық сызданған Күн астынан ызғар есетіндей. Теріскейден қалың қара бұлт оріп келеді. Үлкен камераға иек арта сәл саябырсыған болдық. Манағы маншан бір метр де жылжымаған тәріздіміз. Сірә, жоғары қарай тербеле лықсыған эскалаторға аяқ артып, төменге түспекке ұмтылған жаның өнімге тірлігі қайталағанбыз. Әлде, жағаға жақындадық па? Толқынның демеуімен серпіліп, айналаға көз тастадым. Көз сүрінер ноқат жоқ. Жаға да, көкжиек сызығы да жанарға шалынбайды.

– Мен тоқтым, белім қарысып тұр. Бөкен, қозғалыссыз тұрсақ, тона береміз. Қимылдайық.

Тағы да арналыс. Жанталас. Назым бүрісе жатқан үлкен камераны сүйреген болып, жаға осы-ау деген тарапқа қарата ентелей құлаш ұрдық. Он минут, он бес, жиырма минут, бәлкім, бір сағат құлаштаған шығармыз. Құлағымнан Назымның өксіп, ықылық атқаны кетер емес. Әлде, өзім бе бұл?! Бір мезет тоқтап, өз-өзімді тыңдағым келді. Жағым қарысып қалыпты. Құлағым белгісіз толассыз гүріл келеді. Арнасы алапат шайқаған алып өзенде беймәлім бағытқа ағып бара жатқан тәріздіміз. «Стикс». Жан-жағым жөнкілген толқын, гүлеген жел. Шым ете түскен кеудемді жарып жіберермен боп тарсылдаған жүрегім су арқылы күллі денемді билеген әлі гүрілмен бірге мына алапаттан құтқарар жаққа асықтырады. Бірақ, ол қай жақ?! Тамырымда қан жоқ екен деймін. Қарысқан жағымды жазып, жұтыным келді. Тілім таңдайыма жабысып қалыпты. Шөл қысып барады. Үлкен камерала су құйылған бөтелкелер бар екенін ойладым.



## Көктемнің молдір тамшысы

Неге тоқтадың?

– Шөлдеген сияқтымын...

– Қайдағы шөл?!

– Қазір...

Кері айналып, үлкен камераға қарай бұрылдым. Құлашты екі сермен барғанмын. Толқын көміп, ойнақшытқан камераға он қолымды аса сүйенгенмін. Қығып, көрі ағаштай сықырлаған мойнымды шайқап, иық қомдап, бойды қармаған суықты қумакқа талпынғанмын. Тек ол қарекетім кері шықты. Камераға асылған бетте үлкен жел тығындағыштың әңтек жұмсарып қалғанын байқадым. Сол сәт Абзал да жеткен. Жалғыз ғана жалт еткен мезетте екеуіміз бір-бірімізге үрке қаралдық. Жүрегіміз дүр сілкініп, тоқтай қалғандай болды. Шүйдемізден тартылған жұлынымыз кенет ширатылып, жотамыз тоқ ұрғандай дір еткен есте. Таастай суық су сорған маңдайымыздан шоқпар тигендей кері серіліп, жалқы мезет – жалт еткен секунд сәттің ғұмырымыздан да ұзаққау сөзіла кеткені есте. Үлкен камера ішінде Назым жоқ еді!

– Назым!

Екеуіміз қосыла айғайладық. Қыздың есімін неше қайталағанымыз есте жоқ. Белгісіз күдіретті күшпен жел шығып, жұмсарып қалған камераны аударып-төңкеріп, қанша тұрғанымыз белгісіз. Кенет айдың ортасында екеніміз еске түскен. Айғайлай жылап, суға сүнгідік. Аласапыран толқын шайқаған су асты көрдей қаранғы еді. Теренге қарай қос қолды серіе сүңгігенмен, су қысымы толқын төсіне лақтырып шығара берді. Жүрегім тоқтап қалған тәртілі. Су жұтып, қақатып-шашылып, ызалана анырағаным есімде. Ұлынан тәртілімін. Дәрменсіздіктен айғайлай анырағанмын. Тілімді тістеп, қап жұтқаныммен сумен бірге. Нәтижесіз әрекетті қанша мәрте қайталадым. Бір мезетте камералардың едәуір үзіп кеткенін байқадым.

– Абзал, Абзал, қайласың?

Сапырылысқан толқын арасынан бір сәт су бетіне қалқып шыққан досымды байқадым.

Абзал! Не болды? Назым, қайда?

Сол сәтте досым көкке қос қолын көтере анырай айғайлаған.

А-а-а-а! А-а-а-а-а! На-а-а-ым! А-а-а-а-а!

– Абзал, қойшы! Қойшы, Абзал!

Ол мені естір халде емес-тұғын. Қолын көтере айғайлап жылаған бетте суға көміліп кетті. Есімді жинай бастадым. Назым жоқ! Енді Абзал батып кетсе, қайтем! Оқые ойдан үрейім ұшып, досымның соңынан сүңгідім. Қара түнек елес шымқанан су астында Абзал қос қолын жайған қалпында батып бара жатыр еді. Оң қолынан шап беріп ұстап, жоғары тарттым. Тұншыға бастағанда су бетіне шықтым-ау, әйтеуір. «Камералар қайда екен?» Су жұтып, кенет нажағайша осын өткен азанты қайғыдан, осы бірліміздің шын өмірлік оқиға, әлде, үрейлі ауыр түс екенін ажыратудан дәрменсіз Абзал талықсып кеткен-ді. Көкжиекті қанға бояп, ұясына байып қопуға әзірленген Күн астынан қарауытқан камералардың сұлбасын көрдім.

Абзалдың ту сыртынан шығып, шашынан уыстай ұстан, шалқалата сүйреп жүзе жөнелдім. Әйтеуір бір уақта жеттім-ау. Теңіз үстін ымырттың ерекше бір қараңғы зіл салмағы езіп тұрды. Жүрегімді де езіп кеткен түнек қайғы менің кеудеме қонақтап, жанарымнан жанталаса еңні, сәніме еңні бара жатты. Құлағым тара бітін, салыққан жүрегім ештеңе де сезбей, белгісіз бір саябырлы сабырмен досымды үлкен камераға тіркелген киім камералардың біріне байладым. Енді батнас. Өзім де толқын ұран сайып тірлек қаға секірісіп қалатын жеңіл желтығындағыштардың екеуін қос қолтыма қысып алып, саусақтарымды бір-бірінен ажырамастай қарман, серейін тұрдым. Қыстың қабағы ашық күндерінің шатырлағы қарды жылдата еріткен кезінде тамшыдан түзіліп, салбырай қатаған сүңгі тәртіп сүңсуық қалпында қатып тұр едім. Ойыма Мелвиллдің «Моби Диндеті» ак киттің кит аулаушылар кемесін күйреткенде табып күшпақтап тірі қалған бейбақ туралы оқиғасы келді. Кеудемнен жан қанып бара жанар ма деп үрейлендім. Сонда да, қозғалуға дәрменсіз мұз сүңгі кейінше, асты үстне шыға сапырылған тозақ қазанындағы қараңғы қор түнекке шым бағып бара жаттым...

Шығыс жақтағы кара бұжыр тасты жағалаудың нынынан жанарынан кан тама қайғырып, Күн шығып келе жатқанда ес жанынан, Қарысып қатып қалған қолым ажырамаған қалпы, қос камераның ортасында бір сүйі өткіздім бе, әлде, тұтас тұмырым өтін кетті ме – тірлек пен өзімнің арасында қанша уақыт тұрғаным белгісіз. Теңіз беті жым-жылас. Жалмауыз көл жемтігін жұтқан соң жанарынан жае тайғанайтын алып қолтырауының көз жасындай молдіреп жатыр еді. Тамағымды кенедім кенет. Әлде не дегім келген. Кімге?! Сол жақ қаптадымнан әлеіз ыңыраған дауыс шықты. Абзал! Сіресіп қалған мойнымды сықырлата бұрып, қол сөзбақ болдым. Дәрмен жоқ. Әзер дегенде әуірімден тебінің, жақыдадым. Тірі, Тіріміз! Әлде, ана дүниедеміз бе?! Көзімді сығырайтып, айналаға қарадым. Бейтаныс аймақ. Күшшығыстан жартасты жағалау көрінеді. Тым алыс емес. Бір мезет Назымнан айырылғанымыз есіме түсті. Бірақ, сол сәт бақытсыздығымызды бағалар хал жоқ болған. Бастысы – екеуіміз тіріміз...

\*\*\*

Бірақ, сол таңнан бастан түнімен тозақ өзенімен ағып, бейтаныс жағалауға шығандап кеткен. ертесіне кешкілік табанымызды тас тілгенше қарамастан жиырма шақырым жердегі үйшіктерімізге титықтай жеткен екеуіміз өзіміздің тірі екенімізге күмәнді едік. Күні бүгінде дейін. Тымық теңізден жартасты жағалауға итшілеп шыққан соң күні тас төбеге көтерілгенше, өлеусіреп жатқаным жадымда. Әлдебір шақта лақалдаған жасыл запыран құсқан Абзал сандырақтай бастаған. Әлдеқайдап шулаған шағаладар оған қосылып, кеніе толқын үстінде тара бітін қалған құлағымды жарып, миға шапшу бөп қадала беріп еді. Сүйретіліп, үлкен камераға жақындадым. Назым жоқ екені анық. Тек «жып-жылмағай су ортасында қалған резенкелен жел қалай шығып кетуі мүмкін?» деген ұлмауыр ой

## Көктемнің мөлдір тамшысы

сүйретін кен еді. Ол мен тірі арасында шалажансар болсам да, жанталасып жатқаным таңмын. Камераның брезентпен қапталған суға жанасар төменгі жағынан алақан сыядай жырық таптым ақыры. Іні суға толмаса да, ауыр тартқан желтығындағышты төңкеріп, жаншып, суын ағыздым. Қабысқан кара резенкенің жырығына қолымды тығып, сипалап жатып, бір қуысынан үйшікке киімімізді тастап, тіскебасар тамақпен бірге ала шыққан шолақ кездікті суырып алдым. Назымның ажалына себеп болған кара кездікті Абзалға кафенің иесі Дархан сыйлаған еді...

\* \* \*

Күмәндімін – тірлігіме, Арада он жыл өткен. Өз жүрегімдегі терең теңізге батып кеткен қос ғашық туралы аңыз жылжыған жылдар дегіне ілесе келген кайдағы бір естеліктер дауылымен қайыра қалқын шыққан еді жадымның тақтасына.

Аймақтық басылымда бес жыл қызмет істеп келемін. Жаздың әлдебір шуақты күндерінде редакцияға келді. Сол естеліктің хабаршысы. Газетке жарияланатын еске алу, құттықтау, қоңіл айтуларға қосақталатын тақпақ-өлең атаулы алдымнан өтеді. Сол тұрыпты кезекті еске алуға өлең жазуымды өтініп, Назымның ағасы келген еді алдыма. Бастанқыда танымай қалдым. Тек қолындағы суретті ұсынғанда ғана жартасты жағалаудағы шулаған шағалалардың шаңқылы мен Абзалдың сандырағы. Назым қыздың өксіп, ықылық ата тонғаны – бәрі-бәрі құлағымды жарып, жүрегіме шапшылғандай. Қыз ағасы сол зауалды күндердің қарсаңындағы қос ғашықтың ең бақытты сәттерінде түскен тойға шақыру билетінің жартысын ұстап келіп тұр еді. Абзалдың суретін еннен, білінбестей, қыздың жанында мүлде болмағандай қылып, қиып алып тастаған.

– Мына суреттің жартысы қайда кеткен?

– Не дейсіз?!

Менің үнім шықпай қалды. Әуелгі сауал кеудемнен кенет шығып кеткен күрсінгенен бірге ақтарылған еді.

– Сіз бұл суретте екі адам болғанын қайдан білесіз?!

Жо-жоқ! Білмеймін ғой. Тек... монтаждалғаны көрініп тұр.

Қыз ағасы орнынан тұрып, үстелімді айналып жаныма жетіп келді. Жетіп келе, жағама жармасып тесірейіп көзіме қараған. Мен тік қарай алмадым.

А, алым! Назымды өлтірген екі жігіттің бірі сен екенсің ғой! Ажалың менен болады! Біреунді құртып едік, сен әлі жер басып жүр екенсің ғой!

Сол сәт есік ашылып, бастық енді, бастықтың соңынан біздің бөлмедегі оқыс шуды естіп, редакцияның өзге қызметкерлері де жетті. Опыр-топыр төбелес басталғандай болып, кенет аяқталды да қалды...

«Апыр-ай, біз Назымды өлтірмен едік қой! Иә, Иә...».

Иә, сол зауалды күндерде Назымның туыстарына қайғылы қазаны естіртін, су бетін сызған қайықтармен, сүңгуір мамандармен бір апта көл түбін қопарып шыққан едік. Табылмады Назым қыз. Қолымызда сол

## Серік САҒЫНҒАЙ

күнлертен белгі болып, екі жүз елу шақыру билеті мен Назымның өмірін сөнісінде көзге киіп келген киімдері ғана қалды. Аһ ұра жылдаған қыз туыстары мен достарымыз жиылып, билеттер мен киімдерді қаланың шығыс бетіндегі қалың қорымның шетіне жерледік. Азғын дүниені ауру жаман шыққан Абзал қасіретті қоштасуға қатыса алмады. Үш апта тура той белгіленген күні ауруханадан шыққан Абзал мен оны алып шығуға барған мені полиция қарсы алып тұр еді. Одан соң іркес-іркес тергеу, айыптау, жылау-сықтау. Өмірден күдер үзді. Тірікке күмән толды. Бөлашағымыз бұлыңғыр еді. Бірақ, барлық шаруа бір-ақ күнде паныалды. Белгісіз себептермен қыздың туыстары айыптаудан бас тартты. Айып дереті болмаған соң полиция бізді қапастан босатты. Тек... Тек сол ел салмақты күндердің бірінде Абзал дос ізім-қаным жоғалып кетті. Елкімімен қоштаспастан, бет алған бағытын айтыпастан жок болды. Үш күн сұрастырдық, ізделдік. Барша болуы керек маңларды шарладық. Ақыры Назымның қабірінің басына барғанбыз. Онда да жок. Қабір басында Назымның жақсы көретін алқызыл раушан гүлдері ғана жатты. Әлі солмаған, Соған қарап, Абзал келді, қоштасып кеткен екен той ден гүйдік. Сонымен тәмам!

...Арада он шақты жыл өтті. Иә, тура сол күні қыздың анасы келін, маған еске алу жаздырар қарсаң, одан кейін газет жария болатын бейсенбі күні — екі ғашықтың тойы болатын күн екен той! «Биресудің құртың едік...». Қапастан шыға жоғалып кеткен Абзалды — жастықтың бастаған асар көп қателіктерінің бірінің кесірінен, бола алмай қалған күнсубалдарының қыздың ағалары суға батырын жіберген екен. Ал, мен ұмыт қылды. Гайынтың жазуымен тірі қалғам. Не үшін?! Бәлкім, осы естелікті жағу үшін бе?! Әлде, қаныяда қаза болған қос ғашықтың бүкіл арман мұратына арқалап, сол боздақтардың көз жасындай мөлдіреп жатқан дүмірет көзден қайыны кешу үшін бе?! Ызмедім... Тірімін!

\* \* \*

...Су бетінде таң бозында көтерілген бозамық тұманшаң есімі Назым елі. Алапаң шайқан, аласұрған теңіз толқыны біздің жастық шағамыз екен. Біздің жүрегіміз де дауылды түні қопарыла кетер теңіз той. Сол теңіздің толқындарының астында талай естелік қойын қаза берді. Тек, санамызға байланып күдірет қылын үште күншар сенімдеріне не болсақ екен.

Тек, тұнық тірлік жағалауынан адасып, мәңгі шексіз тұманшақтарға жоғалмасак екен.

Тек жансебіл көкірегіміздің етегіне қара кезектей қасірет қалалмасақ екен!

Ал, әйрегі тірімін...



## Көктемнің мөлдір тамшысы

### ҚАРҒА

*«Бывают дни, когда человек вселивает в мети ужас...»*

*Жан Поль Сартр.*

*«Ей, ұшып жүрген қара кітап...»*

*Мұхаммет Сәздық*

...Қарғалар өзара сөйлеседі екен. Қарқ-қарқ етіп, қиялай ұшып бара жатқанда маңындағы тамырына әлденені ескертін айтады-мыс. Не айтатынын кім білген?! Өз кебімізге түсіріп, «Қу құлқын шығар?» – дейміз кейіп. «Қарқ-қарқ. Кеттік. Егістік жаққа барып қайтайық, туыстарымыз келе бастаған сынайлы. Бұл қораның маңында аса мардымды тағам жоқ тәрізді, қарқ-қарқ...». Не айтады дейсің басқа?!

Бұл қарғаны әңгіме етпеген жан жоқ болар жер бетінде. «Қарғалар жүр қарда қара нүкте боп...» деп ақындар жырына салып, ойын тұздықтады. «Сен бақыттысың, күллі дүниенің үстінен санғыты-еп, қарап отырған...» деді. «Қарғам-ау, сен қалайсың мен дегенде...» деп биіаз басталып, шырқай кететін әнді есітіп келеміз ертеден. Ая, қарғалардың сөйлесіп жүретін туралы әлдебір орнитолог-жазушының, әлде, ғалымның кітабынан оқығанбыз. Жазушымыз Несков па, Зверев не, әлде, Сетон-Томпсон ба?! Ая ғалым, тіпті, онда жоқ. Ойда тек қарғаның сөйлесетіні ғана қалыпты. Қарғаның тілін кім ұққан?! Тіпті, сөздік қоры бай халық болсын, одан не табамыз? Қазақтың тілі байи ма одан? «Қарғаның тілімен айтқанда, Сіз, қарқ...» деп басталатын әңгіме не береді бізге? Сөсын, мақал-мәтел, Қарға туралы. Аз-маз бар екен. «Қарға қарғаның көзін шұқымайды». Бөк шұқығыш қарға жапындағы дастарқандасының көзін шұқығаны туралы факті тіркелмеңгі тарихта. Әйтпесе, казак айтатын еді: «Қарға қарғаның да көзін шұқиды» деп. «Қарға баласын аппағым дер, кірпі...». Қарғаның тілінде «аппак» деген сөз бар шығар? «Төзған қазды тоңтанған қарға алады». Көне түркі мақалы. Үлдей берсем, біраз табатын тәрізлімін. «Қарғалы» деген ауыл да бар. Ақнағаяу жағында болатын. Қарғасы көп болды ма екен? Әлде, этимологиясы қарғаға қатысы жоқ, әншейін дыбыс үндестігіне қарап, біз солай ойлаймыз ба? Қайткенде де, қатысы бар болар...

Қарғаның түрі, тұқым-атасы жайлы да таралып әңгіме қылса, бір тап отыруға болатындай. Ұзақ қарға, ала қарға, көк қарға, құзғын, іт... Өзара жамағайын, туыс, жекжат, әйтеуір, бір қарғатамырлы журап. Біз де, «Қарғатамырлы казакпыз» дейміз. Сірә, қарғаның ұзақ жасайтынына қарап, тегіміз алыстан туысатынын мензеп айтармыз...

Қарға туралы, осы замандағы кез келген құзғын туралы айтқым келсе, аталарым есіме түседі. Үш жүз жыл жасап келе жатқан кәрі қарға атамның ағасын көрген шығар?! Көктемеле жасыл шалғынды жапырып, жазға қадам басқанда, қылымыр қыста, жайлауы қыркылған күзде қарқ-қарқ етіп, құрығынан үркіп ұшқан шығар?! «Ей, құзғын, атам жайлы айтшы маған! Дайтың маған, әжелерім жайлы, әжелерім туралы. Атамның мен

көрмеген мыңғырған малы мен аңсақ төбеттерін. Қыс қыстауы мен жаз жайлауы қандай еді?! Арқаның қожыр-қожыр тасты қоңыр тауларының бұйраттарынан қашқан түлкі-қарсағы мен ізім-қайым жоғалған киіктер туралы айтшы...». «Қарқ-қарқ. Қарр-ққ. Гғарығк. Кіғар-рррк» дейді қарға. Айтты-ау деймін. Мен ғой түсінібейтін. Адамның тілін әзер ұғамыз. Қарғаның тілін қайдан білейін. Бірақ...

Бірақ, бірде қарғаның аузынан, жаңылам, тұмсығынан шыққан үнінің бәрін ұға кеттім. Бір топ қарға еді. Жабыла жалбарып аңдары, шырқырай шыққан үндері керемет ұғынықты еді. Қарғалар адамнан да түсінікті тілде сөйлейді екен...

\*\*\*

Сарыесіктің жазығы Қояншоқыдан өзенге қарата қолдыра шопті, ерменді боп кетеді. Топ тобылғысына қараған араласа, күбі ыстар майлы бұта тікенекті тапал тоғайға айналады. Еспе күм да емес, топырағы майлы. Бірақ, қолдыра шөп, жусан басқан. Мұндай топыраққа қолдыра байланатын, шалғынымен шұрай бітетін. Совхоз ыдыраған соң төрт-бес жыл жапырылмай жатты. Бір жылы өртеніп кетіп, келер көктемде қолдыра ту бітіп, жасыл жазираға айналар деп күткен ел. Олай болмады. Тусырап, шала иленген тулақ құсап, қаудырап жатты. Тобылғының түбірі қалып, қарағанның қаңқасы жасыл тікен-тырнағын сойдитты. Арыған өзеннің жел жемірген жарына қаңбақ паналап, қаңғыбас құйын шап көтергенде бұлғаққа араласа кететін. Сол жазықты былтыр ерте көктемде Жәкем әкімнен қағаздан, қалап алғанда біздің ауылдың білімшітері жағасын ұстады. «Қу тақырға қала салайын деп жүр ме? Анау жылы қарбыз еккен кәрістер темекі өсіріп, оған жуа ма, шияз ба, әйтеуір өздері қуырып жейтін ашы бірденелерін қоса отырғызып, ақыры шөп шықпастай ғып кеткенін біледі ғой». «Әй, бұл түйе асырайын деп жүр». «Түйе асыраса қуырдаққа қарық қылады да...». Жәкем ауыл көшесіндегі пыш-пышты елен қылған жоқ. Екі ұлын, оларға мені қосып, қолыңа тиіп ап, жазыққа тартты. Сонау жылы кәрістер паналаған вагонның салабасына барып, тұмсық тіредік. Кинодан көретін Американың әлдебір штатындағы несіз түлей түз елес берді. Жұлынына бұлғақ кіріп, бұдан боп кеткен мақұлықтар жан-жақтан келетін енді, сілекейін шұбыртып. Әуелі үрке қарайды. Сосын, сәл қозғалсаң бодды қомейінен зілді күреңіс секілді үн шығарып, дір-дір етсе қалады. Келесі сәт... Жо-жоқ, ондай ештеңе де болмайды. Менің сырқат санамнан туған қиялді елестер қозғала бастағанда Жәкем тіл қатты.

– Мына ел мені ақымақ санап жүр. Өздерінің шайнам ақылары жоқ. Бұл жер өздерің сегіз-тоғыз оқығанда суармалы бақша болған, естерінде ме? Жылына бірер мәрте қаладан әкелетін қарбызға, қапустаға мәз боп жүргенде, бір жылдың ішінде қолдыра түйнектің астында қалып едік қой. Әй, Әділ, қарбызды сұрап бір, ұрлап екі жеп, ішің өтін, шайдың самасын шайнап, әзер тірі қалғанын есіңде ме?..

Ол, әрине, менің есімде. «Сонда Жәкем кәрістер құсап, қарбыз отырғызбақ қой...».

## Көктемнің мөлдір тамшысы

– Өзеннен тартылған тұрбаның сілемін көрдіңдер ме? Әлі ешкім қазып алған жоқ. Қазбай тұрғанда мен басып қалдым. Озі – нержавейка. Бір су соратын мотор аламыз да, өзеннен су айдаймыз. Суармалы бақша жасаймыз. Ел құсап, картоп, қияр салмаймыз. Күнбағыс отырғызамыз. Ано-о-оу жарға дейін (колымен Төрешоқы беттегі сирек тал біткен жарлауытты нұсқады) үлкен плантация болады. Күнбағыс жайқалады әлі бұл жерде. Пістесіне тоясындар. Сусыз жерде қуырып, сулы жерде асып дегендей. Сабағы да іске асады. Шекілдеуіктің майын шылқытып шығаратын зауыт саламыз. Қытайдағы досым май сығатын аппарат әкеп берем деген. Қалбаға да тоясындар. Түсінікті ме? Ел оттай берсін...

Таңдайымды суырып баражатқан тәтті қарбыздың дәмі шемішкенің қабығы боп жабысын қалды. Алғашқы күндер ат шаптырым алашты қоршаумен кеткен. «Сұғанақ снырдан, оқалақ бұған мәлік келтірлерден». Ол екі арада Жәкем қаладан екі қап дәп әкен, жер жыртып дегендей, мотормен су шығарып, жұмысбақты боп кетті. «Күнбағыс үшін де жер жыртады екен-ау» деймін інімнен. Ақыры, дәп себу басталды. Қаптан бір шелектей қуырылмаған ащак дәнді етегіне толтырып алып, Жәкем алға түсседі, соңында біріміз дәндерді таратып, екіншіміз көміш, ерін отырамыз. Бейнет. Іш пыстыратын, көзге көрінбейтін жұмыс. Ақыры, аяқтадық. Қаптағы қалған шикі пістені шағып жеп, қарық болғанбыз. Тоқымдай жерге картоп егілді. Алашадай жерге қияр, тебінгідей жерге сәбіз сіңірілді. Қоршауды жағалай қарағаш шыбықтарын қададық. Сонымен, тамам. Мен қалаға оралдым. Жәкем балаларымен ауылдың алып-қашпа әңгімесінің өтінде қала берген...

\* \* \*

...Қарғаны қолға үйретіп, жемдеп, тұқымын сұрыптап, қап-қарасын аласымен будандастырып, жыл аралатып тағы сұрыптап, бәлкім, қараңғыда ұстай ма, ғаматына маңызды мәзір ойластыра ма, қайткенде де ақ қарға тұқымын шығаруға бола ма екен? Ақ қарға, Шағаладай, «Аккудай» деуге ауыз бармайды. Тұмсығына дейін ащак болса. Бұлар өзі неге қап-қара, менсіз мақпал қара, түнінің мәңгілік түнектің түсіңдей болады екен? Мынау ақ дүниенің алғаусыз ақ кеудесіндегі дық секілді қап-қара дақ, ноқат. Қара мен. Бәлкім, ақ дүниенің қаракотырланған жарасы ма? Адам баласы өзімен ежеттес мақұлықтардың жасын сұрайтыны туралы аңыз бар еді ғой. Сонда маймылмен шектеле қалмай, қарғаның жасын сұрап, оны жаратушымыз бере салып, содан қарқ-қарқ етіп, тұмсығыңды пәжіске тығып... Жо-жок! «Қарқ-қарқ етін қарға ұшқанда басымнан өкінгенмін, өстіп талай басылғам...» дейді ақын дос. Нелен өкінді екен? Жасының кемдігіне ме? Әйтеуір, қарға туралы әңгіменің бір шеті өкінішке кеп тіреледі. Қалада, далада да күзғын көрсен, ескі бір елестер тірілетіндей. Сол жылы ауылға барып, күнбағыс плантациясын қорығандағы өкініш естен кетпес...

«Айда аял жок, жылда...». Бір айдан астам өткесін каладан келдім. Сағынбаппын ауылды. Білмеймін неге екенін? «Күнбағыс плантациясы не болды екен?» деген ырыксыз ынтық қана бар. Ауылдағы үйдің есігінде құлып тұр. Көрші сары тісін көрсете күлді: «Көкей бақшасында, Байлығын қорып жүр. Қатын-баласымен көніп кеткен». Жүк дейтін жүтім де жоқ-тын. Шүмектен су сынығып аял тартып отырдым. Ынтазарым күшейіп барады. «Бәрі кеткеніне қарағанда, жұмыс қырғын болар? Тәтем де сонда болса, рас солай болды ғой...». Ойлап анық қыяс кетпеген екен. Сарыесіктің тапал шоқысына шыққан бетте соналайдан көзге шалынды. Плантация. Кинодан көретін күнбағыс плантациясы. Етегі жұсап түсеті боз жасыл, сәл ырғалған бастарынан сары күлтелі жапырақтары тұтасып, тұсырған далаға өзгеше ой берген. Тұра жүгірдім. «Жәке, жарайсың! Қызық болды ғой!».

Түс әлеті болатын. Демалып жатыр екен. Жапырлай амандақашымен, қабақтары сәлең. Қуаныш, туысын көргенде жып-ойнар жапыр жарқылдып іздеп, бәріне қараймын кезекпен. Жүздері шаршауы, жапырларында парасыздық бар секілді. «Не болған есидерге? Жұмыс ауыр ма? Керемет шығыпты ғой?» деймін асыға. «Е, қазір көресің қызықты» деп Жәкем. «Қызығы» расында қырғын боп шықты. Түскі астан кешіккесін, жазып тұйындағы майы қаға бастаған ешкі етінен бірер мәрте қарбызқашым сол еді. Жәкем балалары бір-біріне елендей қарасын, сыртқа ата-ата шықты. Мен де ілестім. Өзен жақ беттен күс қайтарда топталатындай қарқұрымданып, жүзеген қарға келеді қарқылдай ұшып. «Қарқ-қарқ. Жан-жақтан қаумалап, естерін тандырайық. Қарқ-қарқ» деп-ау деймін бірі. Оша бәрі қостаған секілді. Әп-сәтте сабақтары піете тұнған қауанығын әзер көтеріп тұрған елтегік алабына, күнбағыстардың пілген бастарына жапырған қона бастады. Бауырларым шағырдың іргесіндегі бос шелек, бақыраш-тестендерді, бір-бір шыңдауыл темірді ала-сала атандай ұмтылған. Қарғаның қарқылана шың темірдің қаңғыр-қуң ірі қосылып, аспан асты айдай сүреп күңкүге толды. Салыға шаршаған Жәкем «Неғып тұрсың? Қорудың бе?», дегендей мұңая қарады...

Қарағашқа ұя салған, болмаса, қар үстінде күреске түсетін бадуандай талтандан жүрер қарғаны талай көргенмін. Қара нәлені күнбағыстың басына қонғанын тұңғыш аңдауым. Күнге мойнып созып жетіп, күнжарасы төланда, пістесі пісіп, піскеніне қысылғандай басы салбырай кететін, жасыл түгі дымқыл шырышып шылағып тұратын сабағы қатып, қуыс таяқ қурайға тарта бастаған күнбағысты үй қазырын аулар маңықпен мойнынан ашып қылыпшеп бір ұрып, жерге топ еткізіп, жинайтаныбыз. Сол «өйдің басты қылып кесілес болар» деп тұрған бейкүна сидін сырыққа, сырықтың басында салбыраған пістелі табаққа қарғекен жарбынан қона кетеді. Қона кетеді де, сол аяғына салмағын салып, оң сирағын ыран-ыраған, сояу тырнағын бағыра құламастай жайғасады. Сосын, төменге ұшып, піле кетіп, шоқын ала бермек. Шырт еткізін шаққаны келеді (би) шыққанындай. Жер жарылып, су аққаны пісте шағып жүрген секілді. Кейде жапына тақай келсең, қып-қызыл көзімен ата қарап, «қарққ» дейді де, аспан а атылады.



## Көктемнің мөлдір тамшысы

Есіл еңбек – рәсуа. Жәкем жыларман. Балалар шаршаулы. Қарға қаптап келеді. Күн санап көбейетін тәрізді. Жеке-жеке топқа бөлініп аң, бәсекені қыздырып жүрген сынайлы. Жарты жалғашып күзғыны осында шығар. Қара түннің қалақтай-қалақтай қиындылары аспаннан тамшырай түсіп, жарықтың жүзіне қалалып жатыр. Күнбағыс күннің көшірмесі де, қара қарға түн-түннектің елшілері секілді. «Әлімсақтан осылай. Ақ пен қаранын шайқасы». Мен сол айқастың бас кәуегі тәріздімін. Дәрмен жоқ...

Шарасыздық шалдықтырған Жәкемді ауылдағы Қабыл досы іздеп келсін бір күні. Қап майданын өтіңде жүргенде келді. Қараборбайланып, қажыған бізге мысқылмен қарап тұрды-ау.

– Осы қарғадан құтылудың амалын айтсаң, не бересің, Жәке? – деді сәл тыныстан соң.

– Е. сұрағаныңды ал...

– Онда, маған үш қаз үйітін бересің.

– Қаз сөз боп па, үш жүз қарға қосып үйітін берейсің. – дейді Жәкем күйініп.

Қап, арзандау айтып қойдым. Дегенмен, барға қанағат. Ал, енді бәрін бері келіңдер, – деп, бізді ашық алаңға бастады білгішбек. Қарғалар назар аудармасымызды аңдап, хан талпайды қыздыра бастаған.

– Қарға аулау білесіңдер ме?

– Білеміз, білеміз. Тұзақпен... сакпанмен атып аламыз... Төрмен аулауға болады...

– Онда бәрін жабылып, он шақты қарға ұстап әкеліңдер. Бұл – бірінші жұмыстарың. Жәке, жүр совхозға барып қайтайық.

Үлкендер кетісімен жаңа ауға – үлкен жорыққа аттанардай қамдандық. Әліл тіпті, бет-аузына қара бояу жағып, үндістердің ұрыс алдындағы биік салып, ойқақтап қояды. Өзеннен кеше салған ауды алып келдік. Паршалап, бөліп алыстық. Біріміз сакпан сайладық. Торды бірнеше күнбағыстың басына шәліше орап, бір ұшын жерге қазықпен қағып, атпен тартсаң шықпастай еттік. Сосын, тұзақ, тор құрылған «мишаланған квадратқа» қуа бастадық қарғаларды. Айналасы бір сағатта он үш қарға пұшайман боп тұтқынға түсті. Сол сәт Сарыесіктен Жәкемнің машинасының шаңы көрінген. Тұтқын қарғаларды сирақтарынан тізіп, бар сән-салтанатпен қарсы алдық. Тәтем үйде қалыпты. Жәкемнің көзінде ұрлықы ұшқып ойнайды. Әлсіз-әлсіз жымын қоя ма, қайтеді?! Сірә, отты судан жүздік. Қабыл да жымыңдап, бізді марапаттап жағыр.

Машинадағы музыкальнй аппаратты түсіріңдер.

Біз бір-бірімізге үрке қарастық. «Дискотека?!».

Болайдар, ей! Моторды қосып, аулақтау анарын, сым тартыңдар шатырға. Қазір студияда «Алтын қорға» әншілердің даусын жазамыз.

Түк түсінбеген қалымызда Жәкем көктемде кредитке алған күй-сандықты шаң-шан шағырдың төріне жайғастырдық.

– Қарғаларың семіз екен. Қазір көреміз бұлардың әуеселесін. Ұлдар, сендер қарап тұрмай бір-бір шеге, біз алыңдар қолдарыңа. Қарғаның қос сирағынан, қапатынан байлап, керіп тастаңдар..

Күйиялы қойылымның мәнін енді түсіне бастаған тәрзідімін. Бірақ, күйсандық неге керек?! Он үш қарға шатырдың ши тоселген еденіне керіліп тасталды. Дауыстары жалынышты шығатын тәрзіді. Тегін пістеге семірген талтаңбайлар тағдырлары не боларын ойлайды ма, бастарына төнген зауалды күнге екінші білдіре ме, қайткенде де, үндері жасыған. Тыныртышыр етесіп, сабаланып, шатыр ішін шаңдатып та жіберді.

— Қазір бастаймыз. Мен мына магнитофонға, таспаға жазуды бастаған сәтте қолдарыңдағы шегемен қарғаларды басқа-қозге қарамай піскілейсіңдер. Дауысынан қорықпандар. Бәлемдердің үндерін жазып алып, басқа қарғаларға тыңдатамыз. Сосын, келіп көрсін бұл маша! Ал, кеттік...

Күйсандықтың тегі шыр ете қалғанда Жәкемнің қолындағы көр шеге алдындағы қарғаның төсіне кіріп етіп қадалды. «КҒҒҒ-ҒҒарrrrrr!» деген аса аянышты үн құлақты тесіп, миыма шағылды. Орнымнан қалай ұшып тұрғанымыды білмеймін. Бәріміз сілейіп қалыппыз. Төсіне темір кірген бейбақ күйка шымырлатар үнімен бебеулеп жатыр. «Не қарап тұрсыңдар!». Қабыл айғай сала ұрандап, менің қолымдағы бізді жұлып алып, жерде сілейіп жатқан қарғаға пісіп-пісіп жіберді. «Қrrrrr-ҒҒаккк! Қккк-ҒҒаррк! Қакк-қакк!». Қарға жылап жатқан секілді. Қарға жанына батқан жарадан аһ ұрып, айғайлап, көмек сұрағандай болды. Сол сәтте қаңды тонадан басталды да кетті. Он жақтан да, сол жақтан да тозақ үні, топырлай шаңдатып, қарға өлтіру ойыны қызып жатты. Қолыма қайдан ыліккені белгісіз. Әлдебір қисық шегемен бір бейбақты мен де піскілеп-ақ жатыр екем. «Жетер!», Жәкемнің дауысы. Қона, бет-ауыз, киімі қап-қап. Қаныраған қарғалар жабыла жалбарынып, ойбайлап жатты. Мұндай зар-зәһар дауысты туғалы естімеген екем. Қолымдағы қисық шегенің татпаған ұшынан қап-қара қап тамшылап тұр. Құлағымда тозақ үні. Қарғаның үніне Әділдің бақыра жылағаны қосылды. О, бұл несімен бақытсыз үн еді! Қара қауырсындары шашыла, жұдырықтай ғана денелері қаңға мал-шынған бейбақтар өзара бақұлдасып жатты-ау деймін. «ҚҒҒ-Ғркк. Олдім. Өлдім. Өлдім! Қарғыс атсын! Қарrrrr-Ғғыс атсесын, адам атаулыны! Қкккқайдасыңдар, балапандарым? Өлдім!» деп, зарлады бір кәрі құзғын. «КҒҒаааа-ааа-аааа! Қап! Қарrr-Ғыс тіледім!» «Өлдім! Өлдім!» деп жыласты қарғалар. Үш жүз, үш мың, үш жүз мың жылдар бойы бойына жинап келген қаралы қарғыстар ағылды қарғалардың жүрегінен. Тозақтың бар тұрғыны арқалаған аһ ұрған ажал зары тоғиді қарғалардың үнінен.

Қабыл қап-қап қолымен күйсандықты тоқтатты.

— Қарғаларды шығарып, босатып жіберіңдер. Неге сілейіп тұрсыңдар!

Жәкем тілін жұтқан адамдай түнеріп барып, қарғаларды далаға ақтарып тастады. Үлкен ұл балтамен жіптерді қиды. Төрт бейбақ әлсіз қарқылдай, қалбаңдай ұша-қона күнбағыс арасына сінді. Қалғаны қиаттарын сабадан, орындарында тыпырлайды. Дауыстары жыламырай шығып, ақыры тыншыған болды.

Жаксы жазылыпты! Магнитофонның керемет екен. Бәле. Әділдің де дауысы араласып кетіпті ғой. Ха-ха-ха! – Қойылымның бас режиссері айран-асыр, мээ-мейрам.

## Көктемнің мөлдір тамшысы

Әлгінде ғана өз қандарына тойған бейбақтардың жан тәсілім етердегі үндері таспаға ап-анық жазылыпты.

— Магнитофонды далаға шығарыңдар. Бар даусымен барқырата қосыңдар. Тыңдасын құс атаулы!

Қабыл арман ісі орындалған жандай разы рауіште. Жәкем мен үлкен ұл сүйрегіліні барып, күйсандықты тысқа шығарды. Аспан астын тозақ үні тігіретті тағы да. Сол сәтте...

Сол сәтте Сарыесік алабын жайлаған қарға атаулы таспалағы тозақ үніне қосыла қарқылдап, өзенге, одан әрдегі қоңыр тауларға қарата атылған бытыраша тым-тырақай ұшты.

...Қарғалар өзара сөйлеседі екен, Оңара тіл қатысып, жанына жаққан жайды, жанына батқан қайғыны бөліседі екен.

Кешкісін қос басында Әділ екеуіміз қалың, өзгелер совхоз орталығына оралды. Қабыл қарғаға ажал әкелген қаздың өзі ертең ішер сорпасын мақтап, Жәкеме «қара пәледен құтылғаныңды жуасың» деп қоліңге жайғасты. Біз екеулен жүрпін, қарғаларды көмін тастадық. Қалың а стінгендері таптырмады.

\* \* \*

Сол жылы Жәкемнің шекілдеуік майын шығаратын шағын зауыты іске қосылды...

Күйсандық күніне төрт-бес мәрте ойынатылады...

Сарыесік алабында қарға тұрмақ, құс атаулы қалмады...

Келер жаз Әділ бала суға кетіп қайтыс болды. Тәнін таба алмадық...

Ойыма Құран Кәрімдегі «Мәида» сүресі шертегіні ескі аңыз оралады:

«Мұхаммед саллаллаһу ʔалайһи уа саллам оларға Адам (ғ.с.)-ның екі ұлының әңгімесін шынайы түрде оқы деді. Сол уақиғала екеуі Аллаға жақындық үшін құрбан шалған еді. Сонда біреуінен қабылданып, екіншісінен қабылданбаған еді. (Құрбаны қабылданбаған Қабыл еді) Әлбетте, «мен сені өлтіремін» деді. Сонда Әбіл «Алла сөзсіз тақуалардың құрбанын қабыл етеді» деді. «Сен мені шын өлтіруге қол созсаң да, мен сені өлтіру үшін қол созбаймын. Күдіксіз мен әлемдердің Раббы Алладан қорқамын!». «Сөзсіз мен, сенің өз күнәңмен менің күнәмді жүктеп, тозақтық болуыңды қаламаймын. Осы, залымдардың жазасы». Сонда оның нәпесі туысын өлтіруге қызықтырды да ол, оны өлтіріп, зияна ұшыраушылардан болды. Адам (ғ.с.) егіз ұл-қыздарды ауыстырып үйлендіреді екен. Бірақ, Қабыл өз сыңарымды аламын деп, Әбіл екеуі сертгесін, құрбан шалғанда құрбаны қабылданбаған Қабыл, Әбілді өлтіріп, қайтерін білмей қотеріп жүргенде, күдірет күші жіберген екі қарға таласып, бірін-бірі өлтіріп, көмгенін көріп, комеді). Сонда Алла, оған туысының өлігін жасыруын көрсету үшін жіберген қарға, жерді қаза бастағанда: «Әттен! Маған не болды? Туысымның денесін көмген қарға құрлы бола алмадым ба?» деді де, өкінушілерден болды...».

\* \* \*

«Ей, қарғалар, аталарым туралы айтындаршы маған...»

## АҢ

...Қара түннен кабарып туған елес еді.

Алапат үлкен де емес, тым кіші деуге де келмес. Тырыған арық, терісі сүйегіне қынаша жабысқан. Түп түпегінен де өткен қап-қара еді. Қып-қызыл көзін Тәнірім жаратарда тозақтың бір түйір шоғымен қарып жіберген тәрізді. Көз емес еді ол. Ол мәңгі жазылмас жара еді. Тісі ше? Ақсиган сары тістері сак-сак етіп, көмейден лықсыған ашу-ыза толы арылды қайрап, жанып, жонып, сүйгіше кезеп шығарғандай. Оң езуінен салақұлаш тілі, тілден шұбырған жын-күсық та қоса ақтарылған. Онеміне дегенше, сақылдаған тістері тілін турап жіберіп, аяғының астында аунақшыған тонырақ топанына араласып кетердей. Айғай-сүреңге басқан қарулы топтан жанталаса қашқан ібіліс үш-төрт қырдан аса алмады. Сонынан ысқыра жеткен ып-ыстық оқ шүйдесінен дөп қадалып, басын жарып жіберген сәтте ақтық рет көкке атылып, бес-алты домалап барып, жантәсілім еткен. Қуғыншылар әп-сәтте жетті. Тозақ өртінен отқа оранып шыққан ібілістің гәнінде қылтанақ қалмай үйгітілген екен. Аңшы етігімен төсінен бір теуін, аунатып жібергенде шок қарып, пісіп қалған табандары сояу тырнақтарымен қоса түсе-түсе қалды. Адам алақанына жетеғабыл төрт табан енді жер баспайтыны анық еді. Сояу тырнақтар да қаһарлы несінің әмірімен азығыншың аққымын орып түссен!

\*\*\*

Ырғалған топты қамыстың үкісі желге ұшып, сабағы қатып-семген қысыр күз. Аптанты жаздың ақырғы демі жалын атқан кез ауыл іргесіндегі Сасықкөлдің де табаны тілінің, қақтанып қалатын. Бір тамшы су таппайсың. Көктемде аққу ұшып, қаз-үйрек айдынына қанат жайған деп кім айтады? Тек қонасы қалып тұсында таңда түтін тәріздес дем шығаратын алақандай ғана батпақ қалар. Жазғытұрым алты ай жамылған тоныңың тігісі сөгіліп, тонынан бу бұйраланып, жігі ыдыраған даланың барша суы жылғаланып, құйылар еді Сасықкөлге. Қона-қорысына үйрек-қаз ұя салады. Таннан Күн әулие үйіне қайтқанша батпақты көлшік үсті қаз-қасқыл, сұқсыр-сұңқылға толады. Әріден әуіп-дөңкіткен құмыққап үні, беріден шегірткенің шекетіз шырылы түнге ұзатады мезгілді. Сол күндерді аңсап, кенезесі кепкен Сасықкөл тамыздың соңы, күйектің басында қылуетке түсіп кеткендей жер астына жасырынады. Құспен бірге көкке ұшып кетеді буланып. Қамысы қаудырап, қағы қаудырап, жынысы тамыр-томар кемірген сұр тышқанға бұйырады. Аумағына ауыл қонғандай қамыстың табанынан дымқыл дым, жанарынан жасы кеткенмен ық жағына шыққан демала алмай қаласың. Сасықкөлдің өзі жоқ болса да, ісісі қалады, жарықтық. Білетіндер қалың құстың саңғырағы, қорши ауылдағы соқыр шалдың көктем сайын жоғалатын малының өлекесінің ісісі деседі. Ауылдан қанып шығып кетіп, батпаққа батып қалған тайынша-торпақ та



## Көктемнің молдір тамшысы

бар, мал жоғалса осы қамыстан іздендер деседі ел. Айтқыштар бірақ, аяқ баспайды бұл тұсқа. Әлдеқандай үрей айтысады ел. Біреулер таң бозында қамысқа енген топты шайғанды көрген-міс. Бірсаған арық, сүмірейіп, сүмшіп қалған, бойлары бес-алты жасар баладан сәл ғана озыққы екен. Түн ауа бәйгетөбе жактан алтыбакан теуіп кайтқан қыз-бозбала қамыс арасынан жоқтау айтқан әйелдің зарын естіген-міс. Бәрі бірдей естіген. Бойын желік билеген біреулер барып, көрмек болған. Молданың немересі болмаса, барады екен де. Сол алып қалған. «Жып жайлаған қамысқа бармаған абзал» деген молдекенің тақиялы перінтесі.

Сол Сасыққол. Сасыққолдің күпиясы бір-ақ күнде ашылды, керісінше, жылдар бойы елдің бай қылынан тамызық алып келе жатқан қамысты қорыс-қопа бір-ақ күнде тып-тынып жойылды.

Тамыздың шырны тастасан лап ете түсер антанты сәттерінің соңы күзге ұласқан, әлде, қыркүйек, әлде, қазанның шыбынсыз жаз күндерінің бірінде Шәкеннің ауласына көс «джин» автокөлігі кеп тоқтады. Шәкеннің қаладағы байшыкеш құдасы екен. Әкім атауды, бай-билан бәрі жаппай аңшы боп кеткен, қаладағы сасық байлығынан жерігенен, дала кезіп кеткен кет. Бұлар да сол қатардан. Балық аулай шыққан, күс атпақ. Ніл сауырлы көс «джинің» жүксалғышы толған оқ-дәрі, ау-қармақ, арақ-шарап, азық-мүкәммал. Құданың мойнында дүрбі, басында қақырайған пин қалпақ. Құсқағары төрт қанат күз үйдің шаңырағындай қовбой-қалпақ. Белге тізесін соқтырып, екі-үш қанжар ілген, оң нығынан оқиантай құлатқан. Үшінші дүниежүзілік соғысқа аттанып бара жатқан сынайда. Маң, Маңғаз. Шәкең қалбалақтай қарсы алды.

– Уа, құда, қош келдіңі! Апырай, кешегінің батыры сіздей-ақ болған шығар. Пай-пай!

Құдасы да қарқ-қарқ етіп, Шәкенді қансыра құшты.

– Құс ағамыз, болмаса, бөтелке ағамыз. Тіпті, болмаса, құданың бір тоқтысын қауап қып қайтамыз деп келеміз, Шәке!

– Ой, соның барлығын бірге көрген абзал шығар! Ал, төрлетіңіздер! Біз сусын ішкенше, бала да малға барып келер...

– Құдеке, ештеңеге зуре болмаңыз. Таңдайымыз кеуіп келе жатқан жоқ. Татып жүрген дәм ғой. Қайта Сіз бізге еріңіз. Азығымыз жолда деп шыққанбыз.

Шәкеннің құдасы кіреберістен қайтты. «Құда деген үйге бае сұқпаушы ма еді! Бірақ, бақайшағына дейін қаруланған пәленің үйге енгені де жаман ырым. Қазақ қылышының тастап кіруші еді ғой. Кірмесе, кірмей-ақ қойсын...». Оң-сәтте дайын болған Шәкенді қоліктің алдына жайғастырған аңшылар момақан ауылды шаңға қақалтып, түзге тартып отырды.

Құдасына «екі күн бойы табаным тартып жол жүретіндей, алақаным қынып әлдекімге амандасатындай болып жүр едім» деген Шәкеннің таңы айырылған екі күн дала кезумен өтті. Ұшқан құс, жүгірген аң көзге ілікпей! Ақбөкені ауып, арқары іржелгі полигон уынан арам өлген түлей түз, тарғыз тауда неғылған аңшылық?! Ақыры, сіледері қағып,

ашиқтары түгесіліп, соңғы бөтелке, бір білек қолбасамен ауылға тақай кеп. Сасыққолдан тұсына ат шалдырған. Оны-мұныны айтып, бірер сағат отырып, шөлмектегі уды тауысып, көлік жіберіп, ауылдан арақ алдырған топты аңшы масайрап отырғанда Жыңды Жақай келді енгізіп. Үсті-басы шап-шап әруей кезінде аруақты көкпаршы, айдарлы балуан елі дегенге кім сенер?

Көкелер, өлтірмесендер, ауыма су тамызыңдаршы!

– Өй, не болды? Сен іншеуі ел ғой?..

Жок! Ішем! Дәл қазір! Бір ажалдан қалдым!

Жақай жылан жіберді. Шәкен әлемі отырысты қимағанымен, мына бәлелерден қалай құтылам деп отыр еді-ау.

– Ойбай, құйындар мынаған. – деді құдасы.

Балана боздаған Жақай қырлы стақанды басына бір-ақ көтерді.

– Уф, – деді сосын, бір ажалдан қалдым! Қасқырға жем бола жазладым!

Екі күн тірі аңшың қиын көрмей, сәй-саланы шөлмек шыңысына толтырып келе жатқан аңшылар «Қайдаласын!» атып тұрды орындарынан.

Өй, жыңдының сөзіне сеніп! Ғй, қайдағы қасқыр?! Бұралқы иттен қорқыл қашып келе жатқан шығарсың, малтұн неме!

Шәкен басу айтқанымен, құдалар тобы тік көтеріліп, Жақай ботадай боздан, ауыл іргесі азан-қазан боп кетті.

– Шын айтам, көке! Дәу қасқыр, мына қамыстың ішінде. Мен бұзау қарай шықкам. Осы қонаға кірген шығар деп, сиыр соқпақпен тау жағынан сәл ғана бас сұғым қарағам. Бұзауымды паршалап тастапты. Мені көріп, тап берді. Бақырып, қана жөнелем. Ашыққа шығып үлгердім. Әйтпесе, өлген өкем, сорлы басым!..

Жүр, баста қасқырға!

– Жок, аға! Бармаймын!

– Айттым ғой, бұл жыңдының сөзіне сенуге болмайды!..

Аңшылар тәжікелесіп бес-он минут тұрған соң, ақыры қамыс ішінде бұралқы ит болса да атпақ боп, мылтықтарын сарт-сұрт оқтап, атқа қонысты.

Сасыққолдың тау жақ тұсында сиыр соқпақ бары рас-тын. Шәкен еріксіз сонда бастады құдасын. Қаланың байын сасық баннақты қорысқа апаратынына қорынанымен, амал жоқ. Қонаға кірерде құдасы өзі алға түсті. Жиырма шақты қадам жасаған бетте алға түскен батыр қикан қазықтай қалп тоқтаған. Қамыс-қурағы жапырылған алаңқайда Жақайдың бұзауы жайрап жатқан еді. Ала бұзаудың басы мен қауқиған қабырғасы, ақтарылған қарыны, төрт сирағы ғана қалған. Қанды тоналаң бірер сағат бұрын ғана болған тәртізді.

– Мынау итін «қолтанбасы» емес. Қараңдар, сүйегін онырып жіберіңті! Үлкен төбет болмаса, мынадай тайынша ишар бұзауды қонаға сүйреп кіртпе алмайды!..

Иә, иә!

– Енді не істейміз?

– Ауыл іргесін жайлаған қаскенді қалай қорметенендер, сй?!

## Көктемнің мөлдір тамшысы

Оны кім ойлаған?! Ауыл итінші бәрін тері-тересек жинайтындар жайратың тастаған...

Жаяу камыс аралап жүргенде, айырылып қаламыз. Қасқырдан айла артылған ба? Кеттік, көлікке! Біз сәл алыстан қарап тұрамыз. Екі шапшамен кіріндер.

Ойбай, көлікті күртасың ғой, күдеке!

– Вездеход кой жарықтықтар! Бұйым емес! Тартындар! Кеттік!

Камыс сыртына жүгіре шыққан жүргізушілер айналасы екі сағат ішінде аумағы төрт-бес шақырым болатын камыс қона ішін үш-төрт мәрте пілгілеп шықты. Тоспада тұрғаны бар, осы тұстан қылаң береді-ау деп тұрғаны бар – аңшылар үп еткен желі жоқ күн астында қақталды әбден.

Күдеке, құрысын! Қайтайық! Қасқыр әлдеқашан қашып кеткен шығар!

– Жок, қашпайды! Қайда барады қашқанда. Тау алыста. Біз кіргенде шығатындай болған жоқ. Ауыл жаққа кете алмайды. Жерге сіңіп, көкке ұшып кетпесе, осы сасықтың ішінде жатыр.

Арада екі сағат өте қайыра жиналған аңшылар бас құданын шешімімен қонаға орт қоймақ боп шешті.

– Күн желкем емес. Айнала пықыр, далаға орт жайылмайды. Көрейік, жанкешті сабазды. Бір ауыл-әудеттің бұуау-торпағымен асыран отырасындар ма! Бір күні ойнап, сыяқ кеткен балаға шабады. Тезек теріп шыққан кемпір-самшырды жарып тастаса, обалы кімге?!

Құла қаласа, жан қала ма! «Оңсыз да сасып жатқан батпақты қорыс. Оның үстіне әліңдей жаманаты бар. Құрғап-кеуіп тұрған қау камыс лап етер де, өше қалар. Қасқыр көтеңшегі күйер болған соң өзі-ақ жортақтар алдымыз!» деген оймен Шөкең бастаған үш жігіт Сасықкөл қонасының үш тұсынан от қойсын.

Даласы да, қаласы да сап мәрте өртенген қазақтың. Күйі ең сайы да, күйік тауы да жетеді бір басына. Бірақ, мұндай ортті көрмеп еді ол ауыл! Әуелі отау үйдің ауласына қазылған ошақтың жалынындай сызылып жанған алау көзді ашып-жұмғанша жалмауыз жауға айналды. Сытырлай өршіп, сатырлай шапшып, қурап жатқан камыс көкке қолын соза алуады. Құлді ауыл қора-там төбесіне шығып, күн салып қарап тұр еді. Бесіктегі бала шошын оянып, есіктен келін ісін ұмытқан. Лапылдай қапап қаға, лақылдай құсқан от тұтаса келе жеті қабат қала үйіндей биікке шапшады. Жалын тілі бұлты жоқ аспанға, одан әрі еңкейген Күннің орнын баспаққа ағылды әуеге. Оршелене кеткен жалынның жалына жармаққан қап-қара түтін көк тіреген алып қара дінгекке айналды. Аспанның беймәлім тұсынан әлдебір түнек есігі ашылып, жерді жұтып баратқан ақырзаман елесі орнап еді. Әжелер еріксіз кемесіңделі, ақсақал бүтеектеп теріе айналды. Бала біткен шешесінің етегіне бас жасырған. Еңістен сәл қыраңға шыққан аңшылар, ауылдан алыстан, тау жақ бетке барып, оттың бет қарыған қызуына шыдай алмай, жүз-жүз елу метрге шегінісіп тұрды. Аспан жалаған жалын тілінің аңшыған зәр-зәһар ашуынан қорқып, шегінібееке шара жоқ еді.

– Апырай, мұндай мытық болар ма еді! Бұлай бөлады деп кім ойлаған?!

Қасқыры құрығыр, қашып кеткен-ау! Әйтпесе, мына тозаққа жан баласы шыдар ма еді!

Қасқыры құрысын! Елге не бетімізді айтамыз!

Е, немене! Осы қамысты тамағына қосып інуші ме еді елің?! Сасып-борсын жатқан бөк-қала емес пе!

– Күлің ауыл қарап тұр! Ой, Алла-ай! Атың шықпаса, жер өрте деген! Енді қайттім?! Тірідей көмдің ғой, құда-ай!

– Сен қоя тұр, құда! Ауыл-орманың, бау-шарбағын өртеніп бара жатқандай зарладың ғой!

Төс қағыстырған көс құда қыран басында, көлік ішінде жүз шайысын отырғанда, шопыр бала айғай салды:

– Ойбай, қараңыздар! Шайтан! Шайтан!

– Шайтаны несі?!

– Оттың етегін қараңыздар! Әлдене секіріп жүр!

Бұлар көліктен секіре түскенімен, қызуы бет қаратпас өрті жаққа қарай алмай, қорғалақтап қалысты. Сәл мезеттен соң көк тіреген жалынның жады жығылып, қаншама жыл құстың саңғырығы, мал жапасымен шымтезектей тұтасқан қамыс қона қара түтін құсып жатқан еді. Жанарға қалалған нартқызыл от еңкейіп, қара түтін дінгек жерге жығылып, айналаға жайыла бастаған. Сол қан-қара түтіннің елесінің етегінен, түтінге түншыққанымен әлі де тозақтық дәулей қызуы аңшыған от шетінен әлдене сәт сайын секіріп-секіріп түсіп тұрды. Өлгіңде жан-жақтан от қойғанда күңірене шулаған ауыл жаққа қаша алмай, тау жақтан анталап тұрған піл тұрыпты көс көліктен сескенген кәрі қасқыр – өткен қатал қыста жас арландар үйегінен айырып, сирағын сындырып кеткен, содан бері осы қорысты паналап, түн баласы әлсіз ұлың. Тәңіріне зарын төккен кәрі арлан – от ортасынан әзер сытылып, түс-түстан анталаған қалың жауына беттеп бата алмай, тозақ оты шыдатпас шаққа жеткенде, күйірігін шалып, жамбасын күйдіріп, сүйегін қарығанда ғана бір-екі секіріп қалып тұр еді.

– Ойшырай! Не деген ерлік, иеткен ғаламат төзім еді мынау! Біз жүз метрден бетімізді басып, жасқанып тұрмыз, не деген жанкешті мақұлық еді!

– Ойбай-ай! Обал-ай! Тірідей өртеніп кетіпті-ау!

– Тәйт! Обалы несі! Көлікпен жақындаңдар жігіттер! Қашсын! Далаға қашып, күйігін басып алыс! Атың, қызығына қарық болайық. Ақыры терісі түкке жарамас, өті мен тырнағын алайық! Мінгіңдер атқа!

Құданың бұйрығын қалт жібермес екі жігіт пен аңшылар көлікке жандармен жайғасқанда, Шөкең қыр басында жер шөкелеп қала берді...

Ал, қасқыр – қаладан келген байшықеш қазақтың қас дұшпаны екіаяқты жауларынан қаймықса да, от-тозақта тірідей өртеніп, терісі жидіп, қақталып, сүйегіне жабысқан бөрі ақтық рет арс етіп, секіріп түсіп, жанарынан, бауырынан қан шүмектеп таудан сәл қиыстай шаба жөнелген. Демек мінген әудекі топ қасқырды бір-екі қыраннан асырмай қуып жетіп, бірден өлтіре қоймай, арыған денесінде бір қылтанақ қалмай

## Көктемнің мөлдір тамшысы

үйітілін кеткен, сол кеспірімен далалық аңнан гөрі тозақтық ібіліске дөп келетін бейбақты әбден салықтырып барып, атып алған еді...

\* \* \*

Қайран, Бөрі!

Кеше киеміз-тұғын! Бүгін бейшара міскін кейіпті жауымызға айналып кеткен. Жау да емес. Қарсы шауып, қайрат танытар күштеп ада. Қашқын. Алланың қуғынға ұшыратқан шайтаны кейіпті, інірде іргеден өрген көленкемен нәтгес ібіліс дерлік. Сізге де, бізге де бар өкпе-қапасын қара түнде көкке жолдаған ұлыма күйімен бидірімек. Ұлыма зарды кім естісе де, қайран Бөрінің тағдыры үшін жауапты! Жауаптымыз – естігеніміз үшін, қол ұшын созып, қорғамағанымыз үшін. Ести тұрып, үріккеніміз үшін. Киемізді танымай, көкірегімізге үрей паналатқанымыз үшін! Ұлыма зар құлағыңнан еніп, сүйегіңе жеткенін білер хал де жоқ. Сүйекке шағылған соң, ертен-ақ қанға сінеді. Одан әрі... Одан әрі әйтеуір бір бейуақта, күңіренген ғаламның күрсінісі шерлі демінмен қатар өрілгенде өзін де Бөріге айналасын. Бөріге емес-ау, кәрілі ібіліс, шалдыққан шайтанға. Бақи өртінен қашпаққа амал жоқ сосын..!





## КӨКТЕМНІҢ МӨЛДІР ТАМШЫСЫ

Шалғайдағы, ұлтарактай ғана қалаға көктем кеш келді бытыр. Қыс ұзаққа соғылған. Жаздың жағалауына ентелей кеп соғылып, демде демі тынған көктем толқыны бір жалт етін көрініп, ғайып болған сиқарлы сұлу елес болды ескі шаһар үшін. Кеш болса да, көктем той. Лап етін жанған бетте жалт етін өше қалған шырақтай сәулесін сағындырып, аңсатып кеп, көзді қарықтырып, сезімді талықсытып жіберген. Көктем көздің жасындай сырғып, жаздың кірпігіне іліккен...

\* \* \*

Қала шетіндегі ескі қойманың ішіндегі қыстан қалған сызды қуып шықты көктем. Әу баста шифермен қымталмаған қойма шатырындағы қар қыста да күн қызуымен ери жібіп, ақпанның ақырғы аяғында қакша тілініп, қақырап кеткен шайырлы қарамай арасына тонап сініп, қатқан еді. Сәуірдің сәулесі тозған қарды тоқымша қаға бастаған күндері ерніп, қойма төбесінің жарылған қарамайы арасындағы мұздан көктемнің алғашқы перзенті жалқы тамшы жарыққа келген. Сол мөп-мөлдір тіршілік қойманың ішіндегі жылулы ауаға ұмтылып, ғұмырының жалғыз-ақ мақсатына еденге тамыш өліп кетуге асыққан. Қойма төбесін жаппап бетон плитаның жымдасқан жігіне шым-шымдай сініп, қардан ерніп мұзға, мұздан соғылып суға құбылған жалғыз тамшы тіршілік те көктемнің жылуып бізден әрмен аңсай сырғып, ескі ғимараттың кеңістігіне мөлдiрей қарап еді. Көктем боп қарап еді ол. Май мен шаң жұлдасып, мүктейіп кеткен қойма қабырғалары, сонау түкпірдегі қалқинап қарақшы шысаңалар, ескірген етен жаланының жалқы жұмыр жанарында жалт ете мөлдiрей тұнып, аға жөнелді. Кешіккен көктемнің алғашқы бөлшегі құлап келе жатты қойма төбесінен. Сыз қамаған ауамен аймаласып, қарғынан қарғып шыққан жетім тамшы жылап келе жатты – құлап. Бір ғұмыр... Тыре етті де тынды. Тактайы тозған еденге етпеттей құлап, лезде шылапара болды. Көктемнің тәнінен ажырап, қарғынның қағананың жарып шыққан бір түйір ғана тіршілік бес метр биіктей еденге қарай зулап, жалт еткен мезеттей қып-қысқа ғұмырын сүріп-ақ үлгерді. Сол көктемнің ғұмыры да осы тамшы тағдырлас – зу-у етін өте шыққан. Тым келте болды.

Одақ тарағалы ішіндегі мүлік-мүкәмалды саудалан тауысқан иесі қалвалы белгілі байшықеш Мұратқа сатқан қойманы. Он шақты жыл қақырап тұрған кен қойманы ерте көктемнен тазарта бастаған Мүркеп ескі ғимараттың еденін қырып, қабырғасына өрмелетеп сүлгілен арылтып, жаяғасалым мұнда садақ таратып мергендерді жиып, спорт клубын ашап еді. Қыста Қытайдан алдырған аймүйіз арбалет, саржа-садақтарын баптап, қойманың түкпіріне нысаңалар орнатып қойған. Баласы екеуі жұмыстан жалыға бастағанда қатар тұра қан, адырна шірейтін. Онаншы сыныпты биыл тамамдайтын ұлы да садақ тартып, арбалеттің адырнасын ала өтгіздей

## Көктемнің мөлдiр тамшысы

моңирете, камыс сапты, қауырсын масақты, кiрiсi мұкылы, мұкылы болса да көбейдiр құрыштан соғылған сырлы жебенi қарақшыға қарата аңырата атқанды жақсы көрушi едi.

Бозбаланың құштарына айналған ермекке сеп болған Әйгерiм қыздың жалт ойнатқан нұрлы жанары ғой. Көктемнің кешiккен жылуды қос жас оренiнiң де жүрегiндегi егiз тамшы – ынтықтық дәнегiн кенет қыздырып, кеуделерiнiң сол жақ тұстарын бұж еткiзген. Егiз тамшы қосылмаққа ұмтылып, бiр-бiрiне қарай талпынған. Қыз – он алтыда, бозбала – он жетiде. Адам ғұмыры көктемiнiң мөлдiр тұңығындай гүл-дәуренiнiң алғашқы белесi ме едi сол күндер?! Бiр күнi сабақтан қайтып келе жатқан қыздың сөмкесiн ала қашсын бозбала... Ерке қыз бозбаланың мұрнын қысып қап, сақылдай күлiп, жүгiре жөнелген. Бұл она қуып жетiп, екi бала бiр-бiрiне еркелен, ойып жүрген... Бозбала бойжетiп қалған бұлдiршiн қызға қыпқызыл жүректi шапшы қалған қырлы жебенiң суретi бейнеленген откыртқа сыйлаған. Откыртқа iшiне «Мен сенi жақсы көремiн!» деп жазыпты. Қыздың бетi дуылдап, жүрегi кенет дүрейдей кеткен. Алақандай қағазды сүйiп алғанын да сезбей қалды. Екеунiң де жүрегiндегi ынтық тамшылар сол ұлғая түсiп, кешiккен келте көктемiнi тамыр дүңшiне ыртқ қосқан. Бозбала садақ тартқан сәтiнде Урымның махаббат құдайы Әмiрiн ойына түсетiн. Көз алдына ғашық аңсарының бейнесi келiп, жүрегi дулай соғып, демi жиiлейтiн. Сыңар тамшы егiзше ытығып, кеудесiн сөккылайтын тәрiздi едi. «Едiлден атқан жебесi, Жайықтан асып жоғалған...» бағзы дәуiр бағыры деп сезiнер едi өзiн кейде. Жебесiнiң ұзаққа ұшқанын аңсайтын ұлан арбалеттiң адыраасын шiрей тартып, ең алыс қашықтыққа жеткiзер межесiне қоятын тисктi.

...Сол күнi әке-шешесi шет елге кеткен. Шығарып салып тұрғанда әкесi «Қолың тисе, қойма шатырының қарын күрей саларсың» деген. Сол айтқанын орындайын деп, үйден шықты бұл. Шатырға ормелемес бұрын iшке кiрiп, садақ тартқысы келдi кенет. «Жұмыс қайда қашар?!» – деп ойлады жымның. Жымия жүрiп, қойманы ашқан. Алақоленке кең сарайдың азынаған ауасы түрiшкiтiрiп-ақ жiбердi. Сонда да күнәйкесiн шеше саң, қабырғаға ұстатқан жай тартқан кентаврдың суретi бейнеленген плакаттың жоғары тұсындағы шегеге iлген. Кiреберiсте тұрған партаңа дырылдата сүйрен аңарып, екi-үш метр жерге қойды. Түнкi бөлмеден арбалет алып келуге кеткен сәт iнiң, май жұққан парта үетiне пәре-с етiн тамшы тамды. Бұл бәрып, өзiнiң қолы сүйсiнiп ұстайтын бұктемелi «Қарагер» садаққа ұмсынған. Қытайдың қара базарынан әкесi әкелген он шақты арбалеттiң iшiнен өзi еншiлеп алған. «Қарагер» деп ат қойды. Былғарымен қапталған жеп-жендi қаруды күнiне бiр ұстамаса көңiлi көншiмейтiн. Алты-жетi үкiлi жебе салынған қорамсақты иығына аса салды. Жымия келiп, садағын партаға қойып, орамалмен шаңнан сүрткен бөлды. Шаң басатындай болған жоқ, әрiне. Кеше кешкiсiн келiп, нысананы ең алыс түкпiрге жылжытып, бiрер сағат ауа тiл iлеген жүйiк жебелерiмен. «Қазiр!» дедi iшiнен. Серпiмелi болатты сымша ширата тартып, әр тұсына қой қабырғасындай

құрыш пластинкалар тастап күшейтілген, ныққа тірер дүмнің өзі қытайдың сәнқой сардарларының винтовкасының үлгісінен алынған. Адырнасы шынашақ еді – пластик сымдардан өріле созылған. Шүріпшесі саусаққа жұмсақ, тежегіш тетігінен атылған сәтте-ақ, шығырға ілінген адырнаны босатуға ғаныл дайын тұрар, тиекпен шыққан бетінде шыны-пластик талшықтардан сірестіре созылған жеп-жеңіл, кірісі мұқыл жебені зулатуға әзір арбалетті сүйсіне ұстап, оқтады. «Қаз-і-ір!» деді, демін тоқтатып. Нысана кешегі орнында тұр екен. «Бүгін ондыққа қадалмасан, саған серт!» – деді кірісі құрыш сырты жебеге. «Не болса да, қарымы қаныққа жетегіндей қылайын» деп, арбалеттің ең алысқа оқ атар межелі тұсына дейін тартты адырнаны. Алғашқы оғы зырқыран барып, нысанадан сәл биік тұстан зу етіп өте шығып, қарсы қабырғадағы қалыңдығы керекарыс пенопластка кіріп ете қалды. Екіншісі сәл оңға қарай кетті. Үшінші... Төртінші оқ тіпті даққан. Ашуланайын деді. Бесінші оқты қол мергендігіне басып, адырна тартқан бетте талтайын тұра қап, заулапты. Сегіздік! «Е, бәсе!» деді дауыстан. Қорамсақта соңғы жебе қалыпты. Оны да бүктемелі жағының белағашына салып, адырнаны сықырлата тартты. «Ең соңғы оқ! Ең соңғы мүмкіндік! Бұл ондыққа қадалмаса, атаңа нәлет, төбелен тамың тұрған тамшыны құрту үшін, қар күреуге кетуім керек. Қәне, қанды басып бері тарт! Қак жүректің тұсы деп...!» деді ысылдай сыбырлап. Енді көзден ата бергені сол еді ғой. Есік ашылып, көктемнің гүл-жұларын ала Әйгерім кіріп келген. Кіріп келе сап, мұның ұйпа-тұйна шаптарын одан сайып дудырата сап, қойма төріне қарай қашты. «Қап!» деді бұл. Артынан жүрегі бұлк ете түсіп, «жаным-ай...» деді жымын. Арбалетті парта үстіне қоя салып, қызды қуа жөнелген. «Қазір жетіп ап, сүйіп алмасам ернінен!» деп ойлады да, өз ойынан өзі ұялып, беті ду ете қалды. Оншақты аттап жетіп алған, жетіп алған да ту сыртынан құшақтай кеткен есінде. Оң қолымен бойжеткеннің нәп-нәзік белінен орай бере, «тым жеңіл киініпті-ау» деп ойлады. Сол қолын нығыз асып, мойнынан құшқаны есінде. Құшқан бетте енкейіңкіреп, қыз ернінен тұңғыш рет өбіп қалды...

Қыз бен бозбаланың егіз жүрегіндегі қос тамшы сезім дулатқан тәңлерінде шиыршық атқан қан тамырлары арқылы тәтті сүйіспен табысқан еріндерге қарай зауламаққа қалт тынып, тоқтаған сәтте шатырдың төбесінен жылай ағып келе жатқан көктемнің бір мөлдір өмірі парта үстінде оқтаулы күйде атылмай қалған арбалеттің шүріпшесіне былш-ш етіп құлап түскен еді. Тежегіш тетігі тірек нүктесінен ажырап, мергеннің сүк саусағын қанысыз күтін тұрған жұмсақ серіппелі шүріппе басылып та кеткен сол сәт. Жебесінің кірісі нысанаға бағытталған аймүйіз арбалет кенет дір-р етіп, серпіле түсіп, керілген адырна шіррей тіреп тұрған қамысқан құрыш оқ қойма түкпіріне қарай суылдап ұша жөнелді. Ұша жөнелді – көктемнің дерткен төсінен тамып кеткен әлемдегі салмағы ең ауыр тамшыдан серпіле атылған ажал жебесі. Суылдап ұшып бара жатқан жебенің бағытында еркелей ойнап, қытықтасып, бақыттың алғашқы мастығын көтере алмай тәлтіректей кетіп бір-біріне сүйеніскен, сүйенісе

## Көктемнің мөлдір тамшысы

кетіп, өмір-көктемдерінде алғаш рет сүйісіп қалған қыз-жігіт нысана боп тұр еді. Екі жас, екі мастын жүрегінде бұлқынып тұрып қалған егіз тамшы бір-біріне қарай заулап ағуға батпай, алғаш кешкен алапат сезімнен дір қағып тұрған сәт құшақтасқан қос тәттінің жүрек тұсына құрыш жебе қадала кеткен еді. Бұрала қашқан сұлу бойжеткенге жайрандап жеткен бозбала қыздың ту сыртынан қапсыра құшып, сәл еңкейе емінген қалны еркелей күлген, әнтек шалқактай қалып, былқ-сылқ етіп ойнап тұрған ташығының қауызына шық тұнған қызыл гүлдей ернінен сүйген сәті еді. Адырадап ұли ұшып, зырқырап жеткен мұқыл кірісті қандыауыз жебе бозбаланың жауырыны етегінен қадалып, дүре-дүре етіп, дүр сілкініп қилған жүрегіндегі ынтықтық тамшысын шапшырата жарып өте шыққан. Бозбаланың жүрегін қак бөліп өткен сұм жебе! Жалт еткен сәтте «аһ» деп ышқына да алмай қалған жігіттің кеудесін көктей кеткен оқ қыздың жүрегіне де шапшылып, бүрін сезім түрткен тал-шабықтай тәтті тесіп өте шыққан еді. Егіз жүректегі қос тамшы қандыауыз жебенің кірісінде қауышып, солығы басылмаған ажал оғы сәл алыстағы адам кейінгі қалқиған нысананың ондығы таңбаланған қызыл шеңберін дәл ортасына қадалып, дыр-р етіп тынған.

Асыан асты осыныша тар ма еді?! Көктемнің мөл-мөлдір бір тамшы жасы қас-қағым тірлігін жалғыз тыя салмай, сезім, махаббат тұнған қос өмірлі қоса ала кетуі әділет пе?! «Тым жеңіл киініпті-ау...» деп ойлады жалған өмір басынан бақига ұшып бара жатқан бозбала. «Аһ» деді ақтық рет өмірінде алғашқы тәтті сүйіс дәмін татып, елжірей қатып қалған бойжеткен.

Қаланың елеусіз бір шетіндегі несіз қойманың дәл ортасында бір-біріне сүйенісіп тұрған екі жастың түйіскен басынан, сүйіскен ернінен көктемдей мөл-мөлдір өмір өксік боп шығып, сәуірдің сәулесі сүйген аспанға қарай ұшып бара жатқан еді. Көктем де, асыан да, жер де, тіпті анау нысана ондығына қадалып, соңғы тұяқ серіністей кенет діріл қағып қап, қалт тынған жебеден тамыш бара жатқан қанкүрең тамшы да жалт еткен жалғыз сәт екі ғашықтың жүрегімен бірге қалт тоқтап, түнеіз ғаламның ғайыбына үзіліп түсіп құдай кеткен-ді.

\* \* \*

Сол көктемдей мөлдір маусым келмес бұл ғасырда енді! Келсе де шалғайдағы ұлтарактай ғана шабарға соқпайды...

Сол мазаң маусымнан қалған жалқы белгі – көктем тамып, жерге құлай сіңіп кеткен мөлдірліктің молаесіндай қос томпақтың ортасына биыл көктемде садақ жебесіндей сабағының әр тұсына тікен біткен қып-қызыл гүл өсіп шықты...

## АҢШЫ

Аншы биыл ерек қартайып кетті. Қары қалың қыстың камалына тұтқиылдан тиген көктем күнінің қызуын котере алмай күрт еріген күрткі қармен бірге көбесі согіліп, арнасын аласапыран шайқаған өзен жағаған жағалаудан жайылып шығып, астына қызыл су жүгірткенде тітіреп түсе қалар ойлым-ойпат жердің оппасындай тосын, жылдам қартайып кетті. «Күйкі күйбенге кіріптарланып, пеш түбінен алыстамай, үйкүшік бон барам-ау. Ақ сауыр кенестік көзінді қарып, аязы алқымынды сығып, окпенді өрт сүйгендей дулатар, ей, даланың ауасы-ай! Соңарға шығар күн кайда! Жарықтық, Теңбі,көктің сауырына біржамбастай отырып, қоныштан шақша суырып, қыр бөктерінде баспалап байығлар күн жоқ енді, жоқ. Өзгеге елтіп, ит жүгіртін, құс салмадым. Сенгенім шыққыр көзім мен қарыма қапжар ұрса да қалтырамас қолым еді. Бұған да жетті дербене-дерт». Әнеу-бір жылы «Охотөңөздың» дөкейі әдейі іздеп келіп, екі қыр астындағы аншың қай тұсқа түмсық бұрғанын дөп басар сезігі мен қара мылтықтың қарауылынан ұшқан күс, жүгірген ан қапы кетпес мергендііше тәңгі бон, сыйға тартқан қосауыз да әпербақан млітесенін қолтығында кетті. Салық төлемеген – айыбы, докіметі жоқ. Алдын ала сетіп-біліп, қылтадан қырқар әлдебір қыршақкының айдауымен дөп басып, аңдып келген. Екі мылтықты да әкетті. Бірін қайтарып аларға пенсияның үшеуінің белі көтермейді. «Қайыссары кемпірден аса алмас күнім бұл. Бұлдағаның түздің түлкі-қасқыры болса, қақпан құр дейді. Қақпанға өзімді түсіріп кетті-ау қу күйкі күнқоріс. Ей, заманның заңы қоянның жымындай-ақ – соңарда ашық, күн ауыса бере қылпу біліне, жым-жылас. Кімге, неге, не үшін сенеміз? Қаптаған қорқау ойға тірідей жем болғанша, жапанда жортып, өзінмен тең тағыға тіл қатып, жығылсаң, тағы да түз тағысы тамтығынды тазалар жеміт болған артық! Қой, күпірлік бәрі...».

Екі күн бойы қасқырға құрар қақпаның айналдырды. Шатырда шаң басып жатқанына не заман! Соңғы рет қосауызының күндағын бөрсық соғам деп тасқа тигізіп сындырған күзде бір құрып, қысқа таман майлап тығып тастаған. Қоянның майымен. Шынжырын қазығымен қоса, төбеттің күркесінің жанынан таңты. «Бөріге бұйырар асылдың күтесіз күтпанның қарғысын тізер тексіз темір болған түрі-ай...».

Өзімен өзі күбірлеп сөйлесу далада саяқ жортар аншының ежелгі әдеті. Ұйықтағанда да күбірлеп кейіп, ояғанда да көрер таңының барына тәуба айтып тұрады.

Ақыры теңбідің арқасына тоқым төсер күн туды. Күн тымық. Лязытқан ауада ұсақ жылтың-тікен сүңгілер күнге шағылысып, қозді қарықтырады. Әншейінде соңарда атқа қонар аншының таң атарла іргеден өрген жылқы ізіне түсіп алып ескі там жақтағы таудан асқанын көріп, сары бәйбіше ернін еып еткізді.

Тышқан қақпаның арқалап кетті, әне, мылтығы құрып тынышталып еді. Әй, даусыз далабөсер-ай, ана Қоңқа құсап, сақалын сорпаға малы-ен, пеш түбінде отырмай ма!..



## Коктемнің мөлдір тамшысы

Аншы ескі тамға тақау бұрнағы жылдары шопандар өлексе асып қоятын дінгек анаға келіп, атын байлап, қанжығала салақтаған өгіздің терісі сыдырылмаған оң жамбасын іліп қойды. Алдыңғы күні тура ауыл іргесінде жарып кетіпті. Кеше ерінбей барып, балталап шауып әкен, шатырдағы мұржа түбіне қойған. Сәл жібіпті. Қақпандарын алты-жеті қадам алыстау жерге ағашты қоршап құрып тастады. Бұл бір тосын әдіс. Озі мыр-мыр күліп қояды. Өмірі аң аулаудан артық рақат, ләззатты көрмеген аңшы өзінен күдіп жүр. «Түпті отты шыр айналған жылды қобелектің қанатын от шарпып күйеді. Әй, көрсеқызарлық-ай. Қасқыр қобелек емес. Әрине, ағашқа ол келеді. Әрине, ол да шыр айналады. Бірақ, қобелекше жақындамайды. Алағызың, аузынан сілекейі шұбырып, жалаңдан жүріп қақпанға түсуі кәдік. «Мә, ендеше, қанды басың бері тарт». Аншы шынжырларды ағаш түбіне байлап бекітіп, көп аялдамай, үстіңгі ерiniң астына сынар шөкім у жасыл насыбайды көміп тастап жүріп кетті. «Е, бүркіт қартайса тышқаншы, аңшы қартайса қақпаншы болады деген осы-е-е...». Түске таман қылаулаған қар айналаны бір тегіс көмкеріп тастады.

Сол түні көптен бері тыныш ұйықтаған. Ертеніне сары бәйбішенің шаруашылығынан шыға алмады. Аншының екі ұлы бар-тұғын. Екеуі де қалаға кеткелі бес-алты қыс қырқаға қарын қондырды. «Келсе де зиян болмаса, пайда жоқ. Қалаға қоныс аудар деп кемпірдің түндігін желпілдетіп, әуре-сарсаңға салудан өзгені білмейді. Кеудемде жаным барла кетпестің тұған жерден. Тәйірі, не өмір бар қалада!». Кешкісін осы ой тағы оралған. Осыдан отыз жыл бұрын өзі әскерден келгесін салған үйінің сырғауыл төбесіне қарап жатып кіжінген. «Осы үйде тұды, өсті, жетілді, кетті, енді кеп менсінбейді, адамның баласы емес оңшан айуан...» Кемпірі де аңпынын кенет көгіс тартқан жүдеу жүзіне қарап аяған. «Қайтсін-ай, далаға шығып бір шолып келмесе, ас бағпайтын адам отқа қарап қалғанына қорынады-ау...». Екеуден-екеу түпжырап отырып, қою шайды ұзақ сорантады. «Адам нені сүйсе соның құлы. Түбі сол жаны сүйген зат алып ұрып, басынан аттап кетеді-ау. Өмірде бәрі соған негізделген. Өнерді үйрену мен жирену солаң тұса керек. Кез келген істен дер кезінде бас тарта білу – міне, ең мықтылық». Осыны үкқан. «Бірақ, кім біліпті?!». Қай жылы, қай қырдың боктерінде басналап тұрып ұқты. Әлде, бұдырайып бездене біткен күрзсімен қақпанға қапылған қасқырды ұрып жатып, қызыл шок көзіне қарап тұрып ойлады ма, есінде жоқ. Солаң бері санасына сыздықтап, сыналап кіріп, үңіп үнйрейтіп тастаған. «Адам әуелі бір күштарын тапқасын, одан айырылмақ емес. Африка аңшылары маймылды ірідей ұстау үшін орман жиегіне қақпан құрады екен. Қақпан деймін-ау. Адам басындай асқабақтың ішін үңіп, үстінен шағын ғана тесік ойып, жерге бекітіп тастайды екен-дүр. Сосын ішіне маймыл сүйіп жейтін жанғақ тастамақ. Қақпаны осы. Орманнан шыққан әуелкі маймыл көрсеқызарлығына басып, асқабаққа тақап жеңсік асын көреді. Көзі тұныш кетеді-ау сонда. Ақымақ неме ойыққа қолып сұғып жіберіп, үш-төрт жанғақты бір-ақ уыстайды. Енді ала қояйын десе қолы шықпайды. Қайтеді енді?! Жібере салайын десе қимайды. Сәлден соң аксия күдіп, негрлер жетеді. Сонда көрсе, шіркін, маймылды! Ай-ай, ақымақ!

Аскабақты айнала, аласұра, жанталаса жанұшырғанымен, қолың, сұғанақ қолың босата алмайды, нәпсінің құлы. Адамның несі артық со шіркіннен?! Неміз әулие?! Өмір бойы өзіңді күйік күйбенге шырмауықша шандумен өтесің. Сонда деймін-ау, адамның өзі емес, құлқыны өмір сүре ме?! Солай-ау... Не бітірдім? Не тындырдым? Нендей мақсатым бар? Пені мұрат тұттым тірлікте, тұрлаусыз, тұрақсыз тірлікте?».

Шал-оу, тамақ суып қалды...

Аншы жатарда шатырда жылы мұржа түбінде қалып, иістене бастаған кесек етті сенектегі үш литрлік банкінің ішіне тастап, қора үстіне қоя салды. Түн аяқытатын түрі бар.

Аяз ертеңіне түске дейін аттан түскен жоқ. Түске таман қоржынына жұмыр қазжамбас әлдене салып ап, шарбақтан шығып бара жатқан аңшының жонына қарап, сары кемпір, шөге қартайған ұсқының көріп, енді қала туралы әңгіме қозғамасқа бекінді. «Онсыз да жабырқау жарым көңілің қайтем құлазытып...».

Қыр басына көтерілген аншы тізгін тежеп, артына қарады. «Үядай ғана ауыл-тын. Көшіп жатыр, көшіп жатыр қалаға. Бірер жыл бұрын дәл осылай қыр басынан қарағанда, таниан бері түтін созған мұржалы үйлер бұлт еміп тұрғандай есініп, еңсесі көтеріңкі болушы еді. Қазір не – жер бауырлап, бұлт емгенің не, керісінше, бұлт езгендей шөгінкі, жатаған. Ол кездің түтіні де боз-бұйра, қазбауырланың мамырлар еді. Қазір бір түрлі қара қошқыл, бұжыр. Көмір жоқ, көбі мәшиненің донғалағын турап жағады-ау, сірә...».

Ескі там жаққа такай бере, қоржының ағытып, ішінен түбіне кесек ет қатып жабысқан банкіні алып, аулақтау оспаға лақтырып жіберді. Кенет мыре етті. «Адамнан айлалы емес шығар. Тәйірі, маймылда бар құлқын сенде де бар шығар, қасқа... Қакпан құрылған жаққа тақамалды. Қырмаға шығып дүрбі салған. Бәрі сол беті. Тек бір-екі сауысқан ашаға қонып-ұшып жүр. «Ертең түс ауа соғармын».

Түнгі аяз шынылтыр болды. Кеш таяп, қолөңкесі ебелейсіз ұзарар сәттен-ақ күре жол бойын тіміскілеп, тімгінің, таңға шейін түк мандытпаған гүлкі шығыс жақ боз қылаң бояу ақтара бере, ескі там жаққа түмсығып қарға сүзе сұлатып тартқан. Күндегі әдеті. Кеше кеште дінгек аша тұсынан сауысқан ұшқанын аңдаған. Тақанда қасқыр иісін сезіп, кілт бұрылған. Не де болса, бармақ. Қыр аса сәл орағытып, ыққа қарай, ауылға қарай бұрылды. Аз ғана жүргенде қытықшыл түмсығына ет иісі жетті. Олексе иісі. Қасқырдан қалған болар. Қырма бетмей, ойыспен аңша тақау абзал. Кенет иістін мүлдем аша жақтан жетпегенін сезді. Тіпті, жақшынан, шөлак сай тұйықтала біткен қалың қатқан қар үстінде әлдене қарауытады. Иіс те сол жақтан. Гүлкі сәл қиыстап, еріксіз қырма беттеді. Қырма шыққанда көрді, алыс аша манында сауысқан ұшып-қонып жүр. Сәл кідіріп, солай тартпақ боп, алдыңғы аяғын көтеріп, мойнын соза етекке көз тастады. Әлгі орнында жатыр. Қыр жотасымен ілгерілеп, тура тұсына келді. Қозғалмайды. Қайта айналып, ық жағына шықты. Әлі сол иіс, борсып сасыған еттің иісі. Дымын білдірмей, келесі жаққа ығысты. Жермен-жекпен боп сырғып, біршама тақалды. Сонда анық аңдаған, күнде өзі жол бойында көретін жылқыр та.

## Көктемнің мөлдір тамшысы

Тек жолемділеу. Иіс те сол заттан мүлкін тұр. Манайда еш із жоқ. Қайдан келет мүлкін. Түлкі қайта қырга шықты. Таң бозарып атты әбден. Сосын асықпай төменге, жылтыр зат жатқан тұсқа жылжиды. Баспалап кеп, әбден тақан, тұмсығымен тұртып кеп, ырышып түсті. Әлгі зат сәл қозғалды да, қималсыз қалды. Жылтыр заттан мұндай иісті бірінші рет сезіп тұр. Жол жиегінде бұдан көп кіші ұзынша жылтыр заттар қаптап жағады. Иісі өткір, жап төзгісіз. Бірде тістелеп те көрген, қатты, ернеуінен ашқылтым дәм шығады. Сосын елемеген. Ал мынадан ет иісі мүлкіп, делебені қоздырып-ақ тұр. Түлкі тағы тақан кеп, жылтыр зат ішіндегі қарауытқан кесек етті анық көрді. Тағы да тұрткен. Анау аунап түсіп жата берді. Қыр басына және шығып қайтқан түлкі енді еркінсіді. Мынау оңай берілетін жау көрінбейді. Тақан, тұмсығымен, аяғымен тұртін көрді. Домаланып жаға береді. Кенет түлкі иіс мүлкіп тұрған бәлке аузын аңдады. Кесек ет тіпті, анық көрінеді. Сілекейі құрғыр, шұбырып барады-ай. Бойын құмарлық құрты қоздырған түлкі абайсыз сыңк етіп, ышырып жіберді. Ет жемегелі неше тәулік. Көзі бозарып, тұмсығы дымданып-ақ кетті. Келесі сәтте дымы құрыған түлкі бәлкеге басын бір-ақ сұғып, түбінде қатқан етті қажай тістеп ады. Құрғыр, қағып қалыпты. Тісі батып, тіліне тәтті дәм жеткен түлкі масағтана ыр етіп, етті үзіп алды. Сонда байқаған, жылтыр зат аппақ боп қырауығып қалыпты. Оз демі жиілеп, тынысы тарылып барады. Кенет басын суырайып десе, әлі бәле қоса қозғалып, жіберер емес. Қос аяғымен тырналап, қанша шегінсе де, құлақтарына шейін кептеле еніп, сәл жіңішкедеу мойнына жабысып қалыпты. Түлкі ызалана шаңқылдап, басын жерге соға аласұрды. Анау босатқан орнына қылқындырып барады. Дүние мылқау тұман. Бір орнында шыр айналып, шегіншектеп, біресе секіріп, біресе аунап жанталасқан түлкі таза жындануға шақ қалды.

Екі бүйірінен ыр-ыр етіп, өмірі көрмеген бәлемен алысып, кенет тоқтай қалды. Ыр-ыр еткен өз үнінен өзге алыста арылдаған ызалы қасқыр даусы еміс-еміс естіледі. Зәресі ұшқан түлкі қайда қашарын білмей жоней берген...

Аңшы бүгін атқа ерекше көңілденін қонды. Ертемен сапысын жанып, келтек күрзісін сайлады.

– Кемпір, асыңды қамдай бер. Бүгін бір түлкі, бір қасқыр тастаймын алдына.

Аңшының қунақ тартқанына кемпірі де қуанып қалды.

– Е, бар, бар. Малаңды түгендеп қайт. Түлкі не теңім, далада кезіккен біреуге байлап кетерсін...

– Жо, осы жолы тура ешкімге бермей өзіне әкелмесем.

– Иә, дайындап отыр саған.

Ерніш сылп еткізді.

Күрзісін сүйреткен аңшы ескі там жаққа қарай шоқытып барады. Әне, қырдап асты. Тағы бір қырдап аса дүрбі салып, аша ағаш тұсында топтанған қарға-сауысқан мен сәл әріректе аласұрған түлкіні байқады. «Е, ку құлқын, кімнің басын алмадың сен. Өмір осы – қалаға барсаң да, далада қалсаң да».

Күн ерекше аяз-тұғын...

АУЫЛЫҢ СЕҢІҢ ІРГЕЛІ...

(эподтер)

1. Жаңбырлы жаз

Аудан орталығындағы аурухананың травматология бөліміне Көкенай мен Бақан жексенбі күні түс ауа жеткізілді. Демалыс күні қай дәрігер бәліште болушы еді? Әрі науқан – қыс қырка сыртында қылыптып қылышып қайран жатыр. Екі наукас еріксіз дүйсенбіні күтеді. Көкенайдың «Жасыл орақ» компаниясының соңы бірденеге ұрындыратынын құрғыр іші сезген Бақан – әттен, тілі болса жақсылап бір сыбар еді – “атаманы” көзбен атып, ызбарланып жатыр. Анау өкпелеген кісіше бұған желкесін беріп тон-торыс...

\*\*\*

Көкенайдың отбасындағы науқандық «Кәсіподақ жиылысы» биыл жылдағыдан ертерек әрі көрінеу жайма-шуақ атмосферада өтті. «Кәсіподақ жиылысының» күн тәртібіндегі негізгі әм жалқы мәселе – «Жасыл орақ – 199...» науқаны. “Одақ төрайымы” Көкенайдың кемпшкесі Рәзия күйеуі мені інісіне (кәсіподақ мүшелері) былтырғы, одан арғы жылдарға шолу жасап, шүйлігіп өтіп, биылғы жылғы жалпы шығындар мен дайындық мәселесі туралы хабарлама жасады. Тура артық-кемеіз екі аптаға созылатын компанияға 2 тоқты, жарты мөшек үн, 1 келі шәй, 3 келі кант, 1 пәшкі тұз, 400 литр сәлеркеге 8000 теңге (сәлерке удай қымбат!), тірактірдің май-най, оны-пұшысына плюс 200 теңге, 200 гр. кәмпит, тура сонна пішінә, 10 литр айран дегендей, 7 пәшке «Повет», 500 грамм спирт (спирт от-те аз!), 10 пәшке сірінке бөлінеді.

– Кемпір, спирт болгенің жақсылықтың нышаны екен...

– Әдірем, саған берейін деп отырмын. «Берекелі болсын» деп көрші маңайдың ішкіштері келмей ме? Өзін-ақ ертін әкелерсін...

– Бәсе, неғып ий қалды десем, кәмпит-пішінә жегізбексің ғой, бионер кездегідей...

Әдірем...

– Біражола салат-мәнті қоспадың ба?..

Жарайды, ол кірмейді сметаға... Боссындар, ертең ертемен тұрып, тірактір тәбәйт ет, қосқа шейін жетерлік сәлерке бар. Сосын 8000 теңгеші тура шон шауып біткен күні аласың, тасуға. Қалған бірәудің дайын. Шалғы шыңдаулы, киім жуулы. Отбой, жатыңдар.

Құн болады, тәбәріш..., тәбәріш бірәпсейіз. Қыз дайын болса, біз дайын.

– Қызыңды...

Жиылыс сонымен тарқаған. Тауық шақыра бастағаннан-ақ тірактірді «тәбәйт» еткен екеу тележканы тіркен ап, екі апталық тамақтарын тиен ап, тартып берген. Аршалы сайдағы шабындық әжептәуір жер. Оған екеуі

## Көктемнің мәлдір тамшысы

қалай жетіп, қалай қос тігіп, бір тоқтыны құбылаға қаратып шалып жіберіп, іркіп қазыққа арқандап, т.б. өйткені-бүйткенін тізе берсе көп. Сөз шығып, Әуіріммен жеті күн өткен...

\* \* \*

*«Жатыр едім жайылауда пішеп шауып-ай,  
Ақ көйлегім су болды жаңбыр жауып-ай...»*

Тонелеп өткен көп тамшы көнетоз ақ көйлегім денесіне жапсырып кеткен Көкенай шешіп сығып кияге ерініп, ынырсып әуен төгіп ысқырып отыр. «Қайран, қазақтың әндері-ай, тура маған арналған. Бірақ, осының үшін арғы жағын еске түсіре алмай қор болам. Қойшы. Шөпті айтсайшы. Мына жауып айналып келе берсе, шөпті су ғып ауырлатып жіберелі-ау. Онда план бұзылады».

Әй, Пахан, менде интереснейшіі бір идея бар. Айтайын ба? Тура шөбден төмен қарай алтын құйғандай тоғи жіберейін бе? Ей, шіркін!..

Не боп қалды? Жапан түзде қанғыған не идея ол?..

– Айтайын ба? Айтқан кеп жіберейін бе?..

– Айтсайшы енді, үздіктірмей. Қызыл бұздаған құдағиша...

– Ол былай. Мә, әуелі күбінді ыстап ал (қалтасынан алып темекі ұсынды). Ол былай. Желдіртіп жеті күн өтті. Шабындықты пәшти біттік. Жалпы, сен мәләдессен, тура атмәшинедең кем емессен...

– Жә, көншік қоймай. Идея?!

– Енді екі-үш күннен соң шөп тасу үшін сәлеркеге ақша аламыз. 8000 теңге! Біз бірәлсейүздің шешімімен сенбі күні соңғы рейс – оныншы рейсті жасап бітуіміз керек. Ол апаң жұма күні қалаға балалардың сабақ киімін әкелуге кетеді. Сол кезде біз он рейстің орнына жеті не сегіз рейс жасап, қалған ақшаға гөләйт етуіміз керек. Түсіңдің бе?

Вот, мәселе қайда! Содан?!

– Соданы несі-оу! Бір рейске 40 литр сәлерке – 800 теңге. Екі рейс 1600 теңге. 1600 теңге литрін 400 теңгеден алғанның өзінде 4 литр спирт. Жете ме саған! Жете ме апаң келгенше екі күн бұра болуға?

Бакан орнынан қалай қарғып тұрғанын білмей қалды.

– Жетеді. Жетпек түгілі асын кетеді! Сенің басың бас-ей. Қайдан бәрін ойлай бересің, а?!

– Ойнама, жаман жезденмен. Ей, шіркін, сосын бір гөләйттасақ, ә! Көрші ауылдың брәкәонерлеріне барып қайтсақ, мотоциклмен. Бірақ ол үшін еңбек ету керек. Күннің жаумауын тіле, сонда мен жауам, сел ғып жіберем. Сылкитып тұрып, он рейстің шөбін сегіз рейске сыйдырып тиеу керек. Шөптің суланбауын тіле. Искусство требует жертв! Озінді, тірәктірді аяма. Во, сонда. «Ауының сенің іргелі, шәйі көйлегің бүрмелі...»

Екі күнші тамақ ішілмей қалды. Екі күн бойы екі шөпші қосқа от та жаққан жоқ. Қолға аттай 8000 теңге түсетін атты күнді күткен. Жай күткен жоқ, шөпті шөмелелеп, тәйт десе тұра қашуға дайын отырды. ...Әуіріммен екі күн өтті. Жаңбыр жаумады. Үш күннен соң кәсіподақ төрайымы қалаға



кетпек. Ақша кәссіден шықты. Содан не керек, екеуі шөпті сылқита, те-  
лежканың рессорын кайкита тиеп, үш күнде ауылға алты қатынады. Бәрі  
ойдағыдай. Көкенайдың жобасынша енді екі рейетік шөп қалды. Рәзия да  
қалаға кетті. «Демалыс күні түс ауа келем, амандық болса. Шөбінді бітіріп,  
етінді асып, дайын отыр».

Өз есебі түгел Көкенай оны ұғып жатқан жоқ...

\* \* \*

Жұма күні кенеттеп, Аршалы саймен келесі жазға дейін қоптасқан  
екі шөпші Көкең қорасының төбесіне шошайта маялап, ала сиырдың  
напакасын үйіп біте сала, жақсылап шаңбасар ұйымластырып, ұйқыға  
кеткен. Содан сенбі күні таң бозара шөліркеп оянған Көкенай Баканды  
жұлқылап тұрғызып ап, мотоциклді ауыл сыртына итеріп анарып, «қорші  
ауыл, қайдасың, әйт, шүү» деп тартып отырды. Дайтып-айтпай не керек, сол  
күні түннің бір уағына шейін Қоныраттың қалың итін абалатқан екі сері  
әлдебір достарының сенегіндегі үстел басына түнеп шықты. Таң ата тағы  
шөліркеп оянған Көкенай «Иждің» бордачегінде қалған 300 гр. спиртті әкеп,  
бірге сұлаған бес бөріні оятып бас жазып алып, «ауыл, қайдасың» деп аттың  
басын елге бұрған.

– Қош бол, қалкам, көрсенше,

Қайта айналып келгенше...»

Күн жексенбі. Түске шейін Күн де ортеніп, мотоцикл қайта-қайта қызып,  
жүріс өнбей қойды.

– Ой, итаяқ, не подведи меня!

– Есегіңе мінгенше, жаяу кетем.

– Қой, ей, Пахан, кемдегінің жаны бір. Сәл шыда, әне, қарашы, бұлт  
айналайы депті. Құрығанда шыбыштың кішкесіндей сіркіретеді.

– Рас-ау, ә?!

Мотоциклдің «қаны» және бір көтеріліп суи бере баданадай ірі там-  
шылар жетті жерге.

– Иә, сәт. Жолымызды оңғара көр. Бірәңсойұдтың қаһарына қалдыра  
көрме. Кеттік.

– Давай, тарт. Түс боп қалды.

– Ей, жатыр едім жайлауда пішен шауып-ей.

Ақ қойлегім су болды жанбыр жауып-ау...

Дальше?..

– Арғы жағын ұмытып қалыппын. Ылғи есіме түсіре алмаймын.

Сен құда шығарып салғанға жете алмай, мас боп қаласың ғой,  
постоянно.

Возможно...

Өзен жағалай біткен қалың шилеуіт арасындағы жалғыз аяқ жолмен  
төтесінен тартып келе жатқан мотоциклдегі қос қыран кенет оң қапталдағы  
өзенге қарап аңырып қалды. «Апыр-ау, бұ неғылған пләж?!» Өзеннің тал-  
бұтасы сиреген құмдауыт жағалауында бір топ қыз-келіншек суға түсіп

## Көктемнің молдір тамшысы

жағыр екен. Жанбыр сіркіресе де, Күнді бұлт құшаған. Жаздың соңғы ымыраһан сарқып алғысы келмеген беймарал, молдір, бейкам, шадыман сәт. Ынтың ару жайдақ өзенде су шашысып, даланың дарқан тыныштығын мәз-меірам карнавалға айналдырып жіберген.

Мәссаған, қыздар, е-ей!

Айдалала неғылған қыздар-ей?!

На, піркін! Жатыр едім жайлауда пішен шауып-ей,

Ақ қойлегім су болды жанбыр жауып-ау...

Кенет таспадай сиыр соқпақта лекітіп келе жатқан қосаяқ «Ижді» донғалары көктем кеп ұшты да кетті. Екі көзі қыздарды боп жолды ойламаған Көкенай бұл маңда ескі тоғандардың сорабы барып тәре ұмытыпты. Оң қыраттағы өзенге қарап әндете «ұшып» бара жатқан Көкенайдың есіне өтпінші жалғасы сәк ете қалды:

Сен есіме түскенде, бей карағым-ай,

Ақ боз аттан жығылдым есім ауып-ай! «Тура маған арнаған өлең!». Келесі сәтте дүние бұдлар тарта берді.

\* \* \*

Екі сері естерін «ГАЗ-63-тің» бортында, қалың қыздың ортасында жыны. Екеуінің де сойлеуге жағдайлары келмей, бастары өзен жаққа қарай қисайып, жақтары қарысып қалған. Әлгінде бұлар аударылғанда көріп қалған қыздар жылдам машиналарын жеткізіп, аудан орталығына бір-ақ ыртқан. Бұлар әлде, Алматы, әлде, Жезқазғаннан келген Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясының мүшелері екен.

Дүйсенбі күні бәлістің бас дәрігері, Көкемайдың кемпөшкесі, көріп-қалған бәрі жиылып, екі шоппінің басы бірдей неге оңға қарап қисайып қалғанын білмей дал болды...

## 2. Сіз бармаған бір қыстақ

Осы даладағы қаптаған тау-төбенін әйтеуір бір бөктерінде сіз бармаған бір қыстақ жатыр. Кәдімгі Хрущевтің тұсында қызыл кірпіштен орлин қаланың шатырлы барак үйі, баз қора, көктемінде көңілің ісік мүңкіген шарбақ, шөк шидің ту біткен тұсынан қызылып, қынасыз таспен шетенделген тұшы құдық. Екі басты барактың бір басы фермер мырзаның ордасы, сыртының сылағы көшкен екінші бөлігіне күзем жүн мен жабағы жүн, тулақ-тері кірпі алған. Тау қолтығында үйлікқан топ теректің ұштар басынан ала қарға қарк етсе, маубас төбет іргенің май топырағын бүрк еткізіп, үш-төрт қарғын әрі барып, кері қайтады. Ескі жолды төмен күлдиланқан қотыр қайқаның бері қалған жеті-сегіз бағанның кісі бойы жетер тұсына дейін қоныр бояуын көшіріп сүйкейген тана-торпақ, қақпағы қаңтарылған құдыққа доғарылған арық-тырық қауғасап, барак үйдің нықар желкесіне тік шаңылған сырық-антеннаның жел шайқаған теңселі болмаса, бұл маңайда өзге қыбыр еткен тірлік нышаны жоқ. Айтпақшы, үй

орындай төбесі тайпақ біткен төбешіктің кіндігінен көтерілген оба-тастың тапал көлеңкесінде зеріккен қойшы бала отыр. Ендеше тау астында түп-тура жүз немесе екі жүзге тарта қой қок шоңы бырт-бырт жұлып, жайылып жүр деңіз. Қойшы балаға қосарласқан шабдар шалақ иегін ауыздығымен қасып, келте мойнын тұқыртып, қоңыр топырақты пыс-пыс иіскейді. Тон теректен тағы да ала қарға қарқылдайды, маубас төбет те өз міндетіне адал. Ал төртгі үйде Оралхан ағамның әңгімесінен көшіп келген күйде төсек астындағы сандықты ашып, «анау жылы қайынысының құдасы кінгізген», «түнеукүні орталықтағы абысыны беріп жіберген», «өзі алғалы үш киіп, қысқарып қалған» көйлек-жаулықтың нафталинін иіскен, сол қалпында ұйқыға тұтқындауды бәйбіше қорылдайды. Құдай-ау, бұл неткен марғау тірлік?!

Сәлден соң қотыр қайқанның а-арғы жағынан кәрі «Москвичтің», «ы-ы-ы» деп ышқынған «53-тің» үні шығады. Қойшы бала, шабдар шалақ, маң төбет пен ала қарға, тіпті, төртгі үйдегі бәйбіше де елең-елең етесін, тіріліп сала береді. Айдаладағы ауыл әп-сәтте абыр-сабыр шо-кишо боп кетеді. Тайпақ төбеден қойшыекен құлдилап, бәйбіше күркедегі пештің күйесін білегіне шейін жағып алады. Маң төбетіңіз ендігі қайқанның жотасында жорғалаған шығар. Қайқаншап, қара жолдан шаң шығады. Мыжырайған күркенің тесік атаулысы көк жібек (жібегі де құрыған екен) түтінді есіп кетеді. Оны, қайдан келгені белгісіз, бір самал паршалап жатыр. Қара шәйнек томпақтан нешке мініп, «ыз» ете қалғанда, есік алдына екі қолік тоқтайды. Базарға апарған малы отін, тиып-тебенге «жарты Қазақстанды көшіріп әкелі ең» отағасы шұбатылған шаң сөйілмейінше көбенкеде бүгежектеп, әлденені шұқылап, түспей қояды. Сәскеге ауысқан Күнді бұлтиған бұлт құша да, көзің көлегейлеген бәйбіше күркенің есігіне сүйеніп, керісінше, есікті иығына сүйеп, шанның үстінен басын қылтитады.

– И-иә, амансыңдар ма?

– Ал-қолік аман ба?

– Халдарың қалай?

Қалай барып қайттыңдар?

– Мал-жан аман ба?

Мәшинелерің бұзылғаннан сау ма?

– Ит-құс мазалаған жоқ па?

Шаршадыңдар ма?

– Не жаңалық бар?

– Өздеріңде не жаңалық бар? – секілді жауабы жоқ, жоқ болса да түсінікті сауалдардың басын бір қайтарған соң, барлығы екі машинаға, одан соң үйге қарай аяңдайды. Әуелі бәйбіше есік ашуы керек, одан соң қожайын кіреді, қойшы бала қожайынның саптама етігін мықшындап шешуі керек, фермер төрт-бес рет ахылап-үхілеп біте бергенде екінің қоліктегі нән сөмкелерді есікке әсер сыйғызып, үлкен ұл кіруі керек. Мұнан соң қалашың лебің ала келген ала сөмкенің «ішек-қарны» ақтарылып түседі. Төрт-бес бөлек шай, арзан кәмпит-пішіне, бір бұрыннан қытайдың жылтыр сағаты

## Көктемнің молдір тамшысы

шыға малау (оны қайтейін деп жүр екен?!). Жетпік шамның екі-үш метр өтпесті, ошақты пәшкі «Полюс», «Қоланын» құтыларында езілмеген теңі есірт жатады. Мұның бәрі қайдан, қалай, қаншаға алынғаны, неге керектің сараңға түскен соң, бұрыштағы ескі шабадана ағтанады. Келесі күннен екі-үш керзі етік, тағы да қытайдың тәңішкесі інісін аңқытып шыққан соң, бір бұрыштан бәйбішеге арнаған қойлек-жаулық қылаң берді. Бәйбіше оны жымың-жымың етіп, тексеріп біте сала «нафталин әлеміне» бағыштайды. Енді күркеде қалған қара шөйшек еске түседі, ол, бәлкі-бәлмаса, бүрк-сарк ашуға мінген. Қойшы бала таудан асып, ұсақ мағына боқтап-сыбап санап әкеледі. Үлкен ұл мен бәйбіше бәз қорада бес шарбақ желінің қақтауға кіріскен. Маң тобет жағы айырылып кеткенше күтпей, бүгін түннің мазасыз болатынын ойлап, сыпк етіп қыңсылап қояды.

Рас, бүгінгі кештен түннің бір уағына дейін қыстақты мазасыздық жайып алады. Фермер көкең бәз қораны екі-үш айналдып, шарбақты шарбақта сүйейіп, қойын санап ыңылдан жүреді. Қойшы бала көлікке мініп, дүрідетіп қояды.

Кой, ей, кой!

Түрті үйдің төрт ұялы терезесінен жетпік шам інірге сығалағанда, маң тобет те шөк теректегі ала қарғаға үн қосады. Оны түспібеген үлкен ұл мылтығын сипап, шағырға шығып түседі. Содан Жетіқаракыны Темірқазықтан ширек орам озғанша, маң тобеттің арпылына үлкен ұлдың керзі етігінің тарпылы үндесіп, айрандай ұйыған түн іріп кетеді. Құдай-ау, оұл неткен мазасыз жүрт?!

Ертесіне бар тірлік қайтадан өз қалпына ауысады. Сол баяғы Хрущевтің барағы, бәз қора, қоң шарбақ, шеген құдық, қой мен қойшы бала, фермер мен бәйбіше, ала қарға-маң тобет, үйленбеген үлкен ұл айдалада – «Тәңірінің назарынан тыс қалған» ауылда тұмыр кешіп жата береді. Ол жаққа газет-журнал да бармайды, телефон-телевизор, радио-магнитофон келместей боп кеткен. Анда-санда бір сөккан орғалықтағы туыстар мен қаңыған құйын ғана мазаламаса, бұл ауыл жылына екі-ақ рет абыр-сабыр болады: күзде және көктемде – фермер қалаға мал сатып қайтқанда ғана...



## ГҮЛМИРА

*Когда уже очень далеко уйдешь по жизненному пути,  
то замечаешь, что попал не на ту дорогу.*

*П. Буаст*

...Отыз үш жыл өтіпті. Өрге шығамыз деп едік, ылдила секілдіміз. Бел асамыз деп едік, беткейлеп келе жатқандаймыз әлі.

Он бесте едім. Анғал едім. Пәк едім.

Иә, құм қамаған бұйығы ауылдың момакан баласы, он бесте едің сен. «Ақын бала» деген атағың аудан алабына аян. «Сен де он бесте, құралай, мен де он бесте...» немесе «Ол кезде сен де он бесте, мен де он бесте...» деп келетін өлеңдер бар біздің жақта. Екеуін де сенікі деуге болады. Бірақ, он бес жасың өзіңдікі емес екен...

Тырау-тырау тырналар бұлтты ойғанда ауылға келді Гүлмира. Қазір соны еске алғанда, әшгімелескенде «Ауылға цивилизация келгендей боп еді» деп қоясын кейде. Айтқандай, біздің бала бастан кешкен кеп туралы ел жақтағы жазушы көкем де тәмсіл тартқан. Бірақ, нақты болған жайды кейінкердің өзінен тыңдаған абзал болар.

Ауыл-үй арасында корікті қыз аз емес. Гүлмира солардың бәрінен бөлек. Үлбір жүзіне қаракат жанары, бүлдірген еріні, жайбаракат антарылған кірпіктері шақтап тартылған. Ауыл-үйдің түбіт мұрттарына қырдан қашқан түлкідей болды Гүлмира. Қыран қайда шүйетін? Ауыл жігіттері қыздарымен араздасып қала берді-ау жиі. Момакан ақын бала сол жылы он шақты үйлі ортаның «бас ақынына» айналған. Гүлмира үшін, Гүлмира деп, әуелі өз қатары қолқалаған: «Гүлмираға хағ жазып бер. Өлеңмен». Ақын атаулы саулаға шорқак – қиылған досты көп қинамай жазады. Тегін. Ракметін алады. Ертеңіне келесі ғашық. Ақын бала да бір жазған өлеңді қайталай алмайтын дертке шалдыққан екен. Жүрегін қос қолына ұстан, шығыршығын жұлып алған жарылғыш гранат уыстағандай боп, сәл босатса, атылып кететіндей. Бозара, сол жүрекпен бірге дір қаққан Мәжнүнге – жаңа жыр. Мәжнүн – мәз. Гүлмираны ұмытып, өлеңге, хатқа, соны апаратын өзіне ғашық боп мәз. Ақын баланың жүрегіне түскен қара бас өлеп құрты ауылдың алпыс ғашығының күснихатынан нәр алып, өсіп келеді. Ақыры, аямай шаққан. Мәжнүндердің тапсырысынан босап, онапта ойға қалған күні шаққан. Тап қолқадан. Күретамыр буылып қалып, жүрек байғұс атқақтайды. Жүздеген ғасыр жасырынып келген жанартау дерлік. Тау қыртысын жамылған қатпар-қатпар қалың қоз лықсып шықпаққа әуре.

Сол күні бұл да көрген Гүлмираны. Бұрын да көрді ғой. Бір сынып төмен оқыды. Іштей ынтық. Сезімін өзге Мәжнүндердің атынан тізген хатқа мөрлеген. Бір күні әскерден сол күзде оралған Нокай (шын есімі жалыдан өшкен) өтінішімен келді. Нокай да Мәжнүндер әскеріне қосылыпты. «Сен маған Гүлмираға арнап хағ жазып бересің. Ауылдың күллі бокмұрынына жазышың ғой. Маған жазатынын олардың бәрінікінен артық болуы



## Көктемнің мөлдір тамшысы

керек. «Анша» конверт сатып алғанмын. Қазір отыр да жаз. Әйтпесе...». Өтпінші өктем, өзі – озбыр. Атылайын деп жатқан жанартаудан ауыр бір ыныраныс шықса. Өбден пісіп-жетілген тау жарасы сыздап сыр берерде, етегінен бұлақ-қайнарлардың көзінен бұрақтар суы улы сілткіге айналып, қайнап кететін. Мұның да жанарына жас келетді. Ыза мен шарасыздық. «Махаббат ғалауатпен майдандасқан, қайран менің жүрегім мұз болмай ма...» деген ақынды түсіне кеткен. Мұз басып жатқан жанартаулар да болады. Ол атылса, сел басар болар маңайды. Бұл да селдетейін өленді. Жо-жок, жанартауы атылмаған – алғашқы зілді күрсінісіннің өзі көркем жыртқандай.

Әр жолдың соңы «Гүлмира» деп аяқталатын, сиқырлы нәзік ноталармен бійнақшыған музыка еді ол өлең. Нокайдан мұндай сезімді Гүлмира күтпесі анық. Тасын қаншама ғасыр қына жеп, мүжіп, морып кеткен тау да бір – Нокайдың жүрегі, сезімі де бір. Ондай таудың басына қылтанақ та тұрақтамас болар. Ақыры, хат тұйықталған. «Үздіге хабар күтуші Нокай. М.С.С.» деген аббревиатурамен. «Мен сізді, жо-жок, Нокайдың атынан болса, сені ...сүйемін» деген. Әңгіменің көкесі хат жазылып біткен соң басталды. «Енді осы хатты мына конвертке сал. Сілекейіңді шұбыртпай, байқап желімде. Тұра-тұр». Нокай қалтасынан кішкене құты алып шығып, конвертін ішіне қарата «пыш» еткізді. Олеколон. «Қу қыздың танауын қытықтасын. Ал, енді іеке кіріс». Конверт желімденгенін, Нокай сезім арқалаған жұп-жұқа хатты алақанына салып, салмақтап байқады. Жүзінде абыржу бар. Тілініп кеткен ерінін жалап, мұрнына такады. «Мұны енді өзің анарасың. «Сый қылсаң сыпыра қыл, жазғышбек! Ағасымен доссың ғой. Сенен еш күмән тумайды. Менің үлкен басыммен шүйкедей шиборбайға барып тұрғаным ыңғайсыз емес пе, а?!». Атыларман жанартаудың бір бүйірінен ақ бұлт түсетсе бу сыздықтап шыға бастайтыны бар ғой. Сол испетті, демі жиілеп, алқына бастаған ақын бала. «Жүр, кеттік». Көнбеске, шара көне? Гүлмираның үйі ауылдағы жалғыз прожектордың түбінде еді. Нокай сүт жарық ақтарылған бағанның түбінде қалды. «Кешікпей шық. Мылжың, отырып алма. Мен күтем. Жауабын дереу айтсын!» Әлінде Нокай салмақтайтындай-ақ екен, конверт – зіл батпап. Тосқалға тыққан ақын баланың жүрегінің сыздаған жаралы аузына, қолқа тамырына бағып барады. Еңкіш тартып үйге кірген. Жер асты дүмпуі болар қарсаңда қаптардағы қалың қоздың қызуы тау баурайының топырағын дулатып, қыздырып, ерекше күйге бөлер еді. Мұның алақаны дуылдап, от шалып, күймегендей қалыпта. Ыстық өтіп, тер құрсап, булыққан тәрізді. Аузын аңса, жалын құсарман, шок шашып, демімен қаритындай. Қыз ағасы досымен әңгіме құрған боп отырып, қағазбетте бұған жұғысып, аз-кем сұхбаттасуға ықтияр Гүлмираға хатты ұсынды. «Сенің өзіңнен бе?» – деді жанарын жалт ойнатқан «Өзге цивилизация өкілі». «Нокай беріп жіберді. Жауабын күтіп, есік алдында тұр». Жалқын нұр шашқан жанар оты өшкендей болды қыздың. «Ондай болса, алмаймын. Өзіне апарып бер, поштабай!» Жалт-жұлт еткен жанарының ғауһар тастары мың құбылып, өкпешіл

қыз өз бөлмесіне кетті. Бұл да аял жоқ енді. Әп-сәтте бар салмағынан айырылып, қауырсындай боп қалған «Авианы» жан қалтасына жытыра сап, үйден шыққан. Нокай шам түбіндегі түннің бір уыс жыртығында жарбыып, шылым шегіп отыр. «Иә, поштабай, не болды?» Нокайдың аузына ауысқан қыздың сөзі намысын шабақтаған бұл одан әрмен түнерді. «Керегі жоқ хатыңның. Әуре болмасын!» делі. «Сен дұрыс бермегенсің ғой. Қызбен сөйлесу білмейтін бокмұрын неме!» «Мықты болсан, өзің бармадың ба?» «Не дейсің, сй? Менің сендей «духтармен» кісіше сөйлескеніме семірген екенсің!». Өмірден соққы жемейтін ақын жоқ. Әсіресе, Нокай сынды дүлей дүмбілездер дарын атаулыға өш келеді ғой. Оны ақын бала білмейді, әрине. Боктерін ауыл-үй күресін қылатын қотыр төбешіктердің желді күні кенет шаңытып, ығындағы жазираны сасытатыны бар. Нокайдыкі сол еді.

Үш күн үйден шықпады тағдырдың алғаш соққысы Нокай боп тиген ақын. Бір жағынан, қыз алдында бетімен жер сүзген намысы, Нокайдың күрзі жұдырығы домбыққан бігеу жараға айналдырған жүзі, екінші жағынан, ауылда сшкім тік келе алмайтын докірді сөзден жыққандығы, әм қыздың «Хат сенен бе?» деп қуанып келіп, бұдан емес екендігін сезгенде жабырқағаны мұның асау, делі жүрегін сап-сап сабырға келтіріп, сабасына түсіріп, саябыр таптырған. «Махаббат ғадауатпен майдандасқан...» – дейді мылдап.

Үш күн Гүлмираны ойлады. Мәжнүндер тайпасының атынан жолданған хаттарын ойша тізіп, бүкіл өленді қайыра жазып шықты. Ең жобалысы, Нокайдың қолы қойылғаны екен. «Күллі ел қозғалып жатқанда, менің тіршілік жасамағаным әбестік екен» деген ішінен. Ақыры Нокайдың хатын қайыра жазып, өңдеп, басқа конвертке салып, қыз үйіне кадам туралады. «Өзімнен! Шын нистіммен!» деген. Өзге айтқаны есінде жоқ. Сірә, жарығыш, сөйлем құрастыра алмаған. Жанартаудың зіл күрсіндері жилеп, ауа шытынап, аттас зарядтар тебісе бастаған. Мұндайда тау қойнауын аралар жаңғырықтар да тыйылып, әуе ауыр ырақта лықсып, жерге жабысарман болар еді.

«Жауабын ерген айтамын. Кешке. Биге барғанда». Бір жарым тәулік – «Ғасырдан да ұзақ күн». Бәлкім, дауыл алдындағы тылсым тыныштық. Үміт пен күдік кезек сүйген жаралы жүрек қағаз жайылған дастарқан басына қарай тарта берген. Жүрек түбіндегі қара бас құрт қолқасын солқылдата сорып, жұдырықтай ет сазып, беймәлім саздар сыңси береді құлағыңда. «Ай алқалы, Күн сырғалы Гүлмира!» Бір тәулік – жиырма төрт сағатта қыздың сиқырлы әуезді есімін мың қайталады. Ертеңінде математикадан «екі» алды.

Әлқисса, би кеші, Гүлмира жоқ. Соңғы сыныпта оқитын бұларға есігі айқара ашық совхоз клубына төмен сынып балаларын кіргізбеген. Топты Мәжнүн мұны аңдып әуре. Бірі – тілектес, бірі – бәсекелес. Ақыры, қыз үйінің маңына барып, әуезді ысқырығын салған. Жарты сағаттан астам уақыттан соң, кіреберістің терезесінен шам сәулесі білініп, сыртқы есік сәл ашылып, қыздың басы көрінді. «Е-гей, Есенин! Қайдасың?» – делі

## Көктемнің мәлдір тамшысы

кыз «Басқа біреуі бар екен ғой?! Залым қыз!». Ашуға булыққан бұл кетіп бара жатқанда, тағы да «Ей, қияли ақын! Қайда қашып барасың?» деген қыз дауысы жетсін құлағына. Құстай ұшып жеткенін біледі. «Есен» деген ғой өзі» деген. «Есенин» дедім. Сондай ақын болған орыста. Қыздарға өлең жазудың мастеры – сен секілді. Мә, барлық шығармашылығың» деп. Мәжнұндердің атынан келіп, сол күйі аңылмаған хағтарды қолына ұстата алды. Сергей Есенин деген ақынды оқыманты бұл. Шалғайдағы ауылда орыс тілі, әдебиетінің мұғалімі жоқ еді. «Менің жауабым – осы. Ал сенің хатыңды альбомыма фломастермен көшіріп жазып қойдым. Есенинді оқыған соң келесің» деген.

Есенин шынында мықты екен. Сұлу жырдың серігі екен. Кейін сол Есенин атындағы медальды кеудесіне қалайтынын ойлады ма екен?! Ал, Гүлмира екеуі сол кештен соң жұптарын жазбаған. Он жылдық бітірген ақын бала жылқышы боп кетті.

*«Бозкөлдiң жылқы жайдым жазығына,*

*байландым бiр сезiмнiң қазығына...»* – деп, даланы жаңғырта ән салатынды шығарған. Гүлмира мектеп бітірген соң, яғни, келер жылы оқуға бірге аттанбақ. Алматыға. Алматыда ақындар ортасына барып, Аркадан келіп, ақ шатырын аспанға тікпек арманы бар баланың.

Тағы да көктем келіп, тырау-тырау тырналар көкке сына қакқан. Гүлмира мектеп бітірер кеш те таяу. Жалпақ жазиралы даланы еркін кезген қиялшыл бозбаланың кеудесі де солығы басылып, қайыра ұйқыға кеткен жанартаудай болады. «Жүрегім менің жанартау» деген атайы ақынды жаттаған жылдар еді. Жайсаң жаз жалыратқан күндердің бірінде мектеп бітірушілер кешіне дайындалып жатты бұйығы ауыл. Қырсық қылғандай, сол күні аласапыран дауыл, ағыл-тегіл нөсер ойнаған дала сахнасында. Ыққан жылқы, ыдыраған үйір. Дауылсүйгіш ақын бала кетті Бозкөл айналып. Екі күн, екі түн алалы үйірдің соңында аттан түспеген жылқышылар дүйсенбі күні кен қакты көктей өтіп, ауылға кен жығылды. Жылқы жайлауға оранған. Тұяқ серіппей ұйықтанды. Екі кештің арасында екі кластасы келді. Жүрістері суық, жүздері суық еді. «Гүлмираны Нокай алып қашып, қаладағы анайының үйіне түсіртіпті. Сол күні өзін келмей қалдың. Кештен кейін жалғыз үйіне кетіп бара жатқанда «Москвичіне» салып ап, қалаға тартып отырыпты. Көнбеген соң, жолда қол жұмсапты. Кеше аға-женгесі қуып барып келді. Шымылдық ішінде жылап отыр екен. Бекем бол!».

Қаншама ғасыр самарқау тартып, ұйықтап жататын жанартау атылғанда...

Қол ұстасын, арманға аттанбақ сапар кенет үзілгенде...

Аспанды қара бұлт қаптар еді. Қан-қара бұлғтар шеке түйістіргенде аспан тітіркен, қара жер аунай кетіп, түнсіз түнекке құлап бара жатқандай алпаң болар еді. Нөсер селдетіп, Нұқ пайғамбар кеме соғып, тірі қалған топанның елесі келер еді қайыра жер бетіне.

Жүрек кенет тоқтап, кіді кідірісі келер сәт толассыз дүмпуге айналып, төсті жарарман боп атылар еді.

«Гүлмира жоқ! Болған, енді жоқ!» Ақын атаулы тағдырдан таяқ жеуге жаралған халық. Әсіресе, Нокай сынды нойыстардан Нұқ пайғамбар заманынан бері, жер бетінде алғаш Өлең деген махаббат кемесі жасалғаннан бері таяқ жеп келеді. Ақын баланың жүреті алғашқы дүмнуде-ақ атылып, айнала бұлақ басы тең алапты көмкеріп кеткен. Зарлы, зәрлі жырымен. Кейін жанартау дамыл табар, жүрек те беріш жамар. Уақыт бәрше еміш...

Содан бері отыз үш жыл өтті...

Сол Гүлмира кеше телефон соқты. Алматының төріндегі аймағына танымал ақынның қызмет кеңсесіне. Күнделікті қарбалас, қым-қуыт жұмыс, сабылыс, кірген-шыққан қағаздар, шырылдаған телефондар. Бірақ, осы телефон ерекше шырылдаған тәрізді. Жайлаудағы құлыншақтың дауысындай шыңғыр-шылдыр кісіней шықты. «Алло!» – деді бұл қоныр дауысына ауыр ырғақты маңыз бере. «Алло! Сәлеметсіз бе? Маған Бәленше Түгенбаевич керек еді». «Сәлеметпіз. Мен сізді тыңдап тұрмын», «...» «Алло! Айта беріңіз. Тыңдап тұрмын...». Дауысын сәл жұмсартқан. Желінің арғы басындағы дауыстың ырғағы дірілте ұласқандай болды: «А-а. Сәлеметсіз бе? Мен... Мені Сіз танымассыз... Жо-жок, ұмытып қалған шығарсыз. Мен Сізді жиі көріп, то есть, өлеңдеріңізді ылғи газеттерден оқып, теледидардан...». «Рақмет. Кім боласыз?». «Мен... Мүмкін Сіздің ойыңызда бар шығармын. Мен – Гүлмирамын ғой...». «Гүлмира?! ...». «Иә, Гүлмира. Баяғыдағы, ауылдағы...». Қайдан ұмытсын! Отыз үш жыл түсіне кіріп, ойынан кетпеген. Әредік, жылысқан жылдардың жалынды кеткен жастығын еске алғанда, Гүлмира мінген құла тайдың тастакқа түскен тұяқ ізін де аңғарып отырар еді ғой. Бірер секундта күллі өмірі көз алдынан зу-у етіп өтіп, мына шаншылған. Кейде, Тәңірдің беймәлім әмірімен ұйқыдағы жанартау бір бұлк етіп, қатпар-қатпар жынысты жақпар арасындағы болмашы сызаттардан бозамық бұлт түсті бу атағын. Оянайын дегені ме? Зертханалардағы сейсмоқұрылыстардың шкаласы секіріп-секіріп кететін. Мұның қолы дірілдеп, телефонды оң құлағына ауыстырды. «Алло! Ой, Гүлмира! Қалаңыз қалай? Қайдан телефон шалып тұрсыз?» деген сөз болды алғаш аузына түскені. «Осында келгем. Бір шаруалармен. Кіші қыз ауруханаға түсіп қалып, соның жайымен...». «Ауылда дәрігер болмады ма?» – деді де, тілін тістеп алды. «Жо-жок...» желінің арғы жағындағы үн де абыржыңқы шықты. «Просто... ауылдағы дәрігерлердің шамасы келмей тұр». «Неңдей көмек керек, қай жерде жатыр?». Жасынан елгезек басы жарты ғасырға жуық жырлап келе жатқан арманы алдына кеп тұрғанда өз жаны таразыға тартылғандай тызақтап кеткен. Ақыры, телефон арқылы Гүлмираның бар шаруасын орайластырған. Енді өзі бүгін пойызға мінбекпі, «Барсам ба, бармасам ба? Көрсем бе, көрмесем бе?». Осы сауалды мың қайталады. Осындағы ақындардың алғашқы махаббаттарын араға жылдар салып кезіктіргені есіне түседі. Ауылдағы әріптес ағасының «Идеалы өлген күн» туралы әңгімесі ойына оралады. «Он бестегі құлыншақ едік. Қазір қырық сегіздеміз. Адам қызығатын көрік қалды ма бізде?». Көріктей кеудесі көтеріліп-басылып, кең сабадай толысқан тұлғасына

## Көктемнің мөлдір тамшысы

айнадан көз тастады. Бұғақ салбыраңқы. Жүзіне шалбар әжім түсіпті. Қасқабағы бұйрат құмға біткен бұйығы баялыштай ойқы-тойқы. «Жок, болмас! Он бестегі қалпымызда қалайық...». Жылдар бойы тыншыған жанартау бір заманда тау төбесіне көтерілген әлдебір геолог немесе альпинистін жақпарға қакқан шапқы темірінен де оянып кетер еді. Әуелі жердің тінін тітіретін гуіл жүгіретін. Мұның кеудесі де кешегі телефон шыдырынан кейін өзгеше күрсеініске толған. Түн баласы дөнбекшіп шықты. Таңнан бері жұмысы жүрмеді. Ақыры, жүргізушісін шақырып алып, жұмсаған. «Жылдам бар. Міне, телефоны. Бар керегін әпер. Орталық дүкеннен сыйсиянат ал. Пойызға мінгізіп салған соң хабарын айтып бірден осында кел. Алыс ауылдан келген туыс еді». Енді сол шопырын күтіп, тағат ташнай отыр. Ақыры келді-ау. Өзі секілді ауылда туған момын, тындырымды, жауапты жігіт. Оны-мұны сұрағыштап отыр. Ол есен беріп, бұл сауал тастап, біраз отырған. Хатшы қыз есіктен сығалағыштап қояды, қабылдау бөлмесіне біраз ел жиылып қалған сынайлы. «Мынау дүкеннен қалған ақша еді». Жүргізушісі 100 долларлық жасыл қағаздарды үстелге қоя берген. Бұл ақыры шыдамады: «өңі қалай екен, жүдемен пе?» – деді. «Ой, аға! Мұндай келбетті, келісті әйел баласын әлі көрменпін. Сізді қайта-қайта сұрады: «Неге келмеді? деп», – деді шопыр жігіт. «Апырай, ә! Ана ақшаны өзін ала бер. Бір кәдеңе жаратарсың...» деген толқып кеткен бұл. «О, Гүлмира! Сол қалпында болмасаң да, әлі керім екенсің-ау! Менің келмегенімді неге жорыды екен? «Менсінбеді» деді ме екен?».

Отыз үш жыл. Арқаның жазығында жаныма ерген құралайдың лағындай жаным еді, Гүлмира!

Анғал едік, пәк едік. Ал, өмір... Өмір – жоқай екен, нойыс екен. Әу баста бағыт алып шыққан жолыңның ортасынан асқан соң, кері қайырылып қарасан...

Жер жаралып, су аққан алғашқы дәуірді, мұқым жалғанның жаратылысын түсіндіргісі келетін ғалымдар Жер шарының жазиралы жұмақтары қайнарында мәңгі лаулап жататын қызуы бар жанартаулардың демімен жасанып-жаранып тұра береді дейді. Ал бір күні атылса...

Біздің жастық шағымыз да сол жазиралы жұмақ екен. Тек, өз дегенін жасайтын мәжнүн өмір болмаса...

Сол кездегі бала ақынның жазған өлені қалай еді? Ол тәмсілдің ендігі нұсқасы жазылса былай болуы тиіс:

*«Көктем көздің жасындай боп сырғи ма?  
Сырғи-сырғи бет түзедік ылдига.  
Сары белден сағым ұшып жатқанда,  
Жаныма ерген жаным едің, Гүлмира.*

*Күңдей күлген көгімдегі Гүлмира,  
Ұсынады өмір нені Гүлмира.  
Он бесінде толған айдай толыққан,  
Отыз үш жыл көрінбеді Гүлмира.*



Жақуттайсың,  
Лағылдайсың, Гүлмира,  
Түңгі ұйқымды тағы ұрлайсың, Гүлмира.  
Сағынасың...  
Сағынбайсың, Гүлмира.  
Жаңарқаның жазығынан жоғалған –  
Ақбөкеннің лағындайсың, Гүлмира.

Ісім ойбей,  
Ішім өлген, Гүлмира,  
Түсінібесті түсінер ме ең, Гүлмира.  
Дертің меңдеп...  
Ішіп алғам, Гүлмира,  
Отыз үш жыр арнасам да ұмытылмай.  
Отыз үш жыл түсіме енген Гүлмира.

Көктем көздің жасындай боп сырғи ма,  
Сырғи-сырғи бет түзедік ылдизға,  
Өткен-өтті...  
Кұрысын бәрі, Гүлмира,  
Есіңе алып жүресің бе әлі, Гүлмира,  
Ай атқалы, Күн сырғалы Гүлмира».

Ақын мен ару келіншек әлі кездеспеген деседі. Кездесуі керек пе, әлде?..

19-қаңтар, 2009 жыл.





## Қақсемнің мөлдір тамшысы

### ЖАЛМАУЫЗ

*Каждый из нас одинок в этом мире. Каждый заключен в медной башне и может общаться со своими собратьями лишь через посредство знаков. Но знаки не даны для всех, и потому их смысл темен и неверен. Мы отчаянно стремимся поделиться с другими сокращениями нашего сердца, но они не знают как принять их, и потому мы одиноко бредем по жизни, бок о бок со своими спутниками, но не слышно с ними, не понимая их и не понятые ими. Мы похожи на людей, что живут в чуждой стране, почти не зная ее языка; им хочется высказать много прекрасных, глубоких мыслей, но они обречены произносить лишь штампованные фразы из разговорника...*

*Самерсет Мэгл.*

«ҚарЛаг» тұтқыны Иманмұса Жантоқовтың шобересі Ыбырай Мусин – белгілі түрколог ғалым. Оның егізі Мұсатай болса, облыстағы кардиоорталықта бас дәрігер. Бір ата-анадан өрген егіздер сенбі сайын бас қосып, моншаға барып, одан соң, сыраhanaға енгеннен шыққанша толассыз ауласады.

Кез келген адамның жүрегінде «АЛПА» деген арабша жазу бар, – дейді кардиолог.

﴿﴾

Жаңылысасыз, профессор мырза, – дейді түрколог, – жүректі шарбақтаған тамырлардан шығатын танбалар Орхон-Енесайдағы көне түркі қаріптерімен дәлме-дәл келеді:

𐰽𐰺

«АЛАС» яғни, «Кет. Жолама. Аулак!» деген мағынаны береді...

\*\*\*

«ҚарЛаг» тұрғындары сол түні ұйқыларынан шошып шықты. Қорқау күзетшілерінің күндізгі құқайынан емес. Қабаған жалмауыз иттердің ұлуынан, абалап урушын де емес.

Түн ортасынан ауа лагерь шетіндегі жәпірейген тамнан шұбатылып шыққан өзгеше иіс жер тістеген баракка қалықтай еніп, күлімі қанырық сым езген дәлізді бойлай есілген. Быламық ботқаға қосылған жарты қасық сахардың майының иісі емес. Еттің иісі. Ылжырап іскен, содан сәл бұрын ғана сойылып, солі сорғымастан қазанға түскен жас еттің иісі. Шеткі камерадағы жөйттердің мұрнына иісі жетіп, есік аузында бүкірейген өлімші жігіт ынырси ұйқысырап, шошып оялды. «Ет?! Ет пісіріліп жатыр!.. Есімнен ауа бастаған пығармын? Үйде жатқан жоқпын ба?». Қармана тұрғысы келіп еді, аяғын езіп, бұтына тығылған шалды сезіп, өзінің камерада жатқанын аңдады. Талмаусырап, тамсанып жатып, белгісіз үреймен бірге танауын қытықтаған еттің иісіне елітіп, ұйқыға кетті. Дәлізді кезген мекін елеске еріп, күллі камераны адақтап шыққан еттің иісі тыныс-демі күбір-күрей-

іске айналып кеткен тұтқындарды шошытып шықты түнімен. Мұндай елес күнде кезбейді түрмені...

Тұрғындар, иттер!

Сарт-сұрт етіп ашылған есіктен бозамық сәуле, сәулеге жармаса салқын сыз енді камераға. Қарауылдың тағ жеген штығы есік аузындағы Ыбырайымның бүйірін ісіп өтті. Ыңырси қиралаңдап тұра бере құлаған өлексені алған. Өзге тұтқындар ілбip сыртқа ұмтылды. Бір-біріне ұйлығы-са сүйеніп, сүйретілген тірі аруақтар таңғы серуенге, серуен соңында камераға қайыра камалған соң, тесіктен үлестірілер бір-бір қасық таңғы тамаққа асығулы. Ыбырайымды соқыр шал ғана демеп көтерген болды. Ыңырсыған сорлы соқыр шалға сүйеніп, әзер оналды. «Ет жейікші» деді қырылдап, ет жейміз бүгін». Бүйрегіне қалалған сүңгінің орнынан қан да ақпады. Сырқырап ауырып, шаншып барады. Бірақ, осының өзі де ләззат секілді. Тырнағы сынған сұқ саусағын ауыресына апарып, сипап қорді. Ала көлеккеде саусағына қан табы жұкканын байқаған. Жалма-жан сорып-сорып алған. Таңдайына нәр жүгіргендей. Тағы қарманып, бүйіріне саусағын тығып жіберіп, қанатқысы келді. Басы айналады. Саусағын тағы сорған. Тістеуге де дәрмен жоқ. Қарауылға қарады. «Тағы шаншып алса екен. Қаным қайда кеткен?! Мен есімнен ауа бастаған шығармын... Ет...» Шалға сүйеніп, далаға әзер шыққан. Алсары аспан жақта. Мына жат аспан жанын ессе де, көк шатырдан кеңдік төгіліп, сызды салқын ауа ауру өкпесіне құйылып, өлімші жанына сәл демесу берген. Сүйретіліп жүріп, сопақ шенберді үш айналды.

– Камера жаққа!

Ілбіген тұтқындар ірметіліп, асыққан қалып танытты. Біразы құлап та жатыр. «Штық тығып алса екен! Итке қаптырса екен!». Жанаптыш қарауыл керзі етікпен ғана тебеді қырсыққанда. Аласұрған иттер де алыста. Ток. Тірі өлекселерге қарамайды да. Кенет барак жақтан жүгіре жеткен төрт-бес қарауыл бұлардың күзетшісімен әлдене деп тілдесіп, он шақты тұтқынды жеке бөліп алды. Енді сырты көкпен сырланған әлдебір үйге қарай айдап келеді. Әлгі үйге жақындағанда түнгі елеспен бірге еттің ісі тағы да мұрынды жарып барады. Ас пісіретін орын екен. «Ет!» десті тұтқындар. Үрейлі үміт тірілген өлімші кеуделерде. Көк үйдің тапал есігіне таласып, әзер сыйысты. Шұбалған тар дәліздегі бас сыймас тесіктен ұшыылған тегеште ылжырап піскен ет майсыз сорпаға батып, бу атып жатыр. Ыбырайым жалма-жан қолын салып жіберіп, қарнып алды. Аузы күйгеніне қарамай талмап, қылғытып жіберді. Өзегіне орт құйылған. Суырып барады. Күйін қалған тілін қоса жұтардай. Иегі кемсенден, темір тегештегі сорпаны төге-мөге сімірді. Қалшылдап, қабырғаға сүйене кетті. Жанар алды буалдыр елес. Басы айналып, миы көзінің қарашығын сорып, солқылдатып жіберді. Салдыр ете түскен тегешті елемей, ішкіне түскен бір кесек етті аялап, қабысқан қарнын қос қолымен қысып, жіберсе айырылып қалардай мәңгіп ұзақ отырды.

Ет! Ет! десті әруейлер ыңырсып.

## Көктемнің молдір тамшысы

Енді күнде ет жейсіндер! – деп, қарқылдан күлді қарауылдардың бастағы.

«Бұл шынымен өнім бе, әлде, түс көріп жатырмын ба?» Ауру кеудесіне түрсетіп тиген керзі етік есіп жинатты.

Түр орнынан, сілімтік! Иуда! Сапка тұр!..

Жарты жаланның жұраты жиылған «Қарлақтың» Көкөзектегі бөлімшесінде көктемнің сол сызды күндерінен бастап тұтқындарға, оның ішінде ұтпа қазақтар мен өзге жұрт иттің етінен жек көрер жойттерге күнде үш мейіз ет асылып берілетін болды. Бұлжымас тәртіп, жоғары жақтан қатаң бақылауға алынған. Кімнің қамқор назары түскені белгісіз – қырық шақты қазақ пен жүзге тарта иудей тұтқын ет жеп, оналып, бір жасап қалды.

«Ет! Ет!» – дейді ынырсып, тұя баласы түстеріне үрейлі елес кіретін тұтқындар. Сүйегінен сылынып алынған, әлде, ұзақ қайнатылып, сілікпесі шығып, жілігінен ажыратылған ет – адамның еті еді..

\*\*\*

Авраам Сенковский!

Мен!

Бұл бір адым алға аттаған. Жарты ай бұрынғы өлмелі әруей жетіліп, еңсе тіктемесе де, аяғын нық басар халге жеткен.

1900 жылы туғанмын. №57 бан. Жиырма бес жыл.

Имаиұса Жантоқұлы!

Мен..

Қазақтың үні құмығынқы шықты. Тоқырауып бойын жайлаған ел Көкше теңізді кешіп өтп, жалайыр ішіне сінгенде шалқар дария жағасынан кетпеген елі мұның ауыны. Қырық үйлі ауылдың молдасы да, тәуіп-емшісі де осы жігіті ағасы. Бұл да сол «елу жетінші» банпен келген. «Халық жауы».

Бір адым алға, малтұн!

«Е, Тәңірім! Тағы пете дұшар қылмақ ойың бар?»

Хижраның 1312 жылы. Елу жетінші бан. Жиырма жыл.

Жап аузыңды! Оңға бұрыл! Алға..

Сол күні қосақталған қазақ пен жойттін бірінің оң қолына салынған күен екіншісінің сол қолына тағылды. Алпамсадай тұлғасы арыған нар қазақтың жанында тапал бойлы күстүмсық бұйрабақ жігіт інгенге қосақталған тайлақтай сүмен-сүмен егеді.

Аһырай, құдай қоспағанмен қосаққа қоса тізілдік-ау, Ыбырайым. Бұлар бізді қайтер екен?..

Бір кісенге байланған екеу лагердің тау бөктердей салынған есік-тересіз тас қамалына тығылды. Зілбатан темір есік сықырлай жабылып, жарықтан гөрі қараңғыға көздері үйренісіп қалған тұтқындардың жотасынан тірелген темір сүйіңі дедектетіп, сүрінтіп-қабынтып, жықпыл-жықпыл дәлізбен түрме түкпірінен бір-ақ шығарған. Тас қамалдың тапал дәлізінен аттағанынан-ақ үйіткінен құйқаның иісі Имаиұсаның қолқасын қапқан. «О,

Тәңірім! Мынау некен сасық иіс?!» Күйген терінің, не бықсыған жүннің иісі. Авраам рақаттана дем тартқандай.

– Мал терісін ыстаған ба? Әлде, ортеген бе?

– Алсаған екенсің сен де! Тымырсықта ұзақ жатып қалған өліктің иісі бұл! Өлген кісінің жаны жаһаннамға аттанарда тәні осылай сасып, қоңырсып кетеді. Ей, мына қор-лақатта бір емес бірнеше мәйіт жапқан сияқты ғой...

Қосақталған казак пен жойттың көзі әбден үйренгенде өздері енген түпкі бөлменің қос қабырғасы мәйіттен қаланғанын аңдап, оқиға қанқан кері қарай. Жеңдеттің сүнгісіне де қарамады. Сыртқы есікке барып тірелген.

– Қайт кейін!

О, Алла! Алла! Көрмегім осы ма еді?!

Ыбырайым өз құдайына сыйынып, сарнап жылап кетті. Сүт пісірім уақыт өте екеуі де содықтап басылған. Сол кезде сыртқы есік те сарт-сұрт ашылды. Бір топ жеңдет ішке енген. Тізерлеп отырған қос тұтқын орындарынан атып тұрып, тысқа ұмтылғанда, бірден таяқ астында қалды. Жарты сағат таяқ жеп, естерінен тана бере мұрынларына жеткен ашы нашатырдың иісінен қайыра ес жиысты.

– Сілімгіктер! Бір ай бойы адам етін жеп келіп, енді қорқып тұрсыңдар ма?

Иманмұса қайыра шалақтай берді. Авраамның көзі шарасынан шыға жүрелеген қалпы қатты да қалды...

Қарғыс тапбасы басылан таңдырға көнгеннен басқа шара жоқ! Бір кісеге тізілген қос бейбақ сол күндерден бастап мәйіт соятын қасапшыға айналды. Екеуі де апта бойы көнбей, таяқ астына алынып, ақыры аштықтан тұралап өлімнің болғанда ауыздарына құйылған спирттен естері мәшгіріп, шала ішек адам етін қарбыта асаған. Көзіне ібіліс елеетеген еді казактың, жойттың жүрегіне шайтан ұя салған. Аяғы – екеуінің де естері ауысып кеткен-тұғын.

Ендігі тірліктері міне – әуелі әкелген бетте тәнін жапқан киімдері сыпырылып алынған өліктердің кеудесін жарады. Мәйітті шалқасынан салып, төстің етегінен сәл төменге пышақ ұрады. Бірнеше қабырғаларға жабысып тұрған теріге лыпыма селебе тиген бетте сасық иіс түшпінқытырып, отырысып қалады бейбақтар. Төстен бір қарыс төмен кіндікке шейін тілінен көк етке бас бармақ сыярдай тесік жасалып, қабысып қалған ішек-қарынды жармай алу үшін ішке жел үріледі. Көк етті пышақ жүзімен соқкен соң, мал сойып үйренген казак оң қолын төе қуысына сүнгітіп жіберіп, қабырғаға жабысып қалған өкпені ажыратып, кеңірдектен уыстай ұстап, өңешпен бірге суырып алады. Борсыған сарысу сыртың қаптаған өкпеден қара қан ұйып, солып қалған жүректі арылтып, темір легенге жеке салады. Жойттың қасібі – абажадай темір пеште жанып жатқан отқа іріген ішек-қарын мен белгісіз ауыр дерт жеп, аштықтан шіріп, беріп басқан не соққыдан қан ұйып, қалпы өзгерген өкпе-бауырды салып ортеп жіберу. Күшіне жиырма пайыз жүректі жармай алатын қос қасап өлекеселердің өзге етінен жеуге жарамды жамбас пен сан етін мүшелемей шауып алып,

## Көктемнің молдiр тамшысы

термен ажыратып, пеш үстiндегi тайказанға тоғытады. Керектi мүшелерi алынған өлiктi де екеулеп жүрiп, пешке жұтқызады. Етi сойылған терiлер жеке ыдысқа жиналады. Пешкен ет iсiне мәңгiре масайып отырады әр кеш сайын екеуi. Көз алдары тұманданған қосақталған сорпылардың саналарын да тұман жанқан-ды. Күнде ертеңiлiк бiр-бiр тоспаған ешiрт пен су-суан етiнiң едi темiр есiктен. Түн iшiнде шалықтап оянған екеуi таң бозында бiр-бiрiн сүйретiп, есiк аузында ояну да әдетке айналған. «Ет! Ет жеймiз!» – дептi Ыбырайым қырылдап, Қазақ қарқылдап күледi. Баяғы-ы-ыда атасы аялған бауыздатқан коңыр қозы маңырайды ойында. Кейде кiсiнеген алаңыр бөi арқырайды, тасаттыққа шалынған ақ коңшар, көк өтiшке өкiредi өi.

Кенiкiсiн тағы ашылған есiктен жүрек салынған деген мен ет толы тайказан әкетiледi. Ет – тұтқындарға тартылады, сыртын жаба коңшар күн үйiп, қолқа тамыры салақтаған жүректер орталықтағы зертханаға – қанқуiлы ғалымдардың арам шығалды зерттеулерiне аттанады. Орнына ошшақты мөйт – сол күнi жан тәсiлiм екен тұтқындардың тәнi енгiзiледi. Бұлар екеулеп жүрiп, өлiктердi өздерiнiң қасанханасының қабырғасына қалайды.

Әлде, күз, әлде көктем. Күнiне екi мезгiл сыртқа шығарылатын көс қасап өздерiнiң қарғыс атқан тiрлiктерiнiң соңғы күнiне жеткен едi. Кенiкiсiн шыққанда екеуi де iшке кiргiсi келмей сокқы жедi. Иманмұса өкiрiп жылаған, көптен берi Алласы аузына түскен. Ыбырайым да бiресе күлiп, бiресе жылап, қосағын құшақтап, көрiсе берген. Басы жарылып қалақ тiрлiк белгiсiп таанытып, қалшылдан оянғанда, темiр есiкке сүйейiп жанқанын аңдады. Қылқынып барады екен. Ыбырайым мөйнишан тас қылып құшақтап алыпты. Солықтан, күрсiнiп, дiрiл қағып жатыр. Аузынан қан аққан. «Е, бейбақ! Кiмiп сағынған екен?» Кенет өзiнiң соңғы жарты жылдағы күлдi тiрлiгi жадына ғайыштан оралды. «Алла! Алла!» дедi күнiренiп. Ыбырайымның қолын ажыратып, орнынан атып тұрған. Әлiнде басына тиген ауыр сокқы ауышқан есiн қалпына келтiрiп, жадын жанғыртып, сана тұманын сейiлткен едi. Қан-қан қолынан, киiмiне сiнген адам қанынан, пеш-қарындардан жұкқан жышнан жеркенип, лақылдатып күса бердi. Өкiрiп ұзақ жылады. Түн баласы құдайына мың мәрте жалбарынып, мына тозақтан күтiкаруды сұрады. «Бiрақ, мен тозақтың өзiнде жүрген шығармын?! Тозақ онына күйгендердiң жүрегiн жуып, арулап көмiп жүр емесiнi бе?» Мына қалаған шаншу әнтек есенiретiп, талықсып жатып ұйықтап кеттi. Түсiнде бiбiсiпен шарап iшiп отырды. «Кел. Жұтайық мына балдан» дейдi есергi. «Бад емес мынау, сайтанның сiдiгi» дейдi бұл. «Мен ендi iштеймiн. Татар дөмiм таусылған», «Ха-ха-ха! Атау-керендi iшiп алсайшы. Ей, жалмауыз! Сен де тозаққа барасың. Сенi де бiр қасанны мүшелемей сояды. Жүрегiндi жеке алып, жерге бермей жиырма жыл сайтанның сiдiгiне салып, сақтап қояды». Жүрегi атқақтап соғып жатып оянған. «Мен адам сойдым. Топыраққа берiлмеген, арулап көмiлмеген аруақтарды қорладым». Адам есiн жегенi жадына оранғанда шарасыздықтан шалқалай құлады. Тас еденге

басын тарсыдатып соғып, жанталасты. Бірақ, жан тәтті екен. Өлмеді. Жүрегі шым-шымдап сыздап, тас боп бүріп ауырып, аузына қаның дәмі келген. Тілін тістеп алығты. Ұрғына ұйыған қан толып қалғанын сонда ашарды. Локсып, түкіріп қалғанда тістелген тілінің жартысы қоса кеткен. Езуінен шұбырған қан тоқтар емес. «Тілім қалимаға келмейтін болды-ау! Иманымды кім үйіреді?!». Сүйретіліп жүрелей отырған Ыбырайым сүк саусағымен мұның қанды түкірігін түртпін, ішінде жатқан кесек етті – тілді шымшып ұстап, Иманмұса қолын қакқанша аузына салып жіберді. Мылжаңдап шайнай бергенде, қазақтың жұдырығы шықшыттан тиіп, қырындай құлады.

– Ауышымайуатүіте.

«Аш аузыңды, айуан. Түкір тез!» дегісі келген бұның. Жартысына жуығы қыршылып кеткен тілі икемге келмеді. Қос қолымен жөйттің ернінен ұстап, жағын айырмақ болған. Қатты күштегенде Ыбырайым ауырсына ауызын ашқанмен, тілді жұтып та үлгеріпті. Жанындағы қосағының айуанға, аңға, әлде, әлгі шайтанның, жалмауыздың өзіне айналып кеткенін ұғынды. Өзінің де...

Тамұқ түн еді. Жаны ауырып, жүрегі жерге тарғып, сазып қоя берді. Аузынан аққан қан да тоқтар емес. Мойны ерек ауырлаған басын көтере алар емес мүлде. Бүк түскен қалпы жылай да алмай, күрсіне де алмай, санасына салмақ түсірген ауыр азапты ой мен қасіреттен еңсесі езіліп отыра берді. «Өлу керек! Тозағы да жұмақтай шығар бұдан соң!». Жүрегінің түбіндегі шөккен иманының, жансөбіл сенімінің жұқанасы да қалмапты. Көзі ашылмай, қос қабағы қосылар тұста әлдебір саңылау пайда болғандай. Айналаны сонымен көріп отыр. Кенет қарақұсынан да сызат саңылау білінді. «Е, есімнен танайын дедім ғой». Беймәлім халге ене бастағаны сәл жұбаныш берді. Бірақ, есі ауыспаған. Керісінше шүйде, жетесінен сыздықтаған саңылаудан іліп алған әлдене мұның тәнін ауада қалықтатып, түпкі бөлмеге әкеледі. Жүрегі жоқ екен дейді кеудесінде. Сүйретілген Ыбырайым да ширақ. Жөйт орнынан тұра бере есік аузындағы қос тостағанды да ала кеткен. Екеуі қиралаңдап барып, қасапхана үстеліне тақашы.

– Аққан қанға мына у ем болады, Иоанн-Мошэ! – деді есі қалпына келген Ыбырайым.

– Ы-ы-ы!..

Ішінен «Атау-керем шынымен мына сайтанның сідігі болғаны ма!» деген. Салбыраған зілдей басын көтерместен үстел шетіндегі селебеге қол созды. Әдеттегідей. Екеуі қатар қозғалған. Кісен тағылған қолдары. Екеуі екі пышақ алып, мәйіттің екі жағынан шыққан. Өзінің айуандық халіне еріксіз титықтай көнген Авраам не істерін білмей тұрғанда, Иманмұса кірпігін әзер көтеріп, кешкі серуенге шығарда үстелге шалқасынан салынған мүрдеге қарап өкіре шыңғырып жіберді. Кешке кешкілік ішін тіліп, кеңірдегін суырып алып, өкпе-жүрегін ажыратуға әлдері келмей кеткен мәйіттің ішек-қарны актырылып жатыр еді. Қалың қара шашы қаба



## Кыстемнің мөлдір тамшысы

өпкәлімен қоса ұйысып, жүдеу жүзін басып кеткен жанның көздері ашық. Оңенде жабатын жаң болмаған. Аласы аз жанары Иманмұсаға қалатыны Қара мұрны зорайып шалынған. «Бауыры-ы-ем!» – деді ынырси зарлап Иманмұса. Онысы мүлде басқа дыбыс боп шыққан. Қасқырдың ұлығанындай созылыққы, күңіреністі боп шықты. Ішін тартып өкірді есі түзешен қасашы. «Бауырым, Тәңірбергенім!..».

Тәңірберген Иманмұсаның ағасы еді. Әке-анадан бір туған. Мұның қолына кісен түскенде істер дәрмені болмай аласұрып, шиті мылтығымен бір оқ шығаруға ғана шамасы келіп, қара атымен түнге сінген ағасы еді. «Бауырым! Бакида бір кездесерміз! Қош!» деп айғайдай өкіріп кетіп еді. Інді, міне! Кездесті.

Мұсыл қалпаң ағасының тәнін құшып, зарлап қанша жатқаны есінде жоқ. Ауынан аққан қан ұйып, үстел үстіндегі ылыққан жыңға араласа қатып қалған. Еңесіні әзер тіктегенде қос қолдан тостаған ұсынған Ыбырайымды көрді.

Мә, Мошә! Жұтып ал, жақсы болады...

Бұл шіміркенбеді. Өз қанымен бірге ішкі сарайын аралаған у қайғысын шайғандай. Ағасын арулап жерлей алмайтыны, өз қолымен кеудесін тілені ойына келді. Кісенін ысыдыратып, қос жұдырықтай жүректі уыстаған. Ешнен өкпеден бөліп алды. Қолқаның тармақталар тұсынан кісіп, жабысқан тамырлардан арылтып, қос қолдап жоғары көтерді. Не істерісі елден тұрғанын білер шамасы жоқ. «Аға!» деді. «Тәкем! Жалғыз сүйенішім! Нокта ұстатар, бас ұстатар, бата баптатар, ардағым!». Мәйітті айналып, Ыбырайымды ертіп, пеш алдына барды. Ыбырайым өкпе-бауырды нешке атып ұрды. Бұл жүректі де отқа жұтқызбақ боп сәл ойланып тұрып, айналдырып қарай бастаған. «Адам жүрегі жұдырығымен бірдей болады деуші еді. Нар ағамның кеуделегі асылы-ай! Ат басындай!». Қолқадан тармақталған тамырлардың қос құлақшаны қапсыра төмендеп, бұтарланған күш ерек быртынып, дертіп тұрғанын аңдады. Бездене біткен берішпен бірге тас боп қатып қалынты. Пештің жабылмайтын аузынан шалқыған жалпаңмен әлгі тамырлар қозғалып тұрғандай боп шалынды. «Алла!» – деді Иманмұса. Өз көзіне өзі сенер емес.

Ыбырайым, «Алла» деген жазу мынау! О, Құдірет! О, Жасаған Алла! Сүбхан Алла!

Қошқыл қоңыр түске еніп, қатып қалған үлкен бұлдірген тәрізді жұмыр кесек еттің сыртын шарбақтай қатқан тамырлар өзара беймәлім ретпен жалғасып, тұтас жазу, түсініксіз таңбаларға айналған еді, санасы сансыраған тұтқышың көз алдында. Күрт тізерлей отыра қалып, жүректі оннан солға қарата айналдырып, тәспік тартар машығын ұмытпаған сорлы саусақтары кезегімен қыбырлап, еріні дірілдеп, Құран сүрелерін созды қасапшы. Кесінен тілі қазақшаға келмесе де, арабтың жұмсақ әуезді сарынына ере, көмейден тоғілген зарлы дұғаны кедергісіз ақтарған. Жарты сағат зарлаған бейбақ, орнынан таныл атып тұрып, Ыбырайымға қарап, жойттың қолында тұрған селебені алып, кенет шалқая бере өз алқымынан қиялай тартып,

айналдыра орын жіберді. Тік тұрған күні сылқ етіп тізерлей отырып, кеңірдегі мен күре тамырынан атқақтаған қою кара қан тыйылғанда шалқалап құлады. Өлгіңде өзін-өзі шалып, бауыздап жібергенде оң қолындағы селебені тастай сала, ағасының жүрегін қос қолдап ұстап, кеулесінің сол жақ тұсына басып үлгерген екен. Иманнан үйіріп, ағасының жүрегін тәспікше тартып, дұға қайырған Иманмұса шалт қимылмен жан тәсілім ғып, шалқалай құлағанда денелі қазақтың салмағы басып кеткен Ыбырайым солға қарай теңселе шатқаяқтап, ашық тұрған пеш ішіне баспен кіріп кеткенді. Окіре айғайлап жанталасқанмен, темір пештің жалмауыз арасынан шыға алмай тұшығып, әп-сәтте жалын құшағында жан тапсырды байғұс жойт...

\* \* \*

Адам баласы бабамыз Жұмақтан Жерге қоныс аударғаннан-ақ қанаты қарғыс аркалап келеді. Қара жерді қайыстырар салмағы бар қаншама күнәміз жүрегімізді сәт сайын сығымдап, еодқылдата қанын сорар тамырымызбен тарап, тәнімізді улаған. Жүректің басына киіліп, сыртынан шеңгелдей уыстаған тамырлар біреу үшін Тәңірінің есімі сынды күдіретке ие болса, біреу үшін бүлдіргеннің сыртып шырмаған өрмекшінің торындай шыбының шырқыратпақ, жанын жалмамақ. Қайткенде де, жұдырықтай кесек етке басылған таңба маңдайдағы пешененің биіктеп құйылған жарықпен зорайған зілмауыр көленкесіндей. Өз жүрегімізді былай қойғанда, кара жердің қыртысын тіліп, тәніне сойдитып қаншама таңба салдық. Абайлап қарап отырсаңыз, Жер шарындағы жағаларын жойқын мұхит шайған құрлықтар да адам жүрегіннің сұлбасына ұқсас келеді екен. Сол жүректің бір тұсында кімнің қолымен жазылғаны белгісіз «ҚарЛағ» деген қасіретті таңба тұр. Бәлкім, адам жүрегіндегі жазу басқа емес, осы таңба шығар? Абайлап, тағы бір қараңызшы...

Иә, адам үшін қарғыс аркалап өмір сүргеннен ауыр ештеңе жоқ шығар! Бірақ, бірақ, сол ауыр жүк еңсемізді езіп, жүректің басына зілмауыр темір тәж сынды киіші, міне, бәленбай заман өмір сүріп келеміз! Өлгенде үрпаққа қалатын мүлік-мүқаммалдың шаңына жұтып, сырына қошіп, сол қарғыс та мирас болады. Олар да өз уақыты түгесілгенде келесі буынға ұластырмақ. Соныңда қалдырып неғұрлым көп болса, әлгі злбатпан жүктің де үлесі соншалық болмақ. Араны ашылған жалмауыздай жұтқыншағын бүлкілден, маңына қона-қорыс жинасан, түбі заман өзінді жалмағанда тірлікте есесі кеткеннің қарғысы да саған артылмақ.

Араб каллиграфиясып менгерген дәруінгер адамның жүрегінде «Алла» деген жазу барын айтып, жалғанға жария етті. Жүрек те бір кітан. Өлгі ғалымдар оқыған таңба мұқабалағы жазу болар. Ол кітанғың ағы ма, әлде, автор қолтаңбасы ма, бізге беймағлұм. Анығы жүрек-кітапты парактап оқымақ болған кез келген пенденің мұқабадан әрі аса алмай жүргені...

## ГИТЛЕРЮГЕНД

*(гротеск-әңгіме)*

*«О, с какой тоской  
Птица из клетки глядит  
На полет мотылька!».  
Кобаяси ИССА.*

*«...Я приказываю вам:  
«Сожгите меня!».  
Бертольд БРЕХТ.*

Үшк үшк елестер ғана келеді көз алдына.

\*\*\*

Кеш бата алау жаққан. Тоғайдан гал бұған әкеп, қауқитып үйін қойысты. «Бүгін 1940-жылдардағыдай өмір сүреміз» дескен достары. Бәрібір емес пе?! Қыркыншы жылдары не болғанын кім біледі? Соғыс жылдары ғой. Кім, не үшін, кіммен не үшін соғысқанын да білмейді бұл. Ештеңе есінде қалмапты. Баяғыда казак пен қаламақ соғысыпты, одан әріде парсылармен соғысқан. Сол соғысқандардың, бірақ казак, казак емес екені белгісіз... Ал, мыналар неміспен соғыстық дейді. Айдаладағы неміспен не үшін соғысқан, ей?! Сірә, сол соғыстан жеңілген сияқтымыз ғой. Әйтпесе, бавар сырасы мен «Мерседес», «BMW» машиналары қайдан келген бізге?!

Манайына мәңгіре көз тастады. Дала тымық. Дымқыл отыннан ұшқан түтін арасынан ұшқаттын шоққа айналып қызарған жемісі де көкке көтеріліп, жарқырауық қоңыз сынды шалынады қозге. Түтін көзді ашыта ма деп қорғалақтаған. Көзі онысыз да кілгірттеніп қалыпты. Сол кезде ғана кешкісің бірер сағат ұйықтағаны есіне түсті. Енді түнімен көз іле алмасы ашақ. Бірақ, кім білген?! Езуіне жымысқы жымыс ұялады. «Қазір, әлгіден екі жұтым тартасам, ұйқыға шомбақ түгіл, аспанға ұшып кетермін».

\*\*\*

...Арманның арғы түбі неміс еді. Кәдімгі неміс. Соғыс қарсаңында Калининград түбінен бері қотарылған қалың тұтқынмен Аркаға келінті бір атасы. Сталиннің салған лаңы ғой. Бұл жақтағы ұйысқан ұлыспен мидай араласып кеткен соң, айналасы ескеен жылда құжатына казак деп жазылып та қалған. Олай болмасына даж да жоқ тәрісі. Атасының әжесі сол қыркыншы жылдары неміске тұрмысқа шыққан. Одан таратқан ұрпақтың бәрі дерлік көзі түз-жасыл зүмірет болғанымен, оңі де, тілі де казактыкі. Ал, тоқсаныншы жылдардағы алағайлы аласаныранда аудандағы паспорт үстелі адамның сойы, ұлты түгіл, жасын да ақы несінің қолайына келтіріп жазып беретін. Сонау алпысыншы жылдары-ақ бұлардың әулетінен шыққан ұл-қызды «неміс», «фриц» деп кемеіту ұмыт болды. Атасы сөзге ділмәр

еді, анау-мынау қазақты отырғызып кететін мақалдан сойластың де. Бұған да сол қасиет жұққан. Осындай қасиет арқылы мектепте үздік оқыды: мұғалімнің өз сөзін өзіне тура қайталап беріп, талай бестік қондырған күнделігіне. Кейін жадының бір тылсымы ашылды ма – бір оқыған кітабың үтір-нүктесіне дейін ұмытпайтын, бір көрген адамның қанша уақыт өтсе де дәл танытын боп алды. Оған сөзге шешендігі қосылды. Мектепте оқушының алды болды, университетте студентің басына атанды. Сөйтіп жүргенде, «КВН» деген ермек пайда болсын. Мұның қабілеті сонда ерекше ашылған. Ауызекі сөзде дес бермейтін атасының аруағы арқасын қастап, сахнаға шыққанда жеңілауыз қағымның түйдек-түйдегімен тастауына еді.

... Сол дәуреннен үздік-үздік елестер ғана қалыпты.

\*\*\*

Отто үшін 1933 жыл өте ауыр болды. Қантар аянынан бастап анасы о дүниеге аттанды. Мінезі томырықтау әкесі жарының қайғысын көтере алмай, сонынан жөнеп берген. Ол екі жасқа енді толған еді бұл. Оймен тете қарындасы екеуі ғана қалды әулетте. Потсдамда тұратын немере ағасын ізден барғысы келіп еді көктем шыға. Бірақ, мына несіз үйді кімге қалдырмақ?! Өзі де, қарындасы да ауладан ұзап көрген емес. Бір күні сол ағасы өзі-ақ келеін бұларға. Отто қуанып қалды. Бұларға қарайласын отырған қоршан фрау да қуанып қалды. Ал, ағасы...

Ағасы келе жана тәртіп орнатқан. Үйелмелі-сүйелмелі көс жетім еңірей қарсы алған көкесі қатал боп шықты. Түс ауа қорым жаққа барып, әке-шешесінің басына гүл қойып келген. Ағасы бұлар батып кіре алмай жүрген әке-шешесінің жатынжайына бастады екеуін. Қарындасы тартыншақпағанына болмады. Екеуін есік түсіандағы орындыққа отырғызып бетте, етінің шешнестен күетөсектің бас жағындағы кітап сөресіне қадам туралады ол. Ағасының атасынан қалған қызыл емен сөреде бұлар бетін ашып көрмеген қалың-қалың томдар тізіліп тұр еді. Гегель, Маркс, Карл Каутский, Зигмунд Фрейд, Ремарк, Генрих Манн... Біртіндеп алып, авторлардың есімін дауыстап оқып, жерге түре-түре лақтырып жатыр. Кіріпін томдар еденге түре етің құлаған сайып қарындасы селк-селк етіп, дірдек қаға бұған тығыла түсіп. Мұның жүрегі атқактай соғып, кеудесін жарарман. Көзінен бір тамшы жас шықпады. Кітаптар үйіліп қапты.

Сен екеуіңнің шаштарыңның қара болғаны менің басыма бәле боп жабыснаса етті! – деді ағасы.

Бұлар түк ұқпаған.

Мына кітаптың бәрін Оперншланка өзін апарасың!..

Бұлар тағы ештеңе түсінбеген.

Ай, сорлы балақандар-ай! – деді кішінін...

Бір аптадан кейін бұл ағасымен бірге Берлинде Опера театры алаңында тұрды. Қырық мыңға жуық өзі құралны бозөкіре гу-гу етеді. Желкілдеген гу, жарқылдаған эполеттер. Дарылдап мотоциклеттер өтеді топ арасынан. Жүзшақты бала балық тұзлайтын бөшкедей барабанды мойнына асып

## Көктемнің молдір тамшысы

алып, жуан таяктармен құлаштай сокқылап дүңгірлетіп, айналаны есеті дүбірге толтырып жіберген. Кенет әлдеқайдан ұран тасталды. Тае табаны дүріл-түрілмен дірілдеп кеткен үлкен аланның ортасы айқара ашылып, бума-бума кітаптар тұс-тұстан лақтырыла бастады. Әп-сәтте кішігірім төбешік пайда болды. Әлдеқайдан қатқыл үнмен әлдекім айғайлайды: «Тап күресі мен материализме мәңгі қарсымыз! Халықшылдық пен идеализм жасасын! Маркс пен Каутскийдің шимай-шаппақтары отқа орансын!». Гүлдеген тобыр қосыла жамырайды. Барабан үні ауыр зілді ыргакка түсіп, мұның кеудесін керіп барады. Бір дүлей әкесінің шаң басқан том-том кітаптарын көе қолымен ұстап, мұның төсіне құлаштай ұрып, шеге қағып жатқандай алапат. Саңқ-саңқ еткен қатқыл ұран және қайталана берді. «Адам жанының мейірбандығы артсын! Азиян пәнесі жанымыздан аулақ кетсін! Фрейдтің шаппақтарын ортеймін мен!» – дейді дауыс зорайтқыш-тап так-так еткен қатал үн. Сәт сайын зорая қайталанып тұрған үрейлі озаңды күңіреге қайталаған мыңдаған бөзөкпеннің ортасынан кенет ересектеу бірнеше бөзбала суырылып шығып, қолдарындағы шырақпен ортада үйілген кітаптардың тұс-тұсынан оң қойды. Қаншама сәрелерде жылдар бойы қаланып тұрған, әредік қолдан-қолға өтіп, жасырын оқылған кіршік кітаптар лап етіп тұтанып, алып алау пайда болды. Кіршік кітаптардан ажыран жыртылған жеке парақтар жалынның аспанға жалаған тіліне ілесіп, қалбаң қағз ұшып көкке көтерілген. Барабан түрселдері арасынан неміс автоматының үшшелей тақылдай қайталанып тұрған есеті ұран ауа тіліні, аланнан аспанға атылып жатты. Елiрген ноңір алауды айнала лықсып, қалың кітаптарды отқа лақтыра берді, лақтыра берді. Әлдеқайдан шалқыған шадыман бір музыка үйіріліп тұр.

Оттоның көз алды бұлдыр гартып, жанарынан сорғалаған жасты сұртуге шамасы келер емес. Осында аттанарда ағасы өртеп кеткен аталарынан қалған қарапанырағы көз алдына келген. «Елді аштық жайлап келеді. Веймар республикасы тақырға отырғызды бүкіл елді. Үй түгіл, адамның өз басы қайғы. Әкелерің де сол жылдысүрей республикашыларға елітіп өмір сүрген. Бұл үйді енді ұмытыңдар! Жаңа өмір бастау керек!» деген ағасы. Мына озаңдаған отыз мың оғланның арасынан қоштасарда шырылдай жылаған қарындасының үні оза шығып, миына шаншылды. «Жаным, Мария!» деді солқылдап.

...Үзік-үзік елестер қоше берген көз алды бұлдырап.

\* \* \*

Жертоленің есігі ашылғанда-ақ спирттің иісі қолқаны қауып кетті. Ауамен аймаласқан аждаһа демді ақсайтан мұнда қайдан келген?! Бұл үйде, үй тұрмақ бұл аулада арақ шетін ешкім жоқ еді ғой?! Арман аң-таң, Танырқамай қайтсін, немере ағасының осы жертоле кілтін сұрап алғанына жылдан асқан. Кешқұрым көлінің аккумуляторын кіргізіп, отқа қойып жүретін. Өзі ішімдік атаулыға мүлде әуес емес. Бәлкім, ағасы ескі көлінің оны-мұнысын шайып жүрген болар спиртпен?!



Алақоленке жертөлеге сәлден соң көзі үйренген. Оң жақ бұрышта – бұрнағы жылдары өздері үйден шығарып тастаған көнетоз кереуетте ағасы жағыр екен. Мұны көрсе де қозғала қоймады. Иегін қағып қап, ишарамен «төрлет» дегенді білдірген. Кереуеттің аяқ жағында темір тумба, тумбаның үстінде бес литрлік судың құтысы тұр. Мойнынан кесілен пластмасса ыдысқа әлдебір күмәнді сұйық құйылған екен. «Спирт шығар?» – деп топшылады Арман. Ағасына тақалып келгенде аңдады: кереуеттің асты толған медициналық спирттің босаған ишшалары. Ағасының шақшасындай ғана шағын 0,3 грамдық қоңырқай құтылар үйілін жағыр. «Ағам арақ ішпеуші еді ғой?! Ішсе де спирт ішпейтін шығар?! Дүкенде ішімдік атаулының неше ағасы тізіліп тұр ғой. Мұнысы несі?!» – деп ойлады. Сұрауды жүзбен кереуетте бүрісіңкіреп жатқан немере ағасына қарады. Анау мағынасыз нржияды.

Кенет былтыр тағы осы ағасының Арманды дәріханаға жұмсап, сегіз құты спирт алдырғаны есіне түсті...

\*\*\*

Көктемнің сол мазасыз күндерінен кейін Отто кітап көрсе докситын өзгеше бір дертке шалдықты. Маркүм әкесі өзі оқыған қалың кітаптардың қысқаша мазмұнын сүйеіне әңгімелеп отыратын еді кешкі аста. Бұл жете ұқпаса да, желісіне ынтығып, ой-қиялымен ғалам шарлап кететін. Енді соның бәрі әулекі көсүрей түсетей. Сансыраған санасына маза берер емес. Отыз үшінші жылдың күрсініске толы көктемінен кейін қаншама аутодафе өткерісті. Қаншама кітапты өртеді. Міне, биыл, жасы он сегізге толды. Әнеміне дегенше, алты жыл жытыекан.

Естуінше, қарындасы Марияны немере ағасы «Юнгмедель» құрамына тапсырған. Қазір «Неміс қыздары ұйымында» болса керек. «Қайда жүрсең де аман бол, Мария!» – деді Отто күбірлеп. Бүгін өзі «подяк дәлізі» арқылы Шығыс Пруссияға өтетін төпиен жолға шықпақ...

\*\*\*

Ағасы темір тумбаның ішіндегі кішкене электр плитаны шығарып қойған. Іргеден созыла шұбалған желіге жалтанған ток пеш әп сәтте қыз бастады. Көнетоз күнәйкесінің жан қалтасынан жұдырықтай түйішішек алып шығып, ораған целлофан дорбасын жыртып, ішіндегісін ашақ дәкеге төкті. Кейін ұп-үсак боп үгітілген қарасора. Онысын дәкеге орап, темір тегешке құйылған спиртке малышылай бастады... Содан шай қайнатым уақыт бойы түрлі қоспалармен әбден ылыққан спирт өткір ісіті бозғылт бұ атып, ақыры тотияйыннан азып, қою мұнайға айналып кетті. Тегеш түбін айналдыра зер сан қарап отырған ағасы қалтасынан тағы әлдене алып шығып, әлгі «мұнайға» себе бастады. Тумбадан қалайы қасық алып шығып, тағы да сапырылдыстырып кетті. «Бұл – химка!» – деді Арманға мүләймісі қарап. «Бокмұрын балалар наша шеккенге мәз боп жүр. Мұны көрсе талып қалатын шығар?! Көресің бе?». Бұл зәресі ұшып, орнынан шегіншектеп кеткенін аңдамай қалды...



## Қоқтемнің мөлдір тамшысы

Сол кеште жертөледен қалай шыққаны есінде жоқ. Ағасының қныла ұтптеуімен бес литрлік ыдысқа тоғытылған қоланын құтысы ішіне оймақтай темір қақпақта жанып-бықсып толған «химкадан» өкпесін күйдіре бір рет қана тартқан. Жотелден қикынып, өліп қала жаздалы. Қарапшығына ине қидалғандай болды сол сәт. Көз алдына теңбіл-теңбіл от елестен, жұлдыз жаңды ма-ау, миы шаншып, желкесі тартты ма-ау?!

Үзік-үзік елестер көше берген көлбеуден...

\* \* \*

«Отто фон Х... Таза арийлік. Мінезі – нордтық. Батыл. Жолдастарымен шарым-қатынаста салмақты. Ұстамды...».

Алақанға сыярылықтай шағын ғана құжаттың салмағы мұнша ауыр болар ма еді?!

Анасы...

Әкесі...

Атасынан қалған қарапанаңырақ...

Жалғыз, тете қарындасы – Мария...

Өкпеікке толы балалық...

Айғай-ұран...

Темірдей тәртіп...

Шеменді жүректен шер кетпеген түнек заман...

Бір бетін де ашып оқи алмаған, құния сырына қана алмаған кірпіш кітаптар-ай!..

Маркум әкесінің көзі оттай жанушы еді әңгімелегенде, асыл анасы да әредік қоштан қойып, мұның қоңырқай шапынан иіскеп, еркелететін. Оттоға сонша қымбатқа түскен бұл құжат. «Мария қайда жүр екен?!» деп ойлады қамыға. Жүрегі тас боп қатып кетсе де, қарындасын ойлағанда жанарының жағасын толқын керіп кетеді...

Көңісбергіте мұны алапат соғыстың алғашқы жалыны күтін түр еді. Фюрерге деген сенімі жазықсыз қаланын жаутанқоз тұрғындарының жасымен-ақ шайылып кеткен. Ақыры, міне, алақандай құжатын отқа лақтырды. «Кітап өртегеннен жақсы ғой» деді қаланың шығыс бетінде таңды бозара күтіп отырып.

Үзік-үзік елестер отқа оранған құжатымен қоса көз алдынан, санасынан өше берген...

\* \* \*

«Жастар нашакорлыққа қарсы!»

«Алға!».

«Жаса!».

Дауысзорайтқыштан құмыға шыққан үн саябақтың тал-бұтасын тербеткен желмен қала қошелерін аралап-ақ кетті. Сол сәт 500 мегаваттық қос қолонкадан дүбірлі ырғақпен ән тоғілді. Ән болғанда да мұхит асын келген рән-ғаспақ. Топты жас әлгі тақпаққа елтіп, ырғақ құалай қол соғып қояды.

Ортадан алаңқай ашып, алқа-котан қоралап тұрып алған. Ашық алаңқайға шаршы крагис төседітті. Басына тоқыма кепе жапсырған, бұтына кеңбалақ шорты киген, иініне ілген кең майкасы ышқырлабаған бір тапал бозбала кенет ортаға ыргы шығып, әлгі крагиске төбесімен шаншыла қалды. Шаншыла қап, рэн-тапактың Калашниковтың автоматынша тақылдаған такыс жорғасына ілесіп күйін-перен үйірілсін. Аяғы көкпен кеп жатса да, тебініп-тебініп қояды. Арман ғой бұл. Қимылы шалт. Тар көшеде қараңғы-да жалн-жалн ұшқан жарқанаттан да жылшын-ау. Бақайшағына дейін қимылдап, біресе жерге етпеттей жатып, құрбақаша секіреді тарбаңдап. Біресе су бетімен жүгірген періше аяғын әуеге ілдіріп, төбесімен жер түгіпштейді.

...Үзік-үзік рэн-тапак кеш бата жағылған алау басында да қою түтінмен түнге ұмтылып тынған.

\*\*\*

Отто мен Мария 1941 жылдың күзінде Көнигебергтен КСРО-ның ішкі аймағына жөнелтілген қалың топтың арасында бір-ақ сәт жолығысын қалды. Ғұмырға бергісіз жалқы мезет-ті. Мария бойжетітті. Үстінде шатырдай ашақ кофта, тірсегіне түсіре қарақоқ юбка киген. Бұйралау қоңыр шашын қос бұрым ғып өріп алыпты. Мұны көріп, жанары жарк ете қалды. Отто да қасына жетіп барған. «Мария! Жаным, аманбысың!» «Ағағайым!» – деді елжіреп қарындасы. «сен аман жүрші, жарығым!». Екеуінің де жанарынан жас үзілген. Кездесу де, қоштасу да бір әулеттен өрген қос мұшықтың балалық бақытындай тым келте болды.

Марияның одан кейінгі тағдыры беймәлім...

Отто болса, казак даласына келіп табан тіреп, қалың елмен мидай араласып кетті. Қартайған шағында сонау бағыстағы атамекеннен қалған үзік-үзік елестей естеліктер мен ғұмырлық сағынышының құрметіне бір немересінің есімін Мәриям деп атады...

\*\*\*

«Тозақ отынан құтылам десен, Аллаға серік қоспау керек!» – деді жүнсақал молда. «Қазақтың барлық ырым-жырымың, даурықпа дәстүрін ұмыту керек. Тарих деген жалған. Ата-бабан ақылсыз болды екен деп, сен де ақымақ болуға хақың жоқ. Бейіт басына барып тәу егуді, жансыз тасқа табынуды мүлде қою керек! Мен өлгенде басыма «К-700» трактордың дөй доңғалағын қойсаңдар да жетеді».

Жүнсақал уағзын өзіне риза рәуіште қарқылдай күліп тиянақтаған. Шолтима балақ кенеп шалбар киген бір тон шәкірт мұлайым жүзбен бас ізесіп тұр. Орталарында әлгі Арман да бар. Бірер жыл брейк-данспен әуреленген, бірер жыл «КВН» қуып, сахна тоздырған.

Жанына дауа тапнады ешбірінен.

Ақыры қатарластарымен Сириядағы алғы шебі белгісіз соғысқа аттанбақ болған. Дәл сол күні... Сол күні қапылыета немере ағасын іздеп,

## Көктемнің мөлдір тамшысы

жертөлге түспегенде, кім біледі, жиһадшылармен бірге қалың кәуірге қарсы майданға аттанып кетер ме еді?! Ендігі тірлігі – осы. Өкпесін ашыта ашы түтін толтырып аң, түтін сейіле жететін есуас кәйіпке елтіп кеткен.

Сол жылы көктемде немере ағасы жертөледе өртеніп, қайтыс болған. Озі ғана кетпей, бұлардың қарашанырағын да отқа орап әкетті. Бұлардың әулеті еріксіз ауылға көшуге мәжбүр болды. Ал, ауылда... Ауылда ертелі-кеш көшенің май топырағын таптағаннан басқа тірлік жоқ еді.

«Тағы бір күн ұясына батып барады. Түнгі күнәлардан алдын ала қысылады-ау деймін, мына Күн – қызарып барады» – деді күбірлеп. Көзі кілгірттеніп кетіпті. Езуіне жымысқы жымныс ұялаған. «Бүгін соғыс жылдарындағыдай өмір сүреміз!» – деді досы дарылдай күліп...

\*\*\*

Ауылдағы жалғыз трактор жағаған қырдың етегінен қозғала бере гүр ете түсіп от алғанда әлдеқашан сөніп қалған алау басында ықылық ата тоңып, қалшылдаған нашакор да басын көтеріп қарады.

«Барша от атаулы бір күні сөніп, күл күшатыны анық» – деді ол күбірлеп.

\*\*\*

Үзік-үзік елестер ғана кешегі болған соғысты еске түсіріп тұрған еді...

*17-қараша, 2015 жыл*



## ГАЛА-КОНЦЕРТ

*(Тілекші)**«Жәнібек ән салады,  
Әкесіне тамсаңады?».**Жарысқан ОБДРАЩЕВ*

Каскалдақтың қанындай ұйыған қою иір кемерінен аса ақтарылды. Тоғлмесіне болмады. Сахнаның екі иетіне молынан жүккен екен. Кен залды ортасынан сөккен қалы кілемге де сол үркек құстың қаны шапшыраған. «Қай мерген атқан?!» деймін аңтарылып. Терең сайдың тар аузындай түйетайлаңа құлаған амфитеатр. Ырғаланған қазақ. Ту-ту. Сайдың етегінде, сахнаның аранында Тілепш ашыа отыр. Қасында қылқаны түлемек боп мәйексары бояу жұтқан қара айдай – Сәтін. Өрпек жайтасқаны да бір жайсаң жігіт тәрізді. Құлаштап алақан ұрады. Қазақ панкалып отыр, қолдей шайқалып. Әнді бөсілай тыңдау керек шығар деймін жүрегім дузыма тығылып. Кенет жанарым жағасына да каскалдақтың қанындай қою толқын тірелің қаланың аңдадым. Әнді басқаша қалай тыңдауға болады?!

Сайдың етегіндегі самалалы сахнаға бір сұңқар жігіт сұқыр қызды қуалай кен қонды. Жүргізушілер-міс. Санқылдан әдене ден жатты. Әп-сәтте қара қамыс микрофонның тұсына белгілі әнші кен, бас иіп өзеше тұрыспен баптанып. Сол аяғын жарты көбіс алға отқырып, оң жамбасын көтерді де, бөлің қайқайтып, кеудесін алға төседі. Мергеннің үмсаһасына келеді. «Айбозым» аспандан берген. Ел сағының қалған екен әнісің. Бозбала кезінен бөсында ержетің, одан үлкен шабарға көшкен. Жігіт ағасы боп бір оралып, атасының сарайында ән сан тұр. Екі әнсіз қалай босатамыз.

Беу, па, шіркін! – десіп жатыр жұрт. Атақты әнмен қоса асақтан, кеу-кеуден алаң. Қамшы салдыртып сыдыртып, тұяғы тиген тұсын қонырып, сайға тас құлқандай күркіретің өте шықты. Тағы бас иіп, бұрыла бергенде, гүл құнақтан қыз бұралды қарсыдан. Әнші де шабытты, зар күйінде еді. Гүлді де алып, қыздың саусағын мұртымен қытықтап, ілтипат өлдірді. Сына. Бұған қалай қол соқпайсың! Жымын жымып барады әнші мен қыз. Ел де жымыды. Есіме сонау-ау жылы естіген кәп оралады ғайыптан. Осы ағам жастау шағында елде жүрген кез-міс, Филармонияда күркіреп ән ойнатқан, соңынан бозбала ерткен ағам ғой. Жұмыстан шағын концерттік бағдармен балабақшаға жұмсапты. Үрші-шүрші сары үрнектің алдында қуағты баритонмен ән бастағанда, бада-шаа шошып, жылай қашсаң, біріне-бірі қосылып, бірінен бірі шошып жылаған. Тәрбиешілер әзер жұбатып алапты. Бүгін де ерекше қуаныш, зор толқыныстан көзің дымдады бала көңіл ел. Дүбірлетің қол сөккен. Бек ризамыз!

...Атақты ағамыздың атындағы ән жарысы ғой. Төрт жылда айналған кеп тұратын дүбір. Сахна төріне суретін ұстатқанбыз. Жымын, бақылап қарап тұрды. Алдында ақтарылып келе жатқан толқындай елі аңталаң, ту

## Көктемнің моддiр тамшысы

сыртында толқынды тербеткен әнші атасы қарап тұрғанда бiр сыналады жiгiттiң өнерпазы. Шәкiрт балалармен қазылар жарыса ән салатын кеш. Мундиальда да мұндай ғаламат дәстүр жоқ! Қазақта ғана. Қазақ боп, ғажап боп қарап отырдық. Мың жыл бойы осылай келедi екенбiз. Ой озырған ақының, сыр сүйгiзген әншiсiн тонқа салып, алқа-қотан отырып, ел тыңдаған. Еркелеткен. Қантөгiстен қажығанда, күнкөрiстен жерiгенде жиылып ес жинаған. Есiн әймен жинаған шығар! Жырмен қуаттанған.

Бiз ес жиғанша терең сайдағы үкiлi қамыс микрофон бой тiктеген айдында аккумулятор әншi қанат жая қонақтады. Сыңсығанда самал тынған, сыңк-сыңк еткен шектерден тамшы үзiлген, шөпiлдеп көлге тамған. Аккумулятор да, тәккү де таранып отыр айдында. Зал жел үрған майсадай. Сайдың тасындай ағалардың кеудесi көтерiлiп-басылып қояды. Егiделеу әйел жiбек орамалын көзiне тақай бердi. Әншi сұлу да сыңк-сыңк ете қалды. Сыңсеу ма, сыңғыр ма? Ес жиғанша күн ұясына қонып болды. Күлдi кешiн осылай келсе, кәнекей!..

Терең сайға бойласаң, күн ұясына асықпай кайтсiң! Күркiрiс «Тау шiнде» шырқалды. Сәкен ағам бұл әндi алған шырқағанда жиырма алты жаста болыпты. Бiздiң әншi ашыстан асқан. Сай түбiнен бозкүлге басып шұлығын қап, ыргакқа алақан дәмемедi. Ел де елтiп отыр ғой. Ашыстағы атайыға қосыла кептерқанат алақан дүркiреткен.

Түнделетiп, тау шiнде жалғыз шоқытып қазақтың қанша серiсi өттi қарындастың ауылының тұсынан. Сәкеннiң Мыңжылқының қойнауында. Балықты әуленiн шапқалында шырқаған әнi едi-ау...

Сахнадағы ағам да бiр серi. Бозбала кезiнде күйеу боп, кiпәлi боп, қайыңжұртына алғаш барыпты-мыс. Той ғой есебi. Күйеубаланын өнерпаз екенiн бiлген қыздың жұрты қызды-қыздымен той соңында ән сұранты. Содан әншi күйеу «Балқадияшаны» сылқылдатқан. Баптап жүрген әнi ғой. Қызық қылғанда, енесiнiң есiмi Қадияша екен. Серi ғой, серi. Серi үшiн сергелденiнiң ой серуендей ғана...

Тау шiнен болмаса да, әншiнiң көкiрегiндей терең сайдың саласын қуалап шыққан үнi де тербен жiбердi анталанған ағайынды. Үш-төрт әншiн өзi есептiретiп тасталы, бұл әргiстер ендi қайтер деп, iштен тынды ел. Ендiгi кезек тайжарысқа түскен шәкiрт балалардыкi екен.

– Қазылардың әдiлетiгiн қазiр байқаймыз! – дедi соңғы қатарда отырған сары қазақ.

– Оны қалай байқайсың? – дедi қасындағы келiншегi.

– Байқауға қатысқандар шығады. Бiрiншi Гран-при алған бала, Шұбартау жағынан екен, – дедi әйелiне бұрылмай. «Қазылар әдiл шешсе екен!» деп тiледiм орымда отыра алмай, қозыалақтап. Сары қазақ та солай ойлап отыр-ау. Әдiл шешсе де, бұрмаласа да уақыт жарықтық бәрiн өзi ретiне келтiредi ғой. Бiрақ, мына сайға сақ қарап, сабырынан айырылып отырған елге елжiрететiн әншi керек, таңдайы кеберсiген ел тамсанып қалғысы келедi. Қанша серiсiн көз алдынан өткердi екен мына ел деймiн ойым айдалаға маңып. Тағдыр әдiлетсiз емес шығар...

Бәйгелең өзін келген жігіт өтті желдіртін... Оза өзандай-ақ екен! Онымен құйрық тістесе келген жас жайнақ та жарау бабында екен.

Сәлден соң аяғын шекін басып, сырнаймен күшактағып үкілі қыз шықты. Үкісі зштек діріл қағып, бала камыстың басындай майда солкылмен бұлғаңдап қояды. Сыбызғыдай сызылып тұр Сыр бойынан қашқан акбокен екен деймін. Қарқаралы тұсынан өте тасырқан қалғандай ма, қалай? Сырнайының бірер пернесін шалыс басып, әнін оқпінші аяқталы.

Тағы бір әніші жігіт. Арканың Ай жүзіен айлындай даласының жүретін соқтырған ақтабан гүлнар өзек-есеңе қуалап, түстікке беттетенде тастаң қайтпас тұяғы құмға бағып, шабысынан жанылып қатар-дүр. Жеренуі де екіталай. Әнін де, әніннің де шабысы табанын қысылған тоңырағынан, кеудесін жарған ауасынан той. Құмнан қырга жортын ұяған түстіктің гарланбоздары да Арканың аспаны биік атырабына ойықтан шыға келе тасырқан қалатыны бар. Мына әнінніңдін домбыра шерісет сол батыс пен түстіктің ортасынан тел туған бір жорға майпаң. Көмекеін қосыла бебеулеп, домбырасы лектіп, өзгеше әділетен. Тасырмамайды, тақасынан ұшқып шығады. Бар бәл, бауырым!

«Асыл әнім менің!» — деп толқын отырды қазақ. Үйге сыймай жабықтан сығалап, сал-серісіне ынтыққан елміз ғой. Алты қырдың астынан дабылып естін, даурыққан да біз. Сол асқақ әнді жеткізген атамның кеші, Атадан тараған алтын тамыр әніші қауымның кеші. Қазақ құлаңтан қол соғып отыр. Құшағына ғалам сыярдай, Қазақты әлемге аялы көзбен қаратып, елжіретіп тұрған ән ғой! Басқа не дейсің?!

Осы атамның әнін сонау зобалаң жылдары баған басындағы дауыс-зорайтқыштан естін, елдегі ағайын сол бағанды құшып боздаған-мыс. Ағамды күшар інілер, бағанды күшқан заман-ай!..

Қасқалдақтың қанындай қат қазақ әнінің кеші еді. Қою інір ернеуінен аса төгіліп, бөкпе түн боп ұйыған. Қаланың самалалы сайының шаны гозаңытын, сұйық мұнарға айналып барады. Тау інінде, терең сайда акбозын желдіртін әнге салған ақынды ойлап, үйге қайтып келе жағтым тамсанып...





### ЖАРТЫ ҚАП КІТАП

(Жойқын мұхиттың жұтқыншағы бүлкілдеп, қалтылдаған кемені жұғарда кім тастай қапшы еді сапарластарын?! Қапырық бөлмеге жарық шам ызғарлы сәулесін шапқанда да қуыс-қуысқа тығылатын тарақан еді ғой. Ал, біз... Біз бәріміз тозақ кемесімен аттанып барамыз – бір бағытка ғана билет сатылған – жетер, шалдыға жетіп, салығып ұйқыға кетер, бәлкім, салыққанда ұйытар ұйқы да тәніңді тастай қашар тұрағымыз – Тамұққа аттанып барамыз. Сіз неге біздің кемені тастай қашқыңыз келеді?! Билетіңізді ұсақтап жыртып, ауаға шанып жібергеніңізбен, бұл сапар Сізді тастап кетер жайымыз жоқ! Алып кемемізден қашып та құтыла алмайсыз. Шарасызсыз! Мінәжәтіңіз осынау ғаламдық кеме – Жер шарындағы миллиондаған күнәһардың даусынан озып Көкке жете ме екен?! Әлде, менің күйреуік өлеңім сынды тек өз жанымды ғана мүжітін немесе жұбаныш жұптайтын былдыр-былдыр ертегіге айналып кетер ме?!)

Шарасыз – менің әңгімемді тыңдауға ерікеіз көнесіз. Себебі, Сіздің мінәжәт пен Көктен түскен жазбалардың әр қарпіне бір тәмсіл арнап жазуды біздің мойнымызға жүктеген. Ал, ол түпсіз уақыттың шығаланында адасқан Сізге бірден-бір алданыш. Өйтпесе, қасиетті жазбаларды тікелей оқып, ештеңе түсінер емессіз. Уақытыңыз да аз. Тәніңіз кемені тастай қашса да, ғаріп жаныңыз қайыра оралып, қайғылы кейінте, жалғаннан ештеңе үкпаған беті тірлік кеше береді...)

\*\*\*

Электричка Қарандыға Күн еікейе жеткен. Көмірдің шаны кірпігіне жүкқан қарағоз қала шаршапқы кейінте қарсы алады Ақынды. Көзі қара болғанымен, бұл қаланың ләмі басқаша. Темір жол керуенсарайына ене бергенде дауыззорайтқыштан үні қатқыл апай: «Қурметты, жалаушылар..!» деп бейпіл акцентті ағытады. Мыре етесіз. Белгілі ақынның «ТЖ-лар» атты өлеңі есіңізге оралады. Бірақ, ол кезде «ТЖ-лар» туралы өлең әлі жазылмаған... Керуенсарайдан осы шаһарға ат шалдырған әр ақын, әншіні, күйшіні, жазу-сызуға ғаріл қатысы бар жанды қарсы алуға құштар Граждан Шақшабаласын көресіз. Сіз оны танымассыз, бірақ, ол Сізді танып қояды. Өлеңіңізді оқиды, әңгімеңізді әдеби газеттің қиындысынан көзі шалған, атағыңызға қанық. Жо-жоқ. Қымсынбаныз. Жүгініңізді көтерісің, басыңыздың «сақинасы» болса, емдеуге бейілді. Біздің Ақынды да сол Гірекең қарсы алсын. Алғаш танысса да, Ақын ешкімді жатырқай алмайды. Ұзын плащының шалғайына әнтек жүкқан шаңмен түстес қашығы кенет күтіп алушының нығынан табылған. Ақын алаңдаса да, Граждан оны көтергер ме сыйлы қонаққа. Жарты қапшық кітап еді. Өлеңдер. Өлкелік газетке ерте-кеште басылған. Кейін жинаққа ешпен енгізілген, әр қарпінің қолөңкесіне қонырқай мұң тұнған жырлар-тұғын. Бір-екеуін Сізге оқып берер едім – әңгімемнен ауытқып кететін тәріздімін. Кейін, осы әфсанам жүрегіңізге қонақтап жатса, үлгереміз...

Ақынның қалада келгенін ешкім білмей де қалған. Озі де жарапазан-жар-жарға жау Рашиды орынағып, сол торапта картайыпқырап қалған ескі тағыстан танып. Онда да Граждан скеуі үйіне іздеп барып еді. Қос ақын – бірі алыс ауылда, бірі қапырық қалада, тірліктерінде бес-алты мәрте ғана дәмдес болыпты. Сонда да, егеле жақын тәрзіді. Қалалық қаламгердің намы – Бәжен. Бәжен Сәуірұлы. Аймаққа танымал, ертеректе қазақтың үлкен ақындары жазбаларып жақсы бағалап, кейін денсаулық күшімен, жер шалмайтынымен әдебиет ағысынан сәл қалыңқы қап қойған. Провинциялық ақын-жазушылардың бәріннің тағдыры осы тұрыпты ғой. Алматы алыс. Жылына бірер барғанмен, қонақ боп бастап, елдегі қонар тірліктің ырғағын бұзып, қалың ақын-жазғарманың ортасында шайқала шауып, қайтасын. Соғын, елге оранда тым-тырыс тыныштыққа қулақ үйрете алмай, тағы дерттеніп жүргені. Ал, алыстан елге іздеп келсе ғой сол ақындардың бірі. Екеу келсе де артық емес. Тұтас қазақ әдебиетінің бір дәуірі көшіп, іріңге қонғандай боласын. Сырттан келген туыс та, егер шулы ортадан келсе, мұндағы салқын саябырға шым бағалды да кетеді. Бірақ, соншалық ұзаққа шыдай алмайды. Теренге сүніп бара жатқанда, қанылыста ауа жетпей, қайыра атып шығып, сабыр айдынынан өзінні асау толқынды өзеніне асығады. Сөйткен алма-кезек дүние.

Ал, біздің ақын жарты қап кітабын арқалап, Н. станесынан келген еді. Ертеректе Ібір-Сібірдің сызды ауасын жеті жыл жұтып, елге келе жатқанда, Алаштың аймақдай ақынының туған жері екенін естіп, пойыздан түсіп қалған. Ақыры, сөз топыраққа тамыр байлаған. Станедағы тірлік қарағоз қаладағыдан да мылқау ғой. Әдеби орта жоқ. Аксақалдардың ескі әңгімесі ғана алданып...

Әлжесса, қос ақын кісінесе табысып. Граждан үшеуі Бәжен баспанасын қабаққа айналдырып отырғанда, үй иесінің әйелі жұмыстан келді. Келе сала салқын қабақ аңлатсын қалалық ақынның жары. Бәжен «кәне, аш қабағыңды, қамда ас-тағамыңды!» десін қарап отырмай. Содан сойқан басталды. «Бұл үй иесінің алқаштарыңды асырайтын приют емес. Кеше ғана одейін деп, ауырын отыр ең ғой! Сайтанның едігін сіміріп ап, маған мән айтатын кімсің! Мынау қай қайыршының қапшығы?! Күрт көзің! Бәрін де көздеріңді құрыңдар! Қазір милиция шақыртам!».

Сонғы сөз стансалық ақынның жанды жерінен тиген. Сібірдің дәмін татып қайтқан соң, заң оқидерімен кездесуді жаны сүймейді. Жалпы, кім жақсы көреді дейсің? Ұйлығыса үйден шыққан үшеуі ілби басып, темір жол керуенсарайына бет бұрған. Әлігінде босағанда жатқан «қайыршының қапшығы» Гражданның шығына қонжыпты.

Темір жол керуенсарайына кім келіп, кім кетпеген?! Сіз де менің ойыңал оқырманым, дәм тартса келесіз бір. Сонда көресіз: ерсілі-қарсылы ағылған жұртты әр заманда, жылдың әр мезгілінде осында бас сұғып, табан тіреген әріптестерім деп ойланғыз. Барлығы да таныс, бірақ, бәрі де бөтен тәрзіді ғой. Біз бәріміз бір заманда, бір кеністікте өмір сүрмеуіміз мүмкін. Ал, керуенсарайда дәрежеміз теңесіп қалады – қайсы болмасын! Болкім, осы тәмеі Сіздің қолыңызға тигенде біз де тірліктің керуенсарайынан бір

## Көктемнің молдір тамшысы

бағытқа ғана сатылатын билетке тұмыр-тиыншамызды ұсынып тастаған боп шығармыз. Өткенде ағайы ақын ағам бір ғаламат жыр жазды: Бір заманда біздің аталарымыз «Коммунизм» деген стансадан түсіп калып еді ғой, келесі станса - «Репрессия» деп аталатын, одан кейінгі станса, міне «Капитализм», «Келесі аялдама - «Алаш» стансасы» деген дауыс алыстан талып жететін тәртіп деген... Иә, әңгімемнен ауытқып барам дегенмен, осы керуенсарайлардың бәрінде Граждан Шакшабаласы тәртізес бейкүна адам жүре қоймас. Грек аңыздарында тұмырдариянан өзен-вокзалынан өткізетін әзірейл кейінгі әлдекім болар еді ғой. Болмаса, Ашпенковтың вагоны тоқтаған стансадан, күлді «КарЛагтың» қақпасы болған Қарабастан бір заманда жезкелеп түсіріп тұра тағдырын...

Граждан бастаған үшеу сол түні қарағоз қалайып керуенсарайын бір шайқалы-ау дерейн. Қоңыр күздің соңы болатын. Тап бозында асфальт үстіне қонған сыз қырауға айнала алмай буынып кететін уақ. Жастары ұлғаймаса да, жер ортасынан асқан қос ақын жас перннің естелісіне шыдай алмаған. Ақыры, Гражданның есіне жақып орамда тұратын сапер көкесі түскен Сазгер де заманында тиесті ешп-басаған ала аймаған. Бірақ, әндерінің тұмыры тіл жеткізер тітіреніс талсыммен астасып, тиесті қалар сәттерінде қайыра басталатынын білетін, сенетін. Сол ғайри сенімнің жүрек тереніне жасырып тастаған еді. Өзі де шырқаған: «Жан түбінде ұйықтап жатқан арыстан, оятпаны мерт қыларсын сезім!». Сезім қалғып кеткен заманы еді сазгердің. Яки, тірлігі түйықтадар - фәни күнге алды жабық уақта іліп, күн кешіп жүрген. Жарлан, баладан ала. Жалғызсырап, жансөбіл жүретін қысқан жолдай тіріктен жалыққан. Сазгердің есіні тап бозында итеріп кірген үшеу тынақсын. Түе әлетінде шөліккеп оянтан Гражданның қойнынан суып басар сүйық та табылған. Бәжең Күн қос қабат үйлердің шатырынан шуақ сырғаната бастағанда жұмысына кетті. Сазгер мен стансалық ақын қайыра ұйқыға шомған. Түе ауа Граждан жұмыс орнына, нәпақасын айыруға аттанады. Күндегі тірлігі - торапты жолдың түйініне келіп, күрмеуін шеше алмай зарыққан жанға билет тауып береді. Пароммен ана дүние, мына дүние арасын жалған жүрген «әлемнің ақ періштесі» дерейн. Екі дүние арасында кім кездеседі екен өзіне: бірақ, мүсәпір-жолаушының сауабын алатын дәппай-тақсыр қарсылаушы-жонелтуші міндетін маңдайына жазған, сомен таңдайына ақ тигізген. Түн орғалай Граждан сазгердің лашығына қайта оралған. Қос зарлық не күйле екенін біліп кету ойында. Ақын мен сазгер ергендік таныстырылған бір-біріне. Бірақ, әрқайсы келесісің бұрын көрмек түгіл, естімген адаммы екен деп түйген. Граждан қолтығына қыса келген ашы су мен тіскебасар, онан қалды бұрыштағы тоқ пеш үстіне жамбасын күйдіре-мүйдіре жайғасқан қара бақыр, одан шұбала шыққан дәмді иіс әңгімеге сүйреткен екеуін. Ақын алдыңғы түнінен бері кіреберіс бұрышта елеусіз қалған қашығынан бір кітабын алып шығып, оған оқымаққа талпынды. Сазгер тірлігінің беймәлім бір қалтарысында қап кеткен шабытты шақтары қайыра оралғандай күлімсіреп бой тіктелді. Ақын майдақоныр машығымен жыр төге бастады. Сазгер күлімсіреткен қалшымен ыңылдан ілесе кетпекші.

## Серік САҒЫНТАЙ

Ақын... Сазгер... Ақын... Сазгер... Шақшабаласы да бұ тірлікке әредік қазнаста астындағы отты қағыстырған қаммен араласқан боп отырсын. Ақын жырың сағынышты. Сазгер де қақпағы әлдеқашан құлынтаып қалған сырсаңдығының киноа кеткен тұсынан себегізілеп шашыраған шуақ саздары жанарынан ұшқындап, бір жасап отырды. Оған отты суды қосыңыз. Тірліктегі темірқазығынан адасып, ел ортасында отырып, елеізді қалғандай күн кешіп қордіңіз бе, бауырым? Онер қутан ореді жан атауды өз жүрегін шұныма тереңіне талай мәрте сүзіп, өзін іздеп жүріп адасар еді. Тек онер-білім ғана емес, тірлікте тамырын танығысы келген һәр жанды көргенбіз. Біздің көе кейіпкер де ұлыс көшіне жанай шапқан жалғыз арғының ғұмырын кешіп еді. Әу баста жазылған тағдыр ма, әлде кездейсоқ жазым әлеті ме? бірі – шалғай ауылда елеусіз қалған, бірі – жапын ұғар жан таппай жабыққан. Адасу емей немене?! Әлде, олардыкі жоп де, көптікі қата ма?! Қайткен күнде де, сол күні екі азамат серіліп еді. Жыр оқылып, ән шықалды. Кенет Сазгер әбден бой жасаған адамның кейімімен Ақынға сергек қарасып:

Есіңде ме? Екеуіміз ертеректе кезігіп едік қой?

Мүмкін емес, ағасы! Менің тірлік-талқаным сіз жүрер аулаларда шашылмаған еді.

Бәрі мүмкін! Бәлеініші жылы Алматыда Мұқан – Мұқағалимен Төлеген ақынның үйіне келіп едің ғой.

– Иә, Мұқанмен дос-жар болғанбыз! Айбергеновтың ауласына бас сұғып тұратынбыз. Сіз қайдан жүреіз ол маңда?

– Мен Шәмшімен жолдас болғам. Әлі де! Біз Шәкен екеуіміз барғанбыз сол үйге...

Ойшырмай! Сен... солдың ғой!

Иә! Дәл өзі! Ал сен... Сен – солдың!

– Енді кім деп отырсын?!

«Ой, бауырымдан» қауышқан көс жігіт ағасына қара бақырды үмесіне ұстап келіп тұрған Грекен аңтарылып қарасып.

– Ой, бауырым-ай!

– Өй, көкем-ай!

– Бәсе!

– О, шебер құдай!

Манағы әңгіме – әңгіме ме! Енді кеңісін кеңестік. Көкжиек түрліп, аспан асқақтап сала берсін! Алаш атырабында мұндай талай ағакты кездесу болған. Бізге етенесі - Әсеттің Кемпірбайдан көңіл сұрап барар сапары. Бұл теңеуімізді артық, әбес санасаныз, алыстан мысал табайық. Төгеннің Таңи аралынан Парижде орадуы. Оған да әрідегі ежелгі дәуірдегі әнсаналық оқиталар. Қай-қайсысы да көс азаматтың – Ақын мен Сазгердің кездесуіне мысал бола алар еді. Сеніңіз! Сенбесеніз, өз өрешеніз с көз тастаныз: жігіттік дәуренде аз-кем дәмдес боп, арада тұтас ғұмыр өткізген соң кездескен әріптесіңізді танып, таңырқаған сәтті ойға алыңыз... Иә, иә! Сол сәттегі бір өзгеше сезімдер сазгердің лашығы үшін арайға толтырып еді. Қазақ маңдайына басқан ақиық ақын мен сыршыл сазгердің жанында

## Көктемнің мөлдір тамшысы

қарулас серік болуға жараған біздің кейіпкерлер де осал емес еді. Тек, тірлік, тағдыр сызығы өзгеше сызылған...

Қарағанды керуенсарайын мекен еткен сол көс сері жайында әңгімені түрлі қалыпта тамамдауға болар еді. Бәлкім, жария жазуға да жата қоймас?! Бірақ, бәрібір Ақын мен Сазгер осы жазуға тәуелсіз, ада кейіпте сол кезең, сол кеністікте ғана емес, дәл қазір де осында, тұсымызда өмір сүріп келеді ғой. Вокзалға бас сұғыңыз – лабыр-дұбырлы жүргінші-жөлаушылар шуынан тыныс-демі сезіледі; әрі өткен, бері өткен таныс бейтаныстардың бірі болмаса, бірінен сұранып таныды: көрген, естіген, әдеби газеттердің қиындысынан өлеңін оқыған; анау кара айғыр сүйреген шұбалаң вагонға өткенде мініп кетіпті, мына бір ауыр күрсінеті злтабап пойыздан әне-міне түсетін сынайлы. Дегенмен, ауытқып барамыз тағы...

Арайлы, шырайлы отырыс соны анылаған естелікке ұласқан. Шаршаулы кейіп, қалып ойлы жандарға жиі жүккәші қой. Әсем әнің де соңғы ноталары ойнақшып аспапта аныданмен, тылдар сәті мұңға шылқыр еді! Жырдың да соңғы шумак, соңғы жол, сәті естелікке бастау берер тиянақ қой.

Гірекен түн көрмесі қара от қаланы қымтай бере керуенсарайына қадам түзепті. Ілкіде естіген әңгімеде дүние жетін қосын-анар дәнекершілер ел ұйқыға шомар саябырлы сәттерді сүйеді-міс. Қарсы алу, қолтасулар да. Ал, сол күшпен бастап көс серінің ортақ тірлігі, тұмыр тиянақтар ортақ жолы басталыпты. Күнде Күн жарықтық аласа үйлердің тозыңқы натырларын сипай шуақ таратқанда ілбін вокзалға баратын еді олар. Күн сайынғы қалыңқа түсіп кеткен гадег бойынша Ақынның бір-екі кітабы ұзын пшашының төс қалтасына сүйітіледі. Сазгердің естелік әңгімесі де жүрек тұсында қызбақшы – тыңдарманның күтін. Ал, керуенсарайға кім келіп, кім кетпейді?! Сіз де, менің ойлы оқырманым, бір жолыққан шығарсыз тірлік сапарыңызда Ақын мен Сазгерге! Бәріміз бір мезгілде, бір кеністікте өмір сүрмегенімізге кім кешіл?!

– Мына кітаптың авторы мен ғой, – дейді Ақын. – Сәл жастау кезімдегі суретімді бергізгем. Бір өлең оқын берейін бе?

Сіз келіссіз. «Өлеңіңіз жақсы екен!» дерсіз. Ақын сенуге бейілді. Сазгер қоштауға. «Иә» дейді ол. «Осындай жырлар бар адамзат аспанының астында!». Сізге кітап та сыйға тартылып, қолтаңба алып қалу ұсынылады. Қуана келісіп, көс серінің қолына азды-көпті тыныс-тебен ұстата салыңыз! Жаныңыз ашығаңдықтан емес! Оленді түсігендіктен. Ал, тіпті, жырдың жалғасын күтсеңіз, дастарқан жайып, Сазгердің естелігін тыңдарсыз!..

Осы сценарий бойынша сырғыған кара күз ақ қауырсынды қысқа алмасқан. Қыс соны көктемге ұласар ма еді?! Жо-жок, әрине! Мезгіл мәресін белгілер күдірет жок бізге. Тек...

Тек, сол баяғы сазгер лашығына қоңыр күзде апарылып, кіреберістегі бұрышта елеусіз қалған сарғыш қаптың түбі көрінсін бір күні. Әуелі ақын ертеңісін тұрып, сырт киімін киердегі әдетімен еңкейген. Әуелгі тоқ қалпы қыс ортасына таманы аязды күндері жүденкіреген қашық ауыл үйінде пеш түбінде жататын жетім қозының бойына жылу дарыған соң сол жатқан қалпы керілгендегісіндей жермен-жекпен болып қалыпты. Арық салалы

## Серік САҒЫНҒАЙ

саусағы еденге так етін тиген Ақын аңтарылып, Саягерге қарасын. Керенау қалыпта, ұйпаланған шашың тарап тұрған ол да бұған жүдеп көз тастаған. Кітап бітіпті! Енді қайтпек керек?! Дымы біткен ақын босағаға төселген бостекке отыра кетті. Саягердің мүйіз тараының бірер тісі сынып, шашына еңген. Сәлден соң әдепкі еңселерін түсірмеген қалыпта екі адам есікті итере жауып, керуенсарайға қарай кетіп бара жатты... Бәлкім, бұл соңғы таңдары ма екен?! Бәлкім, бұл соңғы саңарлары ма екен?! Біз көрмедік сол көктемде оларды. Керуенсарайға шартараптан құйылып-ағып кетіп жататын жылы ағыстардың біріне түсіп, беймәлім бағытқа жөнөп кете барды ма екен?! Ал, Сіз...

Сіз іздедіңіз бе оларды?! Ана бір пыскырып кеп тұрған қараайғырдың қоңыраулы грашпенкесіне аяқ артып бара жатқанда, соныңызға ақтық рет қарап қалғанда, ағылған жүргіншілер арасынан жүдеңкі жүздерін көзіңіз шалған болар. Есіңізге түсе қоймады. Әйтеуір бір заманда, бір тарапта көргенсіз. Қайтсе де, есіңізге түсер ме екен?!

Қарағоз қаланың керуенсарайы талай Ақынның қарсы алып, шығарып салып еді. Тас төселген алаңға табан тиген бетте Сізді де Граждан Шақшабаласы қарсы алуы мүмкін. Себебі, таниды, біледі, өлеңшілігі әдеби газеттің қиындысынан көзі шалған. Басыңызда түрлі ой болса, серпілуге де бейілді. Тек...

Тек, сол бір қыраулы қыста бір-біріне селбесіп күн кешкен Ақын мен Саягерді байқамай өтіп кетесіз керуенсарайдың көңі залынан. Өне, ана бір топтың қак ортасында Ақын өлең оқып, қолтаңба ұсынуда. Міне, Саягер естелік айғуда.

Бұл әңгімені түрлі қалыпта тиянақтауға болар еді. Бірақ, әлі де сол екі сері адамзат керуенсарайының бір шетінде ағылған жүргіншілер арасында күмбірлетіп өлең оқып, естелік бантап біздің арамызда жүр-ау. Біздің жазуымызға еш тәуелсіз, ада, арылған, анық ақиқат кейінте...

\*\*\*

(Ал, Сіз неге біздің кемені тастай қашқыңыз келеді?! Бәріміз баратын жаққа бір бағытқа ғана билегі сатылған. Сол тарапта бірге болатынымыз анық! Оған дейін таныс бейтанысыңның қолтаңбасы басылар кітап түгесілгенше, тірліктің көнетоз қашығын арқалап, керуенсарайлар кеңістігін тоздырармыз...

Бұл жақта бәлкім біз бір уақытта, бір кеңістікте бірге ғұмыр кешкенімізге сенгіміз келеді. Ал, ана жақта қайтсек те бірге боламыз. Тек ондағы керуенсарайда бізді кім қарсы алар екен?! Оған көңіл құлағып, жаныңызға жақын жұбаныш ретінде қабыл көрмесеніз... Бәрібір, басқа амалыңыз жоқ. Шарасызсыз...

Тәңіңіз кемені тастай қашса да, ғаріп жаныңыз қайыра оралып, қайғыды кейінте, жалғаннан ештеңе ұқпаған беті тірлік кеше береді...)

*13-желтоқсан, 2010 жыл*



## ХИКАЯТТАР

### ДҮР ЕНЕНІҢ ТАЙПАСЫ немесе анаеркі дәуірінің азалы аңызы

(хикаят)

*Дәуітәлі Стамбекұлының рухына!*

Ұлы Ағашты алапат өрт шарпығалы Көктегі Оттың неше мәрте жанып-сөнгені Төбекұстың есіне түспеді. Үлкен жартастан ағынға құлай өскен алып теректің шіріп, қуыстана біткен сусіңді өзегінің ішіне бүрісе тығылып жатқалы қашан. «Неге сөйлемейсің, Алып Терек?» Алып терек сықырлап, күрсінген болады. Оның тілін түсінуге де дәрменсіз еді Төбекұс...

Ұлы Ағашқа түнек қараңғылықты жамыла аттанған тайпаның соңғы еркегі тура жиырма түн жоқ боп, Үлкен От басына оралмағасын, әбден үміті үзілген Дүр ененің тоғайға лақтырған алауы От маусымы қақтап-құрғатқан орманды айналасы бес-алты күн ішінде алапат өртке орады...

Ұзын судын кен қолатғы алабын қоршаған Ұлы Ағаш мұндай өртті алғаш рет хәм соңғы рет көрді. Нешеме ғасыр сыңсып бітеу өскен ну жыныста алғашқы түні-ақ адасқан Төбекұс, енді қайтіп От басына оралмасын сезгендей, таң бозында тауып алған жартастағы жығыла өскен ағаш өзегіне төрт түнеді. Айға бесінші рет бас иер түні тағы да Ұлы Ағаштың Айлы алаңқайындағы елес-қыздардың биін таманаламаққа аттанған. Ол жолы тағы адасып, уақыт есебінен жаңылды. Тек әлдебір таңда жартас басындағы терек қуысында ащы түгін ісінен тұншыға оянганда, жынысты қалың от жалмап, өрт қаулағанын, «Егер еркектердің кері оралмас ізіне түсіп, От басына келмей қалсаң, жиырма рет Ай әуенін айтып болып, Ұлы Ағашты Үлкен Оттың киесіне құрбан етем» деп Дүр ененің өксіп айтқан сөзінің орындалғанын түсінді...

Енді бәрі де кеш-тұғын...

\*\*\*

Алып От маусымының соңын ала тіршілік кенет салыңқы тартып, бірер күн ішінде айнала сары ала түске боялып шыға келеді. Сона-ау ұсақ шоқылары шымқаса, жымдаса тізбеленген апай төс алаптан бас алар қаптаған бұлақтар да жаз бойы біртіндеп тартылып келіп, айналасы екі-үш-ақ тәудікте сөңкеге айналады. Сансыз бұлақ-тұмалар жауын-шашын кезеңі бойы жердің тәнін сойдита тіліп, жықпыл-жыра атаулының тінін тітіретіп-қақыратып, ну жынысты алапка армансыз жайылатын. Дөй даланың төсіне гармактала тізілген мол бұйра бұйрат, тапал тау, тоқал шоқылардың қолат-сайларына ұйлығыса өскен неше мың жылдық Үлкен Ағаш суға әбден бөгеді. Әсіресе, аспанға жалпақ жалып күдірейтіп, мойырт мінезбен шөге жатқан Жыландыдан бастап, жауыр жоталы Жосалы, жеке-

саж үрке үздіккен Жетімшоққа а депінгі аралықта ерен сәнмен қаптадаса өскен ақ қайың, сары теректі тоғай мүлде суға шыққиды. Терең сайы, ашық алаңқайы, ойыс ойпаңа сол сулаң жаз бойы құрмамай дымданып жата береді. Шаптыны да шүйгін, жеміс-жидегі орасан мол өлке.

Дүр енені тайнасы Ұлы Ағаштағы алаңқайдың өкпе тұсына доңгелете тіккен қонысын тастап, таудағы үлкен үңгірге тығылғалы да қашама уақыт өтті. Екіде сіркіреп сирей тамған тамшылар көкті құрсаулаған бұлт тұтасып, қатпарлана қалыңдаған сайын молайып, ұзақ-сонар сен көшкінге айнала берді. Әредік лекте нөшірлен, бір сәтте бұйра-бунақ бұлтты жойқын жел сілкіп қап, тамшы топанын жерге тұтасымен бүркіп жібергендей болалы. Көктегі Оттың жылуы қалың бұлт, тұтасқан сұп-сұр дымқыл мызғымас мүлтті көкпен өтпей, көрер көзден таса болғалы да қашан. Жұлдыз да жоқ. Ай да жоқ. Көкжиекті қолбеген тұнжыр таулар кенет алыстап, кеңістік шымқай сұрқай бояуға тұншыққан. Жосалының жансарына жанаса қонған қатпар әжім маңдайлы дүлей таудың ұшар басына қарайғы қынасыз жалтыр тасты жақпардың құларман боп біткен етегінен үлкен үңгірдің үрейлі кіреберісі үнірейіп тұр. Жай уақытта сырт көз мүлде елеместей тұмшаланып, тал-бұта, жапырақтармен қолетейленер үңгір аузының дәл бүгін ашық аңқайып жағуы тегін емес. Бұл – жауып-шашын кезеңінің аяқталып қалғандығының. От маусымының басталатынының белгісі. Үңгір аузындағы ебелейсіз ергенекті шетке ысырын тастаған тайпаның от иесі Кәрі тіе әже. Ой сол ергенектің астына бүрісе жайғасып, тілім-тілім еріп жыбырлап, әлде үрей, әлде зор қуанышқа толы көздері шарасынан шыға сұр бұлтты, сұр қошқинді аспанға телміріп отыр. Ол мұнда күн ортасы ауа үңгір ішін күшірлете нажағай ойнап, Күн күркірегенде ақсаңдай басып жеткен. Тумысында аз ұйықтайтын, талып-қажу дегенді білмейтін қатпа кәрі әруей бұл күні де тым сергек мүлгіген-тұғын. Ендігісі міне, нажағай дәмепін, кәрі аспанға телміруде. «Ұзын Қайың, Сары Терек, сендер біздің кәрі шешелерімізбен бірге талай мәрте ашақ Айға бас итсеңдер. Көктегі Оттың жарығымен аспанға алақан жайып, немереммен де бірге өсіп келесіңдер. Отты шыбықтың қызуын тарта көріңдер бойларыңа. Немерелеріме жылу керек, от керек. Олар сендердің де немерелерің. Мен де сендердің қыздарыңмын». Кәрі тіе тоғай алабындағы қалың ағашпен тілдесіп отыр әредік. Қалың орман да шуылдасып, құптайды оны...

Бұдан әлденеше заман бұрын, ұмытпаса, үлкен үңгірде әлде, жиырма, әлде он тоғызыншы рет қоныс жаңартқан жылы қою түнде күркіреген отты дабылдың күңіренген үнін естіп, жылы орнынан тұрып, ергенекті жұлақ ашып, қокке телмірген. Ол кезде қою қолаң шашы жотасына жалдана жығылып, тілерсегін қайшылайтын. Қап-қара, қап-қатты ерек елі. Сол кезден бері ергенек астына жайғасып, ұзын шашын беліне бекем оран. Отты дабыл үнін және естімекке ыңтығып, ыңылдап От әуенін салып келеді.

Қара күннің қойнауынан шыққанбыз,

Отты дабыл, сенің үнің тым күшті.

Отты дабыл, сенің үнің тым күшті.

## Көктемнің мөлдір тамшысы

Сенен жылу, сенен жарық сұраймыз.

Қара үңгірдің қойынында туғанбыз...

Дәл сол жылы болса керек, қап-қара түнерген бұлттар мұнарқан тауларды жаныштаған алыс көкжиек жақтан жарк еткен Отты шыбықты, лып еткен жарықты бір ғана сәт байқаған. Сәлден соң күтір етіп көк қаусағандай қаһарлы дабыл денесін дір еткізді. Бұл От әуенінен жаңылып қалған-тұғын. Дір-дір етіп, тісі-тісіне тимей үрейденіп отырғанда, Отты шыбық кара бұлтты және бір осып өтті тура көз алдында. Жосалының қыр арқасына қадала өскен карағай қак айырылып сұлаған. Ауа өзіне етене жақын оттын ісіне, лаулаған жалын, бықсыған күңірсік түтінінің ісіне толып кетті. Әлде, қуанып, әлде, қорқып, қалш-қалш етіп, түк басқан салалы саусақтарымен жас жуған жүзін жасырып, еңірей берген. Келесі сәтте тайпаның барша әлеуетті әйелдері үңгір аузына тонталып, От әуенін айғайлап айтып тұрғанын аңғарды. Ергенек астынан бұл да шығып, еңсесін іпкеп, үрейге, үмітке толы әуенге қосылып кетті:

Қара түшін қойнауынан шыққанбыз.

Отты дабыл, сенің үнің тым күшті.

Отты дабыл, сенің үнің тым сұсты.

Сенен жылу, сенен жарық сұраймыз.

Қара үңгірдің қойынында туғанбыз...

Ее-һе-ей, Ее-һе-ей,

От ене, ее-һе-ей. От ене...

\* \* \*

Одан соң қаншама от тұтанды...

Аспандағы үрейлі бұлттарға да жалынады тайпаның От иесі. «Ей, аспан балалары! Сендерге Үңгір енем өрбіткен тайпаластарым ағынан өтінем, Отты шыбықты өз жоталарына дарытпай, Ұлы Ағашқа босата көріңдер. Менің немерелерім тоңып қалды...».

Биыл Кәрі тіс әже өзінің соңғы Отты маусымы екенін сезеді. Ішін бір үрей үңгіп, алаңы көбейген. Түсінде де үнемі сонау балғын кезін, одан кейін От иесі атанып, бір тайпа тұқымның түтінін түзу түтеткен әлеуетті шағын, жеті-сегіз еркекке дес бермес деген кездерін кешіп жүреді. Әр түн сайын ертеректе көрген түсі жалғасып, тым әрі-әріге, өзі қайдан, өзгелер қайдан шыққанын білмес, күңірт беймәлім кездерге көше береді, көше береді. Түбі сол есіне түспейтін ескі кездерге еніп, оралмай қолшн кететінін аңғарады және оның тап биылғы Отты маусымда болатынын анық сезеді.

Кәрі тіс әже шылап, мыңырып, өз ой-орманында адасып отырғанда алыс мұнарлар арасында лыпыған сәуле жүгіріп, тұтасқан бұлттар тіні сөгіліп жатты. Күңгірлеген дабыл лауысы талып жеткенімен, сілбірей сыңсып, күллі даланың иіні түсірген қалың жауын тыйылатыны байқалады. Жауын-шашын маусымы қарсаңында үңгірге енгізілген құрғақ отын таусылғалы да біраз уақыт өтті. Соңғы Ұлы Терімде жиналған қорек те азайып, көк жасық сусізді тамырлар мен нәрсіз құрақ-жапырақтарды талғажау еткен қырық қарады тайпалас осы атты күнге «шықпа, жаным, шықпапа!» әзер жеткен.

Інді әрі кетсе бір-екі күн өткен соң-ақ зіламауыр бұлттар көктін торіп айығыдай жөнкіліп, Отты дабылдың сұсты үнінен тырағайлап қашып, аспан тазарып сала береді. Өне, сол кезде қаншама күндер-түндер бойы бүрісе тығылып, аниак Ай мен көктегі Отты сағының, үрейге жем болған әйелдер тайпасы үңгірді тастап, алып От маусымына қалам басады. Оған дейінгі аз ғана уақытта Кәрі тіс же көктен көзін алмай телміріп, отты шыбықтың жерді осып, алау тұтатар сәтін күтуі керек. Көктегі Оттың жерге қалар шыбығы қай маңға түседі, сол маңды от иесі тап басып тауып, тайпа отын түтетуі керек. Бұл тіпті де онай емес. Көктін тоны ыдырап, аспан ойдым-ойдым көк бояуын, күн сәулелерін төккенмен, дымқыл ауа әлі де сыз тартып, жер бусанып, бу ыдырап, торғын тұман төңіректі тұмшалайды. Бірақ, бұл да ұзаққа ұласпай, ауа тазарып, тымырсық желеіз күндермен алмасады. Бұл екі арада жер батпақтанып, даланың жасыл тәні сарғайып, кара қоңыр топырақпен дәйлана араласып жағады.

Кәрі тіс кенет іргедегі ергенектің етегі түрілін, әлдекімнің бүгежекпен тақап келе жатқанын байқады. Сәл ығысып, орын босата бере, тоңқандап тақап қалған әйел емес, еркек екенін байқады да, ызбарлы көздерімен сесігене жалт қарады. Анау отан қыңған жоқ. Қайта жалбыраған шаштары арасынан жайнақ көзі жарқырап, аксия ыржиып қояды.

Әйелдерден бұрын еркектердің тысқа шығуы ырымға сыйғысыз, кешірілмес жайт. Мұны гайпабасы байқаса, дереу жазалайтыны аян. Бірақ, бұл келе жатқан Дүр ененің ұлы Төбекүс. Төбекүстың кіндік шешесі мына отырған Кәрі тіс әженің тап өзі. Ендеше, ол кімнен қаймықсын! Дүр ене алғаш гайпабасы боп сайланған жылы жүкті боп, үңгірге келіп, өмірге осы Төбекүсты әкелген. Кәрі тіс Төбекүстың басын тасқа тигізбей, көтеріп аң, жапыраққа ораған. Одан кейін де он шақты рет үңгір аузы қармен қымталды. Сол Қарлы қыстарда Төбекүсты жылытқан Кәрі тіс әжесі.

Кәрі тіс Төбекүсқа ысырыла орын берді. Төбекүс жайғаса бергенше болған жоқ, көз алды жап-жасыл отқа толып кетті. Зәресі ұшып, дәрмені құрып, әруейдің қойнына бір-ақ сүңгіген. Анау да әзер отырса керек, тас боп қатты да қалды. Аспан асты, жер үсті шағыр-күтір алапат үнге толып кетті. Көк қарс айрылып, жер байғұс аунап кетіп, құрлымға құлап баратқандай әлемет бір дүние. Басын бұрып көкжиекке қараған От иесі Отты шыбықтың Жыландыға таман алыс мұнарлар арасына қалалғанын аңдады.

– Алыс, тым-тым алыс, – деді күбірлен, – Ол маңға жеткенше оттың түтіні де қалмайды...

Сенен жарық, сенен жылу сұраймыз.

Отты дабыл, От ене!

\* \* \*

Әлде, түн, әлде, күндіз. Мұнартқан жанаңда жалғыз отыр екем дейді Кәрі тіс. Жап-жалғыз. Жан серігіндей болған Төбекүс та жоқ. Үңірейген үңгір де ізім-қайым. Аспан қайда, жер қайда?! Маңына бажайлап қараса, бұлтиған бұлтқа мініп кетіпті. Апыр-ай, дейді, бұлттың үстіне

## Көктемнің молдір тамшысы

жайғасқанмын ба? Төменге үйіссе түк көрінбейді. Кенет қолына әлдене ұстап отырғанын байқады. О, тажап! Отты шыбықты өз аса таяғындай серт ұстап, бұлты сапырып отыр екен. Бір мезетте бұлтар тым-тырақай жосын жонелді. Бұлтар ыдырағанда төменде алақандағыдай боп жер жазылып жатқаны көрінді. Жер жарықтық. Жөңкілі жақындан келеді. Оне, бұйраланған Жосалы жоталары. Дүлей таудың шолырайған шекесі Көктегі Отқа шағылып, жалтырап тұр. Үгірдің аузы ергенекпен бітелген. Ендеше, Дүр ене бастаған гайна ормандығы қоныста болар? «Атыр-ай» – дейі Кәрі тіс. «Отты шыбықты топыраққа қадамап еді-ау. Ол орны белгісіз, тайпа қайда сонда?» Сол-ақ екен астына бөктерген бұлтын бұл Ұлы Ағаштағы Айлы алаңқайға қарай жөңкілі. Кәрі тіс енді ес жиып. Отты шыбық өзінде екен. Бұл бұлтын-бұлтын етіп, жерге тіпті тақап келеді. Енді қайтпек?! Жан-дәрмен жанталаса бұлты от өріммен осын-осын жіберді. Астындағы бұлт шіріген ергенек құрлы болмай, ыдырап, тоз-тоз боп кетті. Енді өзі ғана тізгерлетен қалны төменге күлділіп келеді. Төменде Дүр ене, Төбекүс және басқа тайпаластары От әуенін айтып тұр екен. Бұл Отты шыбықты қос қолдап ұстаған бетге зымырап, жерге қарай ағып келеді. «Кетпідер» дейді бар даусымен, «Кетпідер! Қашындар алыс. Отқа ұрынасындар». «Өзің ше?» дейді төмендегілер, «Оның өртеніп кетесің ғой» дейді олар жанұшыра. Сонда ғана аңдады - Отты шыбықты тас қып құшақтап алынды. Өмірі мұндай ыстықты сезбеген болар. Жан-тәніммен ерні, ланылдан келеді екен. Жібере салғысы келеді. Мүлде мүмкін емес. Төмендегілер де қашпайды. Бәрі аңтарылып бұған қарап қалған. Бұл жерге мүлде жақындап қалған сияқты еді, әлі жете алмай заулап келеді, заулап төменге ағып келеді. Кеудесін керіп, дем алайып десе, от жұталы екен. Мұндай ыстық болар ма еді! Кенет ақ қайындардың жел тербеген бастары көз алдына келді. Бұл бір қолын босатып ап, ағаштардан қармайып десе, ұстаған бұтақтары лезде күл боп жанып кетеді. Кенет өзі де лап ете қалды. Күйдім-ау дейді. Жок, күймейді екен. Керісінше, рақаттанып, белгісіз, бұрын кешпеген ләззатқа шомып барады екен. Көзін ақтық рет кең ашып, айналасын, ашық аспанды, түпсіз ұлы Көк аспанды, От атаулының анасы Көктегі Отты жанарымен аймалағысы келді. Тіпті, үрей тудыратын бұлтарды, одан өретін қап-қара қоленкелі Түнді де көріп кеткісі келген. Бірақ, көзі жок екен. Жок болғанда, қайда қараса да, тек Отты ғана көреді екем дейді. Төмендегілер От әуенін шырқап тұрды. Кәрі тіс Отты шыбыққа айналып кеткен екем дейді.

Қара түннің қойнауынан шыққанбыз,

Отты дабыл, сенің үнін тым күшті...

Нажағай жарк ете қалды да дүлей таудың тура бөктеріндегі Айлы алаңқайдан сәл әріректегі ұзын алып қайып лап етіп тұтанып, шарт сынып қокке ағылды. Бүткіл тоғай қолаты жап-жасыл отқа шарпылып, күтір еткен кәрі аспан жерге жүрегімен соғылып, күл-парша сынғандай болды.

Кәрі тіс мүлгіп кеткен екен. Төбекүс «әже, әжелен» жұлқылап оятқанда, созалаңдап орнанап тұра келе дүлей таудың теріскей бөктерін тіке қолбетен кең алаптағы мүлгіген тоғай арасындағы ең алып қайының отқа оранып,

қою түтінді көкке аға жанып жатқанын көрді. Үңгір аузына топтала жиылған әйелдер қуаныш пен үмітке, үрейге толы үнмен От әуенін шырқап тұр. Кәрі тіс өн мен түсет айыруға дәрменсіз еді...

\*\*\*

Сол күні үңгірді тастан, ну жыныстағы Отты шыбық ортеген алып қайыңға аттанған тайпаның бес-алты мүшесі ұзақ ұйқыдан оянбай қалды. Он әйел мен он сегіз еркек тау бөктеріндегі құрғақ, ықтасын жерге кемпірлер мен жас балаларды қалдырып, үлкен жауып-пашын кезеңінде тасыған топан әлем-ғапырық, астан-кестен еткен орманды көктеп, жаңа қоныстарына қарай бет түзеді. Бір қарағанға, ол маң жақын. Бірақ, тұтасқан қалың ну толағай топан тоналаң еткесін, мүлде аяқ басқысыз: жер батпақ, ағаштар бей-берекет сұлаған, жиі бағыт алмастыруға тура келеді. Кейде жүз жасаған теректердің көктегі оттың сәулелі саусақтары дүние жаралмағалы сипамаған қараңғы қанас қойнауы адастырып кете жаздайды. Кәрі тіс бағыттыңан жаңылмайды, бірақ, Енді бір сәтте алдап отты шыбық жайпаған манайдың ағаштары жаңып-бықсып жатқандығының хабаршысындай түгін иісі жетті. Қоп-қою ашы түгін, Әбден сусiңдi боп шiрi бастаған ағаштар ысылдап-пысылдап, қою көк түгінді лоқсып-лоқсып жібереді. Ағаштардың басын шулатып жел жүйткігенімен, төменде тымырсық. Үн еткен ауа қозғалысы жоқ. Қою түгін жер бауырлай жайылып, жылтыраған жалынның тілі әзер көрінеді. Топ алдында келе жатқан Дүр ене кілт тоқтап, сол қолын қотерді. Кәрі тіс соңында келе жатқан Төбекұстың иығына секіріп мініп, одан жоғарыдағы теректің иір бұтағына жармасып, жылдам ормелеп, лезде биіктеп кетті. Мұнысы анық желдің бағытын білу. Кеше ғана қанас, қартайып отырған от иесі бүгін ерекше жігерлі. Аласы көп көздері ұшқын ата ойнақшиды. Жел дүлей таудың қыр желкесінен бағыт алып тұр екен, демек, олар әлі әлсіз жанған оттың ық жағына шығып, тасқын сындырған, еел ағые айдап әкелген ағаштарды отқа сала беруі керек. Ондағы мақсат отты сөндірмеу. Ол үшін топ үшке бөлініп, біразы жапырағы түсе қоймайтын саласы біртекті ұзын өскен құрғақ терек таңдап ап, түгінді сейілте, отқа желіумен айналысады. Екіншілері ағаш бұтақтарын сындырып, отқа тасып салып отырады. Қалғаны түгінге түншықпай күш алған от межелі жерден асып, бой бермей кетпес үшін сынған ағаштардан газарған маңдағы тамырынан ажырамай көктейтін бұталардың бұтақтарын сындырып, жалын тілі жетпестей етіп, сиретуге тырысады. Бұлардың әрекетіне Кәрі тіс басшылық етіп, бақылап отырады. Кей жылдары екі-үш күн жанталасын жасаған әрекет зая кетіп, сығырайған әлсіз алау түгінге түншығып, бықсып-бықсып сөнің қалатын. Кей жылдары арындаған алау тайпаның ыркына көнбей тұтас орманды отап кететін. Сол үшін де Кәрі тіс тайпадастарына оттың айналасынан үлкен шенбер жасай қоршап, ағаш арасын неғұрлым сирете түсуге күш салды. Әуелі отқа тез құрғап жанатын шырпы-шыбықтар, қау жапырақ, құрғақ құрақ тасталып, бұтақтар келтіріле бастады. Алдан сыртында қалар ағаш бастары сыртқа майыстырыла тартылып, әрірекеттегі



## Көктемнің мөлдір тамшысы

ағаштарға байланады. Алаң ішіндегі ағаштар да осы тәртіппен байланды. Әу баста Отты шыбық түсіп, тұтанған алау қайың желпуіштер көмегімен маздап жана бастағанда, су бұтақтарды кептіріп жүрген от жағушылар тұтанған бірнеше ағашты алаңның әр шетіне таман үйілген құрғақ қауларға таси бастайды. Әрі оларды да желініп, отты қаулата түсті. Біраздан соң тау бөктерінде қалған он шақты бала мен кемпірлер де жеткізілді.

Аумағы кең алаңқай өртеліп тазартылғанша, от жылуын, түгін иесін сағынған тайпаластар алаңның әр тұсына топталып, екі-үш тәулік отқа телміреді. Қаншама заман қалыптасқан дәстүр бойынша манайдан сынған тал-бұта жиналып, алаңнан сәл алыстау үйіле береді. Қоныс әбден тұрақ-жай жасауға дайын болғанша алып От маусымында тайпа алауын сөндіріп алмас үшін мол қор жасакталады. Күні ертең Ұлы терім жыры шыркалып, От иесінің жалынмен жандасып, Ұлы би түнгі болжамы айтылған соң Дүр ене бастаған ересектер алғашқы терімге алыс-алыс қиырларға аттанады. От басында Кәрі тіс және екі-үш еркек, терімге жарамсыз ұсақ балалар мен кәрі-құрған кемпірлер ғана қалады. Ол кезде ешкім де алаңқайдан аттан баспайды. Жауын-шашын кезеңінен қалған азықтарды дәтке қуат етіп, әр күн сайын Көктегі от ағаштардың басына шыққанда ғана От иесі бастап бұлаққа су ішуге барады. Онда да отты иесіз тастамай еркектердің бірін күзетке қалдырады. От маусымының алғашқы ширегінде шөлдеп, қаталау аса көп бола қоймайды. Алаң маңында әлі де еусізді ағаш тамырлары көптеп кездеседі. Тамырларды топырақтан суырып алу да онай, таңғы шық та қалың түсетін кез. Ал терімшілер оралғанша күрт-күмырсқа тіріліп, от маңынан алыстау мүлде қажетсіз боп қалады. Маусымның дәл ортасына қарай бұлақ не өзенге дейінгі аралықтағы тал-бұталар да отынға айналып, алаңқай кенеіе түседі.

Алаңқай әбден өртеліп тазартылған соң ортадағы Отты шыбық қадалған ең үлкен алауға ағаш үйіліп, өзге от орындары тып-типыл тегістеліп, сөнген күлдер үлкен тайпа алауы маңын қоршай төгіледі. Кейін үлкен алаудың күлдері осы алғашқы күл астына көміле-көміле әжентәуір биік, отыруға да, түнде жатып ұйықтауға да ыңғайлы орын пайда болады. Көктегі от Жосалының жотасына жасырынар сәтте от иесі алауды ұзын асасымен көсен, жанып бітіп, күлге айнала бастаған шалаларды шетке ысыра береді. Балалар әлі суи қоймаған күлді өздері жағатын тұсқа таласа-тармаса үйеді. От иесі болса, ең өжет әрі шыдамды баланы өз себетіндегі нәрлі жеміспен марапаттап, ынталандырып қоятын...

\*\*\*

Жылдағыдай емес, биыл тайпа қонысы орманның ең бір қалың жынысты, көкке ұмтыла биік өскен тұсынан тиді. Сондықтан да, Кәрі тіс алаңқайды кең алауға тырысқан. Он шақты жерден жанған алау да тура бес күннен соң барып, алаңды әзер тазартты. Осы уақыт ішінде отқа ентелеген тайпаластар күндіз де, түнде де аспанға бір қарамай, тек От әуенін ғана айтып жүрді. Таудан түсер таң әлегіндегі үрейлі түстің әсерінен әлі айыға

## Серік САҒЫНТАЙ

атаман Кәрі тіе қана маңасызданып, нешеме уақыт көрмеген Көктегі от пен бозарып толған Айға, сансыз жұлдыздарға қарап, өзінің жана жырын, жана болжам-жорамалын әм сонғы жорамалын іштен түйіп, түйіліп жүріп алды. Аланқайды әдеттегіден кең алғанын ескерткен Дүр енеге де ашылмай, қыстығын, Ұлы Би түні тақаған сайын дегбірі қашып, өмірі кешпеген жан тұлқышыстарымен әуреленіп, бөлекше катайып кетті.

...Ол кезде Кәрі тіе әлі балаң қыз болатын. Оны тайналастары да Кәрі тіе деп атамай, Ай шасы берген Әсем қайын атымен атайтын. Дүр ене әлі өмірге келмеген де. Ақ жалын кемпір отқа өргенің кеткен жаз елі ғой. Дүлей таудан түскен қырық қаралы тайпалас Айлы аланқай іргесінде қоныстанған. Тайпабасы Ақ жалын айтқан болжам да есінде.

Қара түннің қойнауында туғанмын,  
Қара түннің соңына еріп кетермін.  
Менің атым – Ақ жалын!  
Аппак Айдан сүтін іштім анамың,  
Аппак Айдан соңыма ерген Қара елес.  
Шошытпашы баламды!  
Қара үңгірге ене алмайды ол елес,  
Қара түнде шошытатын ол емес,  
Көктегі оттан соңыма ерді сол елес,  
Оның аты Көленке!  
Айлы түнде неге келдің, Көленке?  
Менің ғана мекенім ғой иен өлке!  
Кет, аулак! Аулак!  
Немерімді шошытпа!  
Немеремді қорқытпа!  
Айлы түнде құшақтарсың ұлымды,  
Айлы аланға бастаймысың ұлымды...  
Менің ғана мекенім бұл ен өлке!  
Аулак, аулак, Көленке!..  
E-he-heй! E-he-heй!

Ақ жалын кемпір алауды айналып билегенде Көленке соңынан еріп, қосыла билеген. Ол қалт тоқтағанда дір-дір қағып, оттан қорқып ығына тығылған. Отырса, отырады. Тұрса, ол да тұрып, қоса жүгіреді. Бірде бұқ түсіп, қорқып отырған бұған Ақ жалын тақағанда қоса жеткен. Әсем қайын ыршып түсті. Күл үстінен құлап, көзің тарс жұмып жатып алған.

Менің келін ішіме түс, Көленке!  
Оттың келін ішіне түс, Көленке!  
Қара ағаштың ішінде ғой мекенің,  
Кет, кет! Аулак!..

Бұл орнынан тұрып, күл үстіне қайыра шыққанда Ақ жалын ұшын асағын қолына алып, Көленкені ұрғылап жүр екен. Жерге жатып аң, жанталасқан Көленке де бұл құсап, үйін шығарар емес. Ақ жалын секірген сайын ол да қаншақ болып, кемпірдің табаны жерге тигенде қайыра созы-

## Көктемнің мәлдір тамшысы

лып жата қалады. Тайпаластар Би түні бойы алауға кезегімен от салып, елеспен алысқан елтінің әр сөзін қалт жібермей тыңдап отырған. Көп жана сөздер айтты сол күні Ақ жалын. Аһ ұра айғайлап, аласұрып, ақыры аппақ Ай Жосалыдан әрі асып кете бергенде, қалт тынған. Асасын басына қос қолдай көтеріп, ортадағы отқа қарады. Көлеңке де қалт тынды. Ақ жалын бір басып, екі басып, отқа тақаған. Көлеңке бүрісіп, жиырылып қалды. Кенет бар дауысымен қарқылдай күлген Ақ жалын аспанға тік қарғып, тура оттың ортасына топ ете қалды. Көлеңке де кемпірмен бірге ескіргенде отқа оранып зым-зия боп кетті. Сол сәтте-ақ Көлеңкенің отқа жұтылардағы ашы зары. Ақ жалынның қарқылдай күлген дауысымен араласып, орман іші азалы үймен жаңғырыққан. Сосын, сосын от ішінен белгісіз бір иіс мүпкіп, Көлеңке түтінге айналып аспанға ұшып кетті. Ақ жалын кемпір Ай жаққа кеткен еді. Әне, Айдың тура үстінде өрмек тоқып отыр. Ал, Көлеңке... Көлеңке бұл есейгенде қайтып оралды. Әлі күнге соңынан қалар емес. Мұның бар істегенін қайталап, тек бұл қара орманға кіргенде ғана от басында қалады. Айлы алаңқайда ғана мұны басқа Көлеңкелер қарсы алады. Ол елестер мұның өз көлеңкесіндей емес, дауыс шығарып, оны жабыла қайталап, таза естен тандырады. Сол Ақ жалын кемпір Ай жаққа ұшқан жазда бірнеше еркекті Айлы алаңдағы елестер алып кеткен болатын. Кейін тайпадағы еркек атаулыны үңгірден шығармай, Айлы алаң жайлы аңызды ел әбден ұмытқанда ғана Ақ жалын кемпір жиі-жиі түсіне енген мұның, «Мен оттың ішіндемін» дейтін сол әжесі, «Оттан алыстамандар! Көктегі оттың да өшіп қалмауын байқап жүріңдер. Көлеңке Айлы алаңқайға өз тайпасын бастап апарған. Еркектерді жібермендер онда. Барсаң От ала барып, өргеп жібер! Өйтпесе, тайпаңды тегіс жалмайды көлеңкелер». Сол маусымда Айлы алаңқайға жапсарлас қонған тайпадан төрт-ақ адам үңгірге оралды. Одан бері Көктегі от та қаншама мәрте жанып-сөнді. Үңгірге енген бұлардың тайпасы да молайып, соңынан ерген шөберелері де бой жетті. Ал, биылғы маусымда тағы да сол Айлы алаңқайға жақын қоныстануға мәжбүр болған. Көктегі оттың бұларға жіберген Отты шыбығы осында әкелген. Айлы алаңқайдағы елестер туралы аңызды өзі де ұмыта бастапты.

...Ертеде, өте ертеде, Көктегі оттың әлі тұтанбаған заманы болыпты. Жожок, тұтанған, сосын, ұлы селдің күшімен өшіп қалған уақыты болыпты. Қасиетті қара орман. Ұлы ағаш жермен-жеркесен жапырылып қалған екен. Аспан, Көк аспан қап-қара боп түйіліп, жерге жабысып қалыпты. Мұның әжелері тек етпетінен түсіп қана жүре алады екен. Тізерлеп отыра алады екен тек қана. Бұлардың тайпасында бірер әйел ғана қалып, еркектер бойын тіктемек боп, аспанның зіл салмағына жаншылып, көкке ұшып кеткен деседі. Сонда қара үңгірдің іргесіне келіп, төрт аяқты бөрінің баласы көкке кеткен енесін жоқтап, аспанға қарап ұлыған дейді. «Ау-у-у-у-у! Уа-у-у-у-у-у! Уа-а-а-а-а! Ау-у-у-у-у!» деп жылаған дейді бөлтірік. Қаншама уақыт үңгір іші мен жермен-жеркесен болған орман ішін осы үн жанғырықтырған. Бір күні бөлтіріктің тасқа шағылған үнінен ұшқын ұшып, от тұтанып, дүлей таудың етегі жалынға ораныпты. Содан соң аспан да биіктей берген.

Әуе де ашылып, орманнан шыққан өрт Көктегі отты тұтатуға сеп болған-мыс. Үнгірден мұның әжелерінің бірі алғаш шығып, көкке қарап жылаған бәлтірікті қысып қойнына салып, сүтін шкізіпті. Кейін Бөрі жігітке өз қыздарының бірін берген. Содан тараған ұрпақ қазір орман ішінде де, алыс сулар жағаларында да көп екен деседі. «Бірақ, біздің тайша неге көбеймейді? Ал, осы маусымда таза құрып кететінін мына сіңділерім мен қыздарыма қалай айтамын?!» Бөрі жігіт үнгірді тастап кеткен Жауын-шашын маусымы соңында тайша алғаш рет тұтанған отқа жылынып, демеу тапқан екен. Сол жылы Айды алаңқайға қоныстанған тайшаның біраз балғын қыздары алаң ортасындағы бұлақ батпағына батып кеткен. Қара жердің адам жұтатынын алғаш көрген әйелдер тайпасы ол алаңға енді бармасқа, алаңқайдағы көлеңкелерді енді көрмеске серттесіпті. Айлы түндері әлгі алаңда елес-қыздар билейді екен. Иә, бұл көрген сол елестерді. Аппак Айдың жүзінен тозанытқан сәуле төгіліп, әлгі алаңды бозамық шуаққа шомдыратын. Тоғай ішін тінткен жел де кенет тынып, Ай сәулесінің сиқырына арбалта солықтайды. Күрсінген кәрі терекке сыңсыған қайың қосылып, жылаушы еді. Алаңдағы бұлақтан басын көтереді бір елес. Айға қолын соза, аппак шашын көкке жаяды. Сосын, сыңк-сыңк күліп, әлде жылап, бойын тіктейді. Боз толқыңды шаштары Айға дейін жетеді шұбатылып. Қос қолын да еппен көтеріп, толықсып бір биге салады дерсін! Кенет әлгі буалдыр елес қыздың биіне елтіп тұрғанда, бүкіл алаң ішінде ойпақ салған көлеңкелердің ортасына түскенінді білмей қаласың. Сыбдыр-сыбдыр жапырақтар, тал-құрақтар қосыла билеп, теңселе кетеді. Айды алаңқайдың әр тұсынан ағараңдаған елестер бұлақтан бой көтерген қыздың еркімен шалқып, сыңсып, жоқтау айтады. Демін тартып күрсінсіп, үйлеп, сызылтып сылқылдай жылайды. Кенет тына қалып, шу етсін, сыңғырлап күледі. Елес қыздардың биі түнгі орманды оята бергенде аппак Ай бұлақтан шыққан қыздың шашынан ұстап тартып әкетеді. Ағаштар діріл қағып, көкке созған қолдарын кенет жинасып алып, сапырылысып, шуласып кетеді. Айдың жүзін бұлт бүркеп, алаң қараңғылыққа тола бергенде кетіп үлгермесең, бұлттан секіріп жерге түскен алып көлеңке кеудені қона кетер болар. Сол сәтте-ақ қара жер өкіне күрсініп, аяғыннан тартып, жұта бастайды...

Ескі аңызды есіне алып, елтіп отырған Кәрі тістің жанына Дүр ене келді.

Отқа әбден жылындық, шешей. Ұзын судың бойымен терімге шығар күн ертен. Ай анам да албыран, ақ жол тәлейтіндей. Бассаншы, Ұлы биіне! Арғы күнім жайлы оттың тілі не дейді? Бергі күнім жайлы Айдың жүзі не дейді? Жеткізсеңші білгенінді біздерге!

Дүр енесін дәмін қаштаған тайпаластар да үйдесіп қоя берді. Кәрі тіс қанталаған көзімен толған Айға телмірді. Ай жақтан бұлақтан шыққан бұла қыздың шашы желбіреп түсіп келе жатқан еді. Аналы басына кепкен шор салбырай байланып, жылтыр тас, айқұш-үйқыш томар таңылған аясын қолына алды Кәрі тіс. Күл үстінен секіріп түскенде жотасына төгілген шашының арасынан Көлеңке де сырғып түсіп, ербеп ете қалды. Ортадағы алауды кен қоршаған күл үстіне тізерлей отырысқан тайпаластар ғу-у

## Көктемнің мөлдір тамшысы

етісіп, тынды. Отқа жақын отырған тайпа басы Дүр ене колденең жатқан іші қуыс шор теректі зілбатпан ағашпен дүңкілдетіп соға кетті. Дүңк-дүңк еткен үн қалыпты ырғаққа түскенде тайпа әйелдері де «У-уа!» «Һу-уа!» десіп, теңселіскен. Төбекүс тайпаның өзге еркектерімен бірге отқа ағаш салып, әйелдердің ырым-жораларына араласпай үн-түссіз үрей құшағында. Кенет Кәрі тіс шашын серпе шалқая Айға қарап қалт тұрды. Асасын жерге қадап қалғанда кеудесін жара күңіреніске толы айғайы да аспанға атылды. «Һу-уа!». Сол бетте-ақ селк-селк етіп, шалқая түсіп, шашы жерге тигенше қайқайып, қос қолымен асасының без бұтақты бас жағынан ұстап, артына қарай бірақ секірді. Көлеңке бір мезет кемпірдің астында қалып қойды да, ол аяғымен жерге дік түсе қалғанда қайыра сұлай жатты. Асасын қос қолдап, тік биікке көтерген Кәрі тіс қос аяғын тарбита секіріп, биге басып кетті. Алауды қос аяқтап секіріп айналып шығып, шандатып та жіберді. Күлдің шаңына тұншыққан Көлеңке жермен-жекпен боп, мүлде көрінбей де қалды. Төбекүс ол қашып кетті деп ойлаған. Аспанға атылған ақ жалынды екінші мәрте үйіріле айналып, сыңар аяқпен секіріп жүрген Кәрі тіске қарап аң-таң. Жылдағы биіне мүлдем ұқсамайтын, бөгде бір қимылдар. Сәлден соң асасын бұтаның арасына тығып алып секіруге көшкеніне қарап тіпті таңғалды. Төбекүс қана емес, шор теректі дүңкілдеп отырған Дүр ене де, тайпаластар да үрейлі еді. Асаның жерге тиіп жатқан ұшы із тастап, Көлеңкені тіліп-тіліп кетуде. Бір мезетте асасының басын отқа малып алған елті тоқтай қалып, зарлы жырын аныратты.

Е-е-е-һей!

Қара түн!

Қара үңгір, ұлы енем!

Қойынынан шыққанбыз,

Көлеңкеден тығылып,

Қойынына бұққанбыз!

Аппак айға атылған

Судан туған қыз көрдім,

Су бетінен тараған будан туған қыз көрдім!

Қара үңгірден тараған балаң жылар күн келді,

Қап-қара елес күнімді қараң қылар күн келді!

Отқа енген Ақ жалын енем, емшегіңнен қан көрдім,

Айға ұшқан аппак елес қайыра оралды орманыма!

Табаныма тапталған Көлеңке, ізімнен қалмай қойныма кірдіті,

Сүт саулаған төсімнен сорып, қанын шығарды,

Ішіме еніп, менің көзіммен қарап тұр немереме!

Сенің көзіңмен қарап тұр ол маған!

Көктегі оттан тараған жердегі Оттың иесі ем,

Орманымды жалмайды-ау ішімдегі елесім!

Өрт!

Өрт көрдім алапат!

Уа-а-а-а!

Дүр ене, еңілім!  
 Сенің ішінде сол Көленке,  
 От жанады ішінде!  
 Саған тапсырдым отымды!  
 Тек сен өртерсің көленке атаулыны...  
 Бірақ, өзің өртенбесен кұтылмасын бұл елестен!  
 Айлы алаңға от қойып, Айға атылған елесті күлге ораңдар, жандарым!  
 Қара шашты шарт түйіп, түнді ораңдар, жандарым!  
 Сары Терек, Ұзын қайып, шешелерім!  
 Сендерге тапсырдым немеремді, шөберемді.  
 Төбеннен ұшып өтер Төбекұсты қорғағын,  
 Мына өрттен сақтағын!  
 Көп адасып жүрер ол, ұзын аңға мінер ол!  
 Қойынында түнер ол!..  
 Ене-не-ей, Қара үңгір, қарт анам!  
 Ергенегің жабылмас, енді барар жан табылмас!  
 Отға туған Ақ жалын енем, қайдасың сен!  
 Құшағыңа ал мені!  
 Жылуыңа сал мені!

Еліріп алған елгі Ай сырғанан Жосалыдан әрі асқанда, Көктегі от қалың ағаш арасынан сығалап қарай бастағанда дүр сілкініп барып тоқтаған. Тенесінің отырған әйелдер түрегелісіп, бір-бірінің нығынан қапсыра ұтасып, күл үстін шаңдатып білеп жүр еді. Дүр ене шор теректі қос қолдан дүңгірлеткен. Маңай бозамық тартып, оттың тілі биіктеп кеткенде Көленке де әлсірен, шаң арасында адасып жүр еді. Кәрі тіс би басталғандағыдай аспанға қайқая қарап тұрып, асасына қос қолдай сүйеніп, от ішіне орғып түсті. Кемпірдің шұбалған шашына жармаса Көленке де отқа орапа кетті. Аласапыран бимен естері танған тайпаластар от ішінен Көленкеінің шыркырай шыққан үнін естігенде ғана қалт тынды. Дүр ене жүзін тарамдай аққан жасты білегімен сүргіп, орнынан атып тұрған.

«А-ааа-аууу!» «Ууууууа-аһ!» деп айғайлады Көленке. Кенет от ішінен Кәрі тістің асасы ұшып шығып, Дүр ененің алдына түсті. Лапылдай жанған аса таяқты шап берген Дүр ене де шыңғыра айғайлады. Таяқты үйілген күлге шанышып-шанышып, қолымен отты ысыра, күйгеніне қарамай сөндіріп алып, алаңат бие баса кетті Дүр ене!..

\*\*\*

Көктегі от екі рет лапылдап жанғаннан соң ғана тайпаның әлеуетті әйелдері бас боп, Ұлы терімге аттанды. От басында От иесі атанған Дүр ене мен Төбекке бастатқан бес-алты еркек, балалар ғана қалды. Төбекке Кәрі тістің Ай жаққа кетерінде айтқан жырының денін түсінбеген еді. Шешесінен сұрамақ болып қанша мәрте жақындағанымен, әлденеге ызбарлы, алаңдаулы гайпабасы асасын білеп, маңына тақатпай қойған. Дүр ене Ай жаққа кенет кетіп қалған Кәрі тісті жоқтап, қайғы кешкен-ді. Кәрі



## Көктемнің мөлдір тамшысы

елтінін айтқан жорамалы да жұмбаққа толы. Ұлы Ағашқа үрейлене енген әйелдер бұған қарайлап-қарайлап, беймәлім сапарға еріксіз аттанған. Сол түні ағаш іші де тынышсыз еді. Алыстан Ұзын судың күрсеісі естіледі. Сықырлаған теректер арасында көлеңкелер өріп жүргендей. От басына келіп жылына алмай, тек аланқай шетінде ғана сенделіседі олар.

Сонау бір заманда, Төбекұстың үнгір ішінде жапыраққа ораулы кінкене кезінде көрген түсі кеше қайыра оралған. Әлдебір отсыз алаң қорді. Қара түн болса да айнала анық шалынатын. Көлеңкелерден аппақ Ай түсті жарық шашырайды екен дейді. Алаң ортасында аппақ бұлақ жағты ақтарылып. Бұлақ үстінен шұбалған шаш көрсен. Айдын шашы екен жерге түскен. Кенет әлгі шаш арасында жапыраққа ораулы баласын байқаған. Аспанға қарай желбірей тарқатылған бұған елес баланы көкке қарай әкетіп бара жатыр еді...

«Кәрі тіске жалын тілі не деді? Айдың дебі нені айтты? Неге кетті ол кенеттен? Әлде кеткен жоқ па? Мына оттың ішінде жылынып отыр ма? Сөңдіріп қарасам қайтеді? Жо-жок! Тайпа отын бұл сөңдірмеуі керек! От өзі сөнбесе, әйел баласы жакқан отын өшірмеуі керек қой. От өз ішіннен жанады деді гөй Кәрі тіс». Күрсағы жылмағалы не заман өткен. Әлеіз еркектерге қарады. Бәрі мұның ызбарлы жүзінен қаймығып, төменшік тартқан. Үйілген күл сыртында балалар ғана жерге шүкшып, күрт-кұмырсқа теріп, қыбыр-қыбыр жайылуда. Бұл асасын жайлап жерге қадады. Енді еркектер де қоңыз, күрт термекке жан-жаққа жылдыстаған. Көктегі от төбеден сәл тайып, түн келер жаққа ығысыпты. Енді сәлден соң Жосалы беттен көлеңкелер жер бауырлап өрмек. Олар терімге шыққанша, бұлар үлгергені керек. Күн ағаш бастарына жақындағанда балаларды ертіп бұлаққа қарай ілбіді жазған ене. Бұлаққа қарап еңкейіп, су інінен қараған жүзі қорқынышты бөтен біреуге тесілді. Толқын-толқын кара шаш кең маңдайынан кері сұлаған. Мұның ағаш тілінен тыртығы тәртіді тіліліктен маңдайдың етегі қалың кара қас. Жойқын күш нен ашу белгісіндей. Қос көзі де бұған от шапа ызбармен қарайды. Жалпақ бетінің ортасындағы дем тартар қос тесіктен ұйлығыса шыққан түктеріне шоп-шалам жабысыпты. Бұл қолын сөзбақ болды. Су інінен де бейтаныстың қолы сұман ете қалды. Қолы суға тиген бетте әлгі шегінің кетті. «Су ішкенде көздеріңді ашпандар!» – деп айғай салды басын көтеріп. «Бұлақтан Айға ұшатын қыздар туралы Кәрі тістің айтқаны рас екен».

– Айлы аланқайдағы аппақ қыздарды көрейік, шеше, – деді кешкісің Төбекұс.

Бұл отырған жерінен ұшып тұрып, асасымен ұлының кеудесінен сарт еткізін ұрып, шалқасынан түсірді. Үйме күлдің етегіне құлаған Төбекұс ыңырсып, бөтен үн шығарып, жылап жіберген. Сол түні отқа құрақ таситын еркектердің бесеуі жоғалып кеткен. Төбекұс та, Дүр ене де оларды Кәрі тіс айтқан Айлы алаңдағы сиқырлы биді көрсетуге көлеңкелер ертіп кеткенін білді. Ағаш іші сытыр-сытыр, сықыр-сықыр. Бұлардан гөрі көлеңкелердің саны көбейіп кеткен еді. Шешелері орманға сінгеннен мазасызданған ұсақ

балалар түнімен шошып, жыласып шықты. Таң бозында тыным таппаған бірін Дүр ене сирағынан ұстап, отқа лақтырған.

— О, Кәрі тіс! Жұбатшы мына шөберенді!

Солден соң-ақ отқа түскен бала тыным тауып, ұйқыға кетті. Төбекұс Кәрі тіс айтқан жыр-ертегінің шырмауынан шыға алмай, ұзын ан деген белгісіз елес туралы ой кеіп, ағаштардың төбесінен ұшатын кезін елестетті. Ергесіне тайпадағы жеті-сегіз еркек қатарынан Айлы аланкай соқпағымен келмесе кетті. Қара түн бұларды қансыра қоршап, қатары азайған тайпаластарды таптап тастамаққа бекінген еді. Аласұрған Дүр ене терімге кеткен ошақтастарын шақырмақ боп шашын қнып, асасының басына шалып, өртеді.

Ehe-hey, Ya-a-ah!

Қараңғы түн, қарт ене!

Шор теректің түбірін қакқан қолым қарысты,

Айлы түнде алаңға тартқан жолым жабылсын!

Ақ жалыннан өрбіген жарық қайда, қарт енем?

Жанарымды сүймей ме зарыққаңда, қарт енем!

Қара үнгірдің ішінен үн шығады құмыққан,

О, оны енді кім ұққан?

Қайт, қайт кейін!

Шегін әрі, Көлеңке!

Шаңым қидым ормандай оталмас деп құрағым,

Қара түнге жара сап лапылдады шырағым.

Өрттің иісі шарпыды қалың қара шашымды,

Қара үнгірім қара түнде кімге ашылды?

Ай әуенін ұмытты ма ұлдарың,

Зар әуенін тындатты ма қараңғы?

Қай соқпақта адастың, менің жазған қыздарым!

Ehe-ей! Oho-ой!

Дүр ене отты айнала биледі. Мойнына таққан кепкен жиде моншақтары сартылдап, асасына таққан тастар тарсылдап, бақайлары сыртылдап, көзі алақшып, езуінен сары көбік бұрқыраған. Еңкейе қалып, бүкшіпін қарт енесінің биін салды, қайқая қалып, асасын аспанға көтеріп, дір-дір еге елтінің биін салды. Төбекұс шор теректің іші қуыс дүмін келтек ағашпен ұрғылап отырды. Кенет өлім жайлы ой ойлаған. Алғаш рет. Бұрын Кәрі тіс әжесі ғана ойлап, бұған ертегі ғып айтатын алыс сапарлар жайлы ойлады...

Таң ағаш ішіне сүтін төккенде Дүр ене есі ауысып, күл етегіне құлады. Тайпада жеті-сегіз бала мен үш-ақ еркек қалған еді.

Ұлы Терімге кеткен әйелдер от маусымының соңына ала оралмақ-тұғын. Ағаштардың шаштары тарқатылып, жидіп түсе бастады. Дүр ененің өртеген шашымен бірге олардың да бұрымдары жанып, сарғайғанымен әйелдер келмеді. Дүр ене айлы түндері көкке қарап, төсің керіп, ұлитынды шығарды. Тайпада бұлықсыған бойжеткен қыз жоқ, әлеуетті еркек жоқ. Өзінің де құрсағынан бұлақ тартылған. Мына отты келесі маусымда кім тұтатпақ,

## Көктемнің мөлдір тамшысы

Қара үңгір енесіне сегіз баланы қалай жеткізбек? Түн сайын іргесіне жақын келіп, ыс-пыс етіп, ұйқы бермейтін Үрейден, ағаш арасынан шығып, күлдің етегіне кеп жылынып жүрген қалың көлеңкеден қалай құтылмақ?!

«Ау-у-у-у-у-у-у!» – дейді зарланып, Дүр ене.

Ауу-ууаһ!

Қайдасыңдар, қыздарым!

Көкке саудым төсімді.

Айдан шыққан қыз емеді сүтімді.

Сары Терек, Ақ Қайың!

Саумалынды кім ішер?

Жапырағың қуарды, жасыл шаның таркалды.

Желегінді кім өрер!

Төсі түкті Жер ана, жидегінді кім терер!..

Көктегі оттың қызуы бой жылытар күндер алыстаған кездердің бірінде Төбекүс еркектердің соқпағымен Айлы алаңға баруға бел буды. Дүр ене оған қарсы тұра алмас еді – Кәрі тістін болжамы орындалуы керек! Ұлы Би түні айтылған құпиялы сөздердің алдында дәрменсіз еді бар тайпа.

– Адасып, Ай жаққа кетіп қаласың-ау, Төбекүс!

Ерлер салған соқпақты басар шөп жоқ қаулаған. Айдың жолын білемін, алаңға бастап анапар, Кешікпей оралармын. Елес қыздардың биін қарындасыма үйретермін әлі!

– Адасып ағаштардың зәу басымен бұлттардан асып кетесің-ау, Төбекүс!..

\* \* \*

Ұлы Ағаш демін ішке тартып тұр. Жапырақтары қозғалмай, сыбдыр-сыбырдан да күрт тынылған. Алып От маусымы қансытқан қау құрақтар да жерге жабыса солықтап, кәрі теректер сықырлай күрсінуді доғарған. Ұзын судың дем-тынысы әлсіреп, кәрі кеудесінің күркірі сырылға айналып кеткендей. Алыс-алыс қараңғы қойнаулардан көктегі бұлтқа емінген жас өскіндер ғана әредік қалып кетіп, басын қайың діңіне ұрып алып, дүр сілкінді. Мың-мың жылдык меніреу тыныштықты Төбекүстың андап басқан қадамы астында жаны шыға жаншылған құрғақ қамыс-құрақтың жалынышы бұзады. Айлы алаңқай Көктегі от төбеден ауар жолдың кәміл астында. Түн қараңғылығы келгенде Айдың да аппақ шаны сол жолға шұбала жайылады. Бірақ, қалың орман көкті бүркеп, ештеңе көрсетер емес. Төбекүс оң құлағына әлсін-әлсін шалынатын ұзын судың сылдырын ғана бағытқа алып, бүкшіе басып келеді. Өне, қыр желкесіне бозамық сәуленің лебі жылу жүгіртті. Көктегі от ағаш басына өрмелейді қазір. Аппақ Айдың сілеміне түнде басып иген. Қалың нулы қапаста қасына алғаш түні серік болған Көлеңке де жоғалған. Көктегі от көтеріле айнала алашұбар жарыққа толғанда теректің етегіне басып сүйеп қалғымақ. Ұйқының ұйыған әлемінен қанша үрейленгенімен, жетегіне ереді ол еріксіз. Көзі жұмылған бетте қолынан шап бере ұстаған елестермен бірге аспан мен орманды

көзің кетеді. Ертеде, өте ертеде, Кәрі тіс әжесі айтқан Қара үнгірдің ішінде ағашшы адам дүниеге келіпті. Аспаннан саулап бұлақ ағайы екен, Жерден қаулап терек өседі екен. Үнгірдің ұйық қанасынан басқа жердің бәрі топан су болыпты. Кенет әлдеқайдан жеткен бөлтірік ұшып, белгісіз бір ұзын аң кісінеген екен. Бұл бөлтірікті бауырына қысып, ұзын аңның арқасына жатып ұйықтайды-мыс. Ұзын аң аспанды, бұлттарды, Айды, алып ағашты, ұзын суды кесіп өтіп, шарлап жүреді. Дүр ененің асасының үніндей, шор теректің дүмінен шыққан дүңкілдеген дауыстай бір ырақпен соғылған үн әлден уақытта тынғанда бұл ұзын аңның үстінен құлап кетінгі. Құлап келе жатып, айғайлады дерсін. Айғайлап жатып оянып кетті Төбекүс. Тыныш орманды аралап жаңғырығы кетті қиянға. «А-аа» делі әлдекім алыстан. «Уаа!», «А-аа!» деген дауыстар жан-жақтан талып қайталана берді. Сол мезет орнынан ұшып тұрған Төбекүс дауыс шыққан жаққа қарай бүкпендеп жүгіре жөнелді. Орнынан тұрған бетте он құлағымен тыңдап келе жатқан ұзын судың күркірінен жанылып еді. Күн жүгірді, түн жүгірді. Адасқан еді. Әлдебір кеште талықсып құлағаны есінде, танауына судың иісі жеткен. «А-аа» делі ішінен. Дауыстауға әлденеден секем алды. Үрей келді алыстан алқынып. Нешеме уақыт жүгіргенде жете алмағаны байқалады. Біре-ырс етіп, біресе он жағынан, біресе сол жағынан кезек шығып, болдырып тұр ол да. Бұл оны анық көре алмай, басын көтергенімен айнала бұлдырап, тәлірекпен құлай берді. Сол сәт Үрей демелі қолтығынан. «Түр. Құлама. Құласаң Көлеңкенің астында қаласың. Суық жерге жұтылып кетесің!». Еңсесі езіліп, терекке сүйенді. Ішіне кіріп кеткен әлдене әл-қуатын сорып барады. «Тамыр қазып жеу керек!». Тамыр есіне түскенде әнтек ойы сергіп, дәл жақыннан судың сылдырын естілі. Ұзын судың жағасында тұр екен. Жартастан құдай өскен терекке сүйеніп тұрғанын да аңдады. Дерсу теректің діңіне шығып, өзенте құлай өскен бұтағымен ақырындап сырғи отырып, суға иіле кеткен тұсына дейін жетті. Аяғымен ағашты қысып, салбырап тұрып, суға басын мала сімірді-ай бір. Су жағасынан қамыс құрақ шалынған қозіне. Бұтақпен тағы біраз өрмелей барып, қолын созып суырып алып, тіске басты...



Дүр ене қайғыға қамалды. Түп қойнауында жалғыз қалып, алауға ағаш тасумен шалдыққан. Ұсақ балалар шырылдап жылап, жұбанар емес. Ақыры ауыр шешімге бекінді. Балалардың ішіндегі ең әлді екеуін ғана қалдырып, қалғанын Ақ жалын мен Кәрі тіске тапсырмақ. Дір-дір етіп, опыр-топыр бауырына тығылған ұрпағын кезегімен көтеріп, жанарынан жас саулап отырып, еміреніп іскелді. Балақайлар мұның көзінен аққан жасты жалап, жұбанған болады. «От басына тастап кетсем, Көлеңкеге жем болар!» Өз ұрпағын өз қолымен Ай жаққа аттандырам деп ойлап па еді! Кәрі тіс кетпегенде ұлан-асыр ойнақ салып, күлді шашып, алаң ішін күлкіге толтырар еді ғой. Мұның шашынан тартқылап, төбесінен қарғып, бұтына тығылып, мазасын алушы еді ғой. Қазір бәрі әлсіреген. Көктегі оттың да қызуы қайтып, тайпалас әйелдер терімнен оралмаған соң, алаң

## Көктемнің мөлдір тамшысы

айналасы ыбырсып, шаршы-ғалға толып кетті. Өр бұғаның түбінде көзеті  
көленкелер діріл қағып, түн сайын отқа жақындасып келеді. Мұның асасы  
да ортасынан сынып, қысқарып қалған. Айға он тоғыз мәрте басып иді  
кеше. Қоңтасарда Төбекүске тәрленіп, зарлап тұрып, жиырмасыншы түні  
келмесе. Ұлы ағашты отқа құрбан етерін айтқан. Бүтін келмеді Төбекүс.  
Ауыр ой енесің езіп отырғанда балалардың үрейден жылағанын да ұмытты.  
Аңыран жалғыз қалам деп не еді! Үңгір енесіне қайыра жалғыз баруға  
қорқады. Кім жылығтар онда мұны?! Мұнда қалса қайтеді?! Күні ерте-  
ак Ұзын судың бетін мұз басып, қарлы маусым келеді. Көктегі от та, алаң  
ортасындағы алау да өнеді. Жок! Бұл әлгі шешімінен бас тартпауы керек!  
Үңгір енем кешірсін мені! Соңғы рет Ұлы бием Кәрі тіспен сырласқысы  
келді. Жалын ішінен сыздықтап көтерілген түтін Ай жақты ұсқап тұр еді.  
Түтін ойына қарсы болған. Көленкені сабарлық асасы да сыңғаны жадына  
оралды. Ақтық рет көтеріліп, күл сыртынан бұрнағы күні әкелген томар  
мен даракты сүйреп әкеп, отқа тастады. Жалын шалқи көтеріліп, қою  
түтін есіді. Ағаштар су тартпаны. Күн сунтын сәттер де жақын. «Сен  
келмедің, Төбекүс! Айлы алашның шетінде бүрісіп, қара жерге жұтылып  
кеттін бе екен?! Түн астында қара бұлт бар үрейлі, сен жоқсың онда,  
Төбекүс! Көктегі от астында Алып Теректің шулы шашы бар таркатылған,  
сен оны ұстаған жоқсың, Төбекүс! Ай астында аппақ қыздың бұрымы  
шұбалып тұр, сол сені әкетті ме, Төбекүс!» Дүр ене шарылдай жылаған  
баланың бірін алып, көзін тара жұмып, от ортасына лақтырды. От ішінен  
Көленкенің шарылы шығады. Келесі сәтте еңбектеп бауырына тығылған  
кенже немересін қос қолдай лақтырды. Қара түн құлағын бітеп аң, от ішінде  
арпалысқан Көленке баласының дауысын тыңдағысы келмей, солықтады.  
Шулы орманның балаң терек, қыз қайындары сыңсып, шуласты. Ұлы ағаш  
ішін тартып өкесіді. Ұзын су алғаш шыққан үңгіріне тығылғысы кеп, аяғын  
тартты арнасынан. Дүр ененің екі жағында бір қыз, бір ұл немересі ғана  
қалды. Солқылдай жылаған тайнабасы асасын отқа мағырып, жалын көсен,  
лапылдай жанған сынық ағашты басынан жоғары көтеріп, қос немересін  
ертіп, Айлы алаңқайға бастар сөкпаққа түеті.

\*\*\*

Ehe-hey!

Кәрі енемді жұтқан қара орман,

Тайпамды жұтқан Ұлы ағаш,

Ізімді көмген ну ағаш,

Ақ жалын мен Кәрі тісті көкке әкеткен Оттан жаның артық па?!

Көктегі отты жасырған бұлтан сені күшті ме?

Ай бетінен шұбалған аңпақ қыздан елесің үрейлі ме?

Қойынына тығылған Көленкеден бұққан баламнан шуың күшті ме?

Қолтығыңды аршыған Ұзын судан тете едің,

Сары Терек, Ақ Қайың, шешелерім демейін,

Отқа бердім өзіңді!!!

Айлы алаң жоқ, сен кетсең,

Отты шыбық кадалған қонысым тұл, күл жапсын!  
 Айға шашын өргізген ақ елесті күл жапсын!  
 Зор бұлақтан есілген боз елесті күл жұтсын!  
 Қойны суық Қара жер, батпағыңды күл алсын!  
 Тірі болсаң Төбекүс, Көленкеден кашарсын!  
 Ұзын суға бір түссен, Оттан да аман шығарсын!

Айлы алаңқайға жеткенше соңында қалып отырған қалың ағаштың бұтағына от тигізіп, Ұлы ағашты өртеген Дүр ене тізесінен батпаққа батып тұрып, зарлады-ай. Қос немересін Айлы алаңдағы бұлақ басындағы жалпақ тасқа жатқызып, ұйықтатқан. Ыс-пыс етіп, терең күрсінген батпақты бұлақтан сәт сайын көкке атылып жатқан елестер лап етісіп, тұтанып жатты. Айналасы бір түн ішінде Ұзын су қолатындағы қалың орман лапылдап жанды. Асасын ұзын терек бұтағына алмастырған Дүр ене Айлы алаңқайдың елестерінің лап етісіп, жанғанына үрейлене қарап тұрып, кенет шалқая кетіп, жотасына төгілген шашына от тигізді. Келесі сәтте шашының арасына енген Көлеңке шарылдап жылап, өзі де бүк түсіп қатты да қалды.

Алапат өрт Көктегі от бірнеше дүркін жанып-сөнгенше басылған жоқ. Алып теректің сусінді қуыс өзегіне түнеген Төбекүс жап-жақтан қаумалаған жалын тілінен құтыла алмасын сезіп, жартастан Ұзын суға қарғыған. Судың жеңіл ырғақты ағысы қақпақылдап, төменге қарата ағызып әкете берді тайпаның соңғы еркегін...

\* \* \*

Ұзын судың қос жағасынан лапылдай ұмтылған оттан қашқан Төбекүс әлденеше заман өткенде өзенге құяр басқа сағамен бойлай өртен құтылып еді. Жінішке өзенді кеше жоғары өрлей жүріп, Беғазы тауларының бөктеріне жетті ол. Кейін осы тау бөктеріне алып тастан қорған соғып, өз тайпасының – еркектер тайпасының тірлігін ұштады...

Иә, арада қаншама заман өтсе де Дүр ененің тайпасы жайлы аңыз ұрпақтан ұрпаққа ұласып, айтылып келеді. Ұмыт қалған тұстары болса, оны сонау ескі замандар жайлы көрер үрейлі түстерімізден шошып ояғанда жадымыздан жаңғыртып аламыз. Тарих аңызшы сонау ескі дәуірлерге Анаеркі (Матриархат) дәуірі деп ат берген. Ол дәуір енді келмеске кеткен деседі ел. Бірақ, Ұлы Ағаштың шуылын бойына сіңірген Ұлы тас қалаларда сәт сайын алау тұтанып, оның соны алапат өртке ұласып жатады. Ай бетінен төгілген аппақ елестің шашына оратылып, талай еркек от басынан аласты, барсақелместің соқпағымен ізім-қайым жоғалды. Ал, Анаеркі дәуірі ертең қайыра оралып, әлгі аңызда болған оқиғалар әлі талай қайталанатынына Беғазының бөктеріндегі тас қамалдар мен Жосалы баурайындағы бұла бұлақтар хәм өртенген орманның орны кепіл.

Солай. Тәмәт. Тәмәм!..

*1999–2009 жылдар,  
 Кеңгір – Көкше теңіз – Тоқырауын – Бұқпа  
 суларының жағалауларында жазылған.*



## Көктемнің мөлдір тамшысы

### ОҢҚА-ЖӘДІК ОҚИҒАСЫ

(хикаят)

Заман-ай, суық сұр-өңің,  
Отқа да, суға саласың.  
Кенесарының басын аң, түкті жүрегің –  
Жүрегіме жерің,  
Қай жаққа қаңғып барасың?!

Неңді іздеп жүрсең төрткүз дүниені түтін жеп,  
Осынау қарғын-сүргінін?  
Кеудеңде әлі түкті жүрегім зұлдең,  
Басыңды іздеп жүрмін мен.

С. Ақсұңқарұлы

\*\*\*

*Electa una via, non datur recursus ad alteram!*

1840 – Тышқан жылы. Сарша тамыз. Арка. Бокты қазылық.

...Ел қырға шығып қонған. Жаз ортасына таман төре ауылы жұрт жаңартып, қозықөш жайлауының бір пұшпағына үй тіккен кез еді. Хан Абылай тұсындағы сән-салтанат жоқ қаір. Даланың төсі де, казактын көші де жұпыны.

Бөкей әулетінің ақ тулы ордасы Боктының төр жайлауына дара қонғанымен, қарапаса мен төленгіті орман орыс ортасынан осында ауып келген қарашекпенмен іргелес қазық қағады. Биыл жаз көк шатыр көңдей кепкен құрғақшылық болды. Жержиекке жұтыларман боп қияннан көзге әзер іліккен бұлт атаулы Қарқаралы қазылықтың қазығына айналып қалғандай, Қарағайдың биігіне байланып қалғанлай – мұнда жетпейді, жеткені желге жеміріліп, ту-талақай ыдырап кетеді.

Қара жердің қыртысын қопарып, тонырақ күреген қарашекпендер сайдағы Талдыдан қырға су шығарып, жатақ казактың жағасын ұстатты. Ондайды бұрын кім көрген?! Атасы Бөкей ханның айтуынша, атам заманда осы алқапты жайлаған сак-сармат, гүн-қышпак егін егіпті. Оған анау жатқан кәрі тоғанның сілемдері кепіл. Мың-мың жыл бұрын бодыпты-мыс. Одан кейін жалпақ Арканы жортын жүріп-ақ ас-суға жарыған казак жер тесіп, үй салмаған, шөп-шалам кесіп, көкжасыққа алданбаған. Ет пен қымыз, айхай шіркін, кең дала! Одан өзге аңсар-құмары жоқ екен казактын. Дештінің даласына сыймай лықсыған қалын жылқыдан арғык күт бар ма! Қайран, казактын даласы. Дария гөй шалқыған. Сонау Еренкабырғадан Оралға, Оралдан асып, Қап тауын басып, Қара теңізге дейін қарақөктің тұқымы бағындырған. Нілдің жазирасынан ұшқан күспен қанаттасып, Мүз мұхитқа дейін барып, көшін көкке тіреген. Ол заман қайда?! Ақ патша казакты қысы-жазы жер үйге отырғызам деп, батыстағы ағайынның жайлауын кесіпті. Биылдан соң біз де Қарқаралыдағы қарағай тамға отыратын түріміз бар. “Жайлауың жапырылмасын” деген жаман қарғыс осы шығар?!

Құсбек төре зау биіктен шалынған шөкімдей ғана бұйра бұлтқа қарап ойға баты. Дештінің даласын – садағын сағымға ілдірген аталары мың жыл күт мекен еткен ұлы даланы шарлау арманы еді оның. Арманы адыра қалар деп кім ойлаған?! Қазақтың өрісі күн санап тарылып келеді. Ендігі күніміз не болмақ?!

Түс ауа қыр басына шығып, күндегі қалпымен екінті намазына дейін ойға қарап, ойлағы елді ойлап, көкке қарап тұнық зенгірге рухтары еңіп кеткен аталарын ойлап, арғы-бергі тарихты толғап, ертеңіне көз жеткізе алмай қайтар еді. Етектен бұған қарай күйінділата шапқан жалғыз атғы ойын бұзды. Тағы негілған шабарман?! Жамантай дуанбасы желпошта жіберді ме екен?! Бірақ олар бұл тараптан ат шаптырмаc-ты. Төдеңгіт ауылынан бөлар. Жобасы бұрыс кетпеген екен. Құрық тастамға дейін екіндідей кеп, атын әзер тоқтатақан бала жігіт еңтігін баса алмай тұр. Сірә, ауылдан басы қатты атғын біріне міне сап, асығыс тұра шапқан. Секіріп түскен беті бір тізесін бүгіп, ишара қылды.

– Иә...

Алла жар!..

– Ар ма. Неден алашапқын боп жүрсін?

Етектегі... орыстың... егіінін... өрт шалыпты... Түгі қыркылғанша... күйін, күл боп қалыңты...

– Содан?!

– Соны... Содан... сол сокқандар атекем ауылынан көріп, төбелес шығарып жатыр... Сізге жылдам жеткіз деген атекемің сәлемі сол... Орысты... тоқтатып берсін деді... Ауылды ортеп жатыр...

Бұл қолын ұсынған қалшы қатып қалды. Орыстың жаюу төбелесін Қарқаралыда көрген. Айыр-күрек, балта-қазық ұстан, барқырай аттандап, тұс-тұстан шабады дерсін. Етегін түріп әйелі, алыстан тас атып баласы қосыла шабуылдайды. Тұздай көздері ақилана аттандап шабатыны – араққа сылқия тойғаннан екен. Тұсыңнан өтер-өтпестен мүңкір сасық нәсінің өзі-ақ қарап тұрған қазақты харап қылуға жетеді. Бірақ аткі мінген қазақтан аруақ көргендей қорқалды. Атғын бауырына алып сабағанынан зорезап болған.

Е-е, ақыры бір төбелес болды де! Енді бұл күнара қаршысқа ұласалы-ау...

Кімге айтқаны белгісіз. Жаушы бала атын ақ қобікке малып, кері шауып барады. Бұл да төменге қарай аяңдай берді.

“Орысты тоқтатып берсін! Орман орысты мен түгіл Ғұбайдолла мен Кенесары хан да тоқтата алмаған. Менен не қауқар шығады дейсін?!” – деп күрсініп қойып, іргедегі ауылға ат басын бұрды.

Терен сайдың қос қабағын жайлаған қазақ пен орыс алғаш төбелескен кеш еді. Екі ауыл да отқа оранған. Жарыдан бас, сынған қол... Қарашекпендер жақ алап ойдым-ойдым отқа шалынып, қара күйе күншыл қатты. Қазақтар жақ – әр жерде теңкітен өлексе мен ортеңнен киіз үй. Ауыл іргесі бықсыған түтішпен үркіп өкірген сиыр. Ағайын ішнен сабыр қашты.

Сол кеште ауыл ақсақалының кенже немересі ұшты-күйлі жоғалып кетті.

## Көктемнің мөлдір тамшысы

Орыс жағы баланы көрмедік деп, ант-су ішісті. Қазақ жағы ауыл айналасын атпен сүзіп, көз жетер тұсқа дейін күн салып қарап, інішіл тазы жүгіртті. Әншейінде жаппаның көлеңкесінен құнжыңдап шықпай ойнайтын кара бала зым-зия. Тезек тере келген шешесі шашын жайып, аңырап далаға жүгірді. Атасы камшысын білем деп ұстап, тырс етін үн шығармай қап-кара боп түтігіп отыр. Әкесі орыс-қазақты жеті атасынан құлата боқтап, ақыры атын сабап, айдалаға тұра шапқан. Інішіл тазылар көңірсеген даланы келіп, табандарын шокқа қарытып қайтып кеп, іргеде жағы айырылғанша есінен жақты. Күйген дала, күйік ауыл қабып ішіне тартып, зарлы ананың үні боп окси аңырап, ымырғты қарсы алды...

\*\*\*

Қас қараймай-ақ жүрегі ұшып кеткен еді кара баланың. Ол қарашекпендермен төбелес басталған бетте, тезек тере кеткен апасына қарай жүгіре жөнелген. Апасы қырға таспадай тартылған снырсокпақтарды қуалап ұзап кеткен секілді. Өзеннің табанында көріне қоймады. Терең сайды қиялай айналып өте шығармын деп ойлады кара бала. Сайға түсуге көңілі дауаламады. Сайдың етегімен құлдырандай шауып, біраз ұзаған соң бұрылып, артына қарады. Ауылдың үстінен кара түтін қымтап тұр екен. Уықтың шартылдап сынғаны гайыптан құлағына жетіп, құрым киіздің бықсып жанғаны көзіне елестен кетті. Содан жүгіре жөнелген. Терең сайдың түйетайлы қабағына тырмысып шыға келгенде жүрегі тоқтап қала жаздады. Жазғытұрым қарашекпендер қыртысын қопарып, етін еккен алқап күйе жакқандай – қап-кара боп кетіпті. Оң жақта да, сол жақта да әр-әр тұсынан әлі әбден сөне қоймаған қараған-тобылғыдан көтерілген сұйық көк түтін болмаса, дала қап-кара боп өртеніп кеткен.

– Апа! – деді айғайлап кара бала.

Үні сайға жұтылып жоғалған. Сәлден соң барлығыңқы дауысы жаңғырық боп қайыра оралып, одан әрмен шошытты.

– Апа, ауыл өртеніп кетті! Қайдасың?..

– Қайдасың? ...айдасың! – деді жаңғырық.

Ап-о-оу!..

– О-оу... Оу...

Жаңғырықтан өзге ешкім үн қатпады. Қара бала қыстығып жылап жіберді. Артында күйген ауыл, алдында күйеге жұтылған, бықсық түтін тордаған дала. Терең сай түбінен жеткен бақаның құрылы да қорқынышты естіле бастады.

Апа! Шөлдедім ғой, айран бер! – деді кара бала. Содан сайды жағалап, сныр өріп кеткен қолатқа қарай тоқтамай жүгіре берді, жүгіре берді. Сәлден соң тақиясын шешіп, маңдайынан сорғалаған терді сүртпек бодды. Апасы белдігіне орап берген орамалы түсіп қалыпты. Тақиясын шешіп ап, сәл тізе бүгіп жүрелеп отыра қалды. Мұрнынан аққан сорасы кеуіп, жарылып кетіпті. “Бет-аузым бес ит жаласа тоярдай айғыз-айғыз болған шығар. Атам көрсе, сүрттіп берер еді”.

Ата, ата! Қайдасын? – деді әлсіз ғана.

Терең сайдың етегі жазанданып барып, шок-шок шілікке ұласар еді. “Шілікке тақамандар, қасқыр жатады!” деген ағасының үні жетті құлағына әлдеқайдан. Шок шілікке тақамай, қыратқа қарай сәл бұрылғанын өзі білмей де қалды. Тақиясы отырған жерінде қала берді...

\*\*\*

1847 – Қой жылы. Ерте көктем. Жетісу.

Жайылып аққан қызыл судың үстінен Күннің құлағы қылтиды. Жарылған мұздың күтірі қара түнді зілді күрсінісінен тігіреткен еді. Ал, таң ата жайқын су қымтаған дала боз мұнарға оранар сәт түп баласы түк болмағандай – кеңістік сұлық жатыр. Жым-жырт. Таң бозында суға жүзін атыраптан көтерілген бұ көкті тұмшалаған торғынға араласа, аспанды жерге жапысырғандай тұтасып қалған. Мұнар ішінен қарауытқан қырқалар мен шұбар қараған, топтасқан тобылғы, теңкіген өлекселер ғана әредік елес береді.

Сайға жыраланып құлаған өзектен судың сыңқыл сылдыры шалынды. Алыстан қарғаның қарқылы естілді. Топтанып шығысқа қарай ұшып барады қалың күзғын. Есебіне сан жетер емес. “Зауалды күн өз басыңа көріңсің!” деп кіжіңді Оңқа батыр. Қызыл Күннің сәулесіне жылынуға асыққандай топты күзғын мұнарға сіңіп барады. Өлім иісі тұншықтырып, қамап тұрған жазықта теңкііп-теңкііп жатқан өлекселерге әбден тойған-ау шамасы. Кешегі қан-қасап қырғында ажал күшқан сарбаздарды қырқаға жерлеп әзер үлгерген бұлар, Алқимына жебе қадалып, алкеудесіне найза шаншылған, қида қылыш қата тиіп сойып кеткен, жанталас аласаныраңда қарны ақтарылып, ішек-қартасы жерге шұбалған қаншама жануарды бауыздап қана үлгерген жаулары. Жер-ана жарықтық тәніне төгілген жазықсыз қанды ауырсынды ма – неше күн бойы сілбіретен жауын ақыр-аяғы қара нөсерге ұласқан.

Кекіліксеңгір етегіңдегі әскерге қол жинауға ел ішіне келіп, ағайын-тумаға ұран тастап, жаушылатқан қос батырдың нөкері қанылыста қырғынға ұшырап еді...

Әуелі арғы-бергі аруақты қозғап, алқаға ақылын салар деп ақсақалдарымен сөйлескен. Он жылдай орыспен найжаста хан қолына қосылған ерлері оралмаған елдің қамкөңіл қариялары не айта алады?! Шарасыз күйде алақанын жайып, бата беруге ғана әл-дәрмендері жеткен. Ақсақалдан ақыл таппаған соң, тізгін ұстап отырған атқамінерлерге жүгінген. Зерлі шекпен киген топ ханнан барқадар таппасын сезіп, басын ала қапсын. Ағайын ше, ағайын?! Жайлауы жаттын жұртына айналып, көші доғарылған, басы ауған жаққа безіп кетермен болса да, барар жері қалмаған ағайын не айта алады?! Ер-азамат атқа қонғанда жетекке ат беріп, жылқысын үйірімен айдап таспаған. Соңыра ақ патшаның салық-салғырты айналып соғып, қойды қозысымен, ана тұяқ ай мүйізін торпақ-танасымен қоса қуалап әкеткен. Ел де, ер де жерге қарап қалған еді. Батаға ғана алақан жайған ел, Басқа берері жоғын айтқан. Кенекем Алашқа сауын айттың, жасыл туын желбіретіп атқа

## Көктемнің мөлдір тамшысы

конған ит жылы шыбықты тай ғып шапқылап жүрген балалар қазір бозбала атанғанымен бірен-саран жаужүреті болмаса, ақсақал мен ағайыннан асып, ерер ниет танытпады ешбірі. Ел іші егемен болам деген ерлер үшін өгей тартып тұр екен. Жәрдем бермек тұрмақ, “аулақ жүріңдер, кесірлерің тиер” деген рай аңдатты. Тіпті, “аткамінерлер ішкі жақтан әскер шақыртты” деген қауесет те жеткен бұлардың құлағына. Аңысын аңдап апта жатты іргеге көшіп доғарып, Ерудік еншісі бөлінбеген ел едік. Ереуіл атқа ер салған ерлерге мезіреті таныта қоймады сол ел. Иті де бұларға қарап үретін болды. Ақыры ашуга мінген нөкерлер.

“Уа, елмісің?! Елдігінді жұтқан лақатты көрмісің?! Орман орысқа жұтылып кетесін ғой ертен-ақ! Жеріңді кесіп, белінді басып, етегінді түрлі! Шен-шекпенге сатылған бай-бағлан, би-төрең елге тұтқа болмай, кәуірге топса боп, төріңе шығарғаның неге көрмейсің?!”

Ағайын айдалаға мәңгіре қарап, есінеген әлпет танытты...

“Қарашекпеннің боғымен лайланған су өңешіннен өтін кеткен бе?! Жиыл, тудың астына! Құйыл, ағайын!”

Ешкім селт етпеді. Қараша үйдің ығында шыбыққа жайдақ мінген тақырбас балалар ойнақтап, күресін үстіне шығып қарап тұрды бұларға...

“Ел үшін, Алаштың арманы үшін шәһид кешер ерім қалмағаны ма?! Ой, өшпен ез! Ел емес, етегі төмен қатынбасшы өңкей! Шап, көне! Шапырағын ортасына түсір! Отын өшір! Бұлармен ел болғанша, құл ғып кетейік! От қой намыссыздың ордасына!”

Содан алас-күлес бір сойқан басталған. Ерте көктем еді. Такалы тұлпар тайғанар мұздауыт жылбысқыланып ери бастаған. Ала канат қырқаға шұбырынды із түсті. Қараша үйі қара суықтың өтінде қалтырап тұрған аз ауылдың бірер жаппасын қол жинай шыққан аз нөкер алғашқы ыза екпінмен жығып кетті.

Ашу атқа қонса, ақыл абыржып, Ай ашықта азамағ адасар заман екен ғой. Оңқа батыр соған өкініп отыр енді. Кеш бата көрші ауылға барып келген шабарманы етектегі елдің бұларға қарсы атқа қонып жатқанын жеткізді. Қырыққаралы нөкерді қоршап, жойып жібермек. Жетекке алған атын тартып аң, арбаға тиетін жарық-сайманың, олжа мүлік-мүкәммалын талауға салмақ. Қол жинағаны көне, өздері харап болғалы тұр. Қайтпек керек?! Жәдік батыр теріс қарап күрсінді.

– Бекер болды! Ашуы аңшып тұрған ағайын – жаралы қасқырдан кем емес.

– Езден қорқып, қатынбасшы жатақтан ажал құшсақ маған серт! Аруақ атқаны ғой онда бізді.

– Аруақты қозғама. Сүйекке танба түспесін де...

– Қараша үйдің үшеуін де қатар тігейік. Қақ маңдайдан келгенін көріп аламыз. Абылайша алты қоқты – ту желкеден. Жүкті ортаға үйіп қоярмыз. Бұлар бізден олжа дәметіп шауып алғысы келетін шығар?! Қара қазақтың баққаны мал-мүлік қой. Әйтпесе, қарақан басымызға қызығып отырған жоқ... – деді Жәдік.

– Оның рас. Бітін сығып, қанын жалап отырған жатақтар біздің обал-

## Серік САҒЫНТАЙ

сауабымызды мойындарына жүктеп неғылсын? Қан төккілері келсе бізбен бірге аттың жалына түнеп күн кешер еді әлдеқашан.

Оңқаның атшысы өз алаңын айтпай тұра алмады:

– Бұлар түн катып шабуылдап, аттансыз атқа қонатын шығар?

Оған қартамыш жасауыл дау айтқан болды:

– Менінше, таңғы талма ұйқының сәтін күтеді...

Оңқа тамағын кенеді. Өңгімені доғарыңдар деген ишараты.

– Жо-жоқ. Байқасам, бұлардың еркек кіндіктісінің ұйқысы күн құрық бойы көтерілгенше қанбайды екен. Қазындары да ерте тұрып, түнлік түруді білмейді. Сасып-пысып, ұйықтай бере ме кайтеді?!

Е-е, жатақтың күні осы да...

Шапса, сол ұйқысы қана – түс ауа бір қауқар қылар. Әйтпесе, ертен-ак ашуы басылып қалатын бейнамыс бейғам бейбақтар ғой.

Өңгіме келте болды. Бұлар арбадағы жүкті бұзып, түнеп жату үшін бірер қараша үй мен үш-төрт абылайша қос тігесті.

Түн ортасы ауа сілбіреп жауын жауа бастады. Таңға жақын іргедегі өзенде мұз сынып, қызыл су жайылғаны білінді. Сірә, Алатаудың қарт сеңгірлерінен басып тартқан өзендер биыл мезгілсіз тасымақ.

Мезгілсіз...

Бәрі мезгілсіз бұл ерте көктемде.

Өзен арнасынан жайылып шығып, сай-сала суға шылқиды. Алақанат қыраттағы қардың сауыты сөгітілін, жылғаланып өл ақты. Сілбіреп жауған боз жауын бес күн тұрды толғатып. Дым шалмаған қуыс қалмады далада. Терең сайға лықси толған іркінді су өзенмен табысып, атыранты шайып кетті. Сен қозғалып, сел басты даланы. Етектегі ел қыр басына жаппасын тікті. Қырдағы ел тауға шығын алды. Жағактар Жәдіктің отыз шақты нөкерін шауып алмақ түгіл, өз басымен қайғы болып кетті. Қой-ешкісі, арамза туған қозы-лағы, торпақ-танасы суға қарық боп, жүзін жүр. Бұлардың да жетектегі біраз аты ығып кеткен. Оны іздер жан қайда?! Түн ішінде киіз үйдің іргесінен су жүгірді. Ошаққа салатын күрғақ пыбық қалмады. Дөй даланы су қымтан алды. Боз жауын қара жанбырға ұласты.

...Апта бойы толас таппаған носер әне-міне тыйыларман. Теріскейді түмшалаған қара бұлттың етегі қаусырылған сынайлы. Алыс кокжиекте шайтан жаққан шырныдай пайзағай ойнайды. Шолақ сайдың ауызы аққан судан жыраланыпты. Жәдік батыр күрсініп қойып, еңкейіп суеңді қияқты үзіп алды. Бала күнгі ойын есіне келді кенет. Қияқпен қылыштасушы еді. Іргеде шөккен Оңқа ышарсын дауыс берді сол сәт. Аты жаман дертпен алысқалы оңшақты күн. Қараша ауылдың жаушысымен тілге келіскен күні ыстығы көтерілгендей болды. Басы дыңылдап, тәйі талып шаршағанын аңдаған. Қаншама жыл бел шешіп, демалмағанда денесі бұлай ауыр тартпайтын. Кеңсірігі дымданып, демі ауырлаған сынайлы. “Мұрымнан су ақпасын де – бокмұрын бала құсап”, Зорланып жымыған. Кенет қалтырап, маңдайынан шып-шып тер шықты. Бойы бір суып, бір ысыды. Кешқұрым жауырыны тартып, жотасы құрысып, ду-ду қышығандай болды. Шолақ жебенің масағын желкелігінен жүгіртіп, жұдынын қасыды. Арқасы тыз-тыз



## Көктемнің мөлдір тамшысы

етеді. Қасынғаны бекер болған екен. Түшімен қос жауырыны, жота-жоны дуылдап шықты. Еріксіз шалқасынан жатқан бойы арқасымен жер күреген. Таңға таяу қара терге түсіп ұйықтап кетіпті.

Түсінде Құсбек ағасы қуып келіпті екен дейді. Тура сонау жылғыдай бұлар ел ішінен біраз қол ертіп, “Кекекем жолында, қазақтың азаттығы жолында жан құрбан” деп найзаға қыл байлап жортуылға шыққандағыдай. Хан нөкерімен бірге мың жылқыны алға салып, сар желіспен шығысқа тартып бара жатқан кез еді. Сол жолы той Құсбекке найзаны батырмай-ақ аттан аударып кеткен. Сонда қайтқан еді ағасы: “Мыналардың сұры жаман екен. Беттеріне түк шығып кетіпті. Енді соңынан қуғыншы салмайық. Бұлар қырады, аямайды!” деп. Оңқа мен Жәдік Жошы мен Молдаханды ала кеткен. Бес-алтыдағы балалар еді тайға мінген. Иә, сонда той бұлар қалың жылқыны бермесе де, екі ұлды Құсбек алып қайтқан сол сапардан.

Түсінде сол Құсбек: “Оңқажан, ар ма? Елге қайтсаңдаршы. Сағындық кой! “Ер – туған жеріне...” деген. Өкпе-ренішті ұмытайық. Жошыхан мен Молдахан өсіп қалды. Сендерді сағынып, өлең айтып жүр...” деп, жүзін теріс салып тұрды. “Ағеке, бері қарашы!” дейін десе дауысы құмығын, бұл қыстығады. “Қайран, атамекен!” деп, күрсініп оянган.

Бұлар атқа қонғалы он жыл жылысыпты-ау. Қараша үй төрінде малдас құрған қалпы ұйықтап кеткен Жәдік қозғалақтап, дүр сілкінді. Саудыраған сауытын тастан, қос қабат құрым киізден пішілген бешпет киіп алыпты...

\* \* \*

1841 – Сныр жылы...

Құсбек төре қос батырдың сол кетісін ағайын арасындағы алауыздыққа жорығандарға тоқтау айтпады. Мейлі. Оз орелеріне қарап, солай ойлап жүрсін. Бұлар Кеңесарының арманын қайдан ұқсын! Жауды орыстан емес, өз ағайынынан күтеді бұл ел. Оңкей етекбасты ессіз!

Алаш баласы ат тұяғын қадап барар жерден, көкжиектен озып асар таудан айырылып келеді. Тұтас қазақтың басына қауіп төніп тұр. Ал ағайыны болса, өз мал-мүлкін, қора-қопсысын ғана уайым қылады. Қазақтың ежелден жайлаған аға қонысы талауға түсіп жатқанда, бай-төрелер өз жайлау-қыстауын аман сақтап қалуды ғана ойлайды. Мына қазақ болмаса, қара халық болмаса, бай да, би де, акеуіек төре-қожа да жоқ кой!..

“Оңқа мен Жәдік әкелері Уәлиден мұра боп қалған мал-мүліктен өз үлес-енішісін айдап әкетті” деседі ел. Оу, мың жылқы сыятып жайлау қалды ма Арқада?! Мың жылқы тұрмақ, сәлт басты азамат ер сыяр, төре сыяр тор қалмады! Бөкей атамды алдарқатып, “хан сайлаған” орыс сол атам ордасын тіккен Түркістанды Бұхарадан тартып алғанымен, қыс-қыстауын қайтарып берген жоқ кой!..

Кешелі-бері Жошы мен Молдахан інілерін ертіп, арғы-бергі ескі әңгімелерді еске алып, аруақты аталарының даңқты тарихын тарқатты. Әлбетте, өзі білетін шамаға қарай айтады әңгімені. Ал, жасынан аймақтып кәріқұлақ қарияларын, жыршы, ақындарын тыңдап өскен Құсбек төренің білім-білігі едәуір еді.

– Біз – ақ тулы төрелер, аруағыннан айналайын, Ұзын оқты Ондан сұлтанның тараймыз. Озге төреден айырмамыз – біз орыстың тепкісін ежелден сезініп келеміз. Ондан атамыз Шығай ханның бел баласы. Тартқан жайы он екі тұтам болады екен жарықтықтың. Он екі тұтам – құлашқа жуық жебені көкжиектен асырып, жоқ қып жіберу үшін қандай жақ керек?! Соған “Ұзын оқты Ондан” атаңызғы...

Күсекең – Тәуке сұлтанның жеті ұлының үлкені еді. Егіз туған Жошы мен Молдаханнан жиырма жастай үлкен. Соған да қос қонырға әкелей қарап, сонынан ерткен, білгенін үйретіп, бетінен қақпай еркін тәрбиелеген.

Орыстың тепкісі деймін ғой... Ондан атамыздан Оразмұхаммед, Қайнаркөшек һәм Дайыр тарайды. Ұзын оқты атамыз ағасы Есім ханның қызыл туының астынан жеке шығып, ақ ту тіккен. Бар-жоғы отыз жылдай ғана ғұмыр кешітті. Ерлігі жайлы, ел үшін істеген еңбегі турасында жырлауға ғұмыр жетпес, сірә! Онданнан туған Оразмұхаммедті орыс ақ үйлі аманат есебінде өз ортасына алып кетті. Оразмұхаммед орысқа сіңіп, көзден таса, көңілден жырақ кеткен есіл ер екен!

– Ағеке, ту тіккені қалай сонда?

– Бізде неге ту жоқ?!

Қос қоныр жамырай сұрақ қояды. Бұл соған жауап беріп, мәз.

– Бізде ту жоқ деп кім айтты?! Біз сол Ондан атамыздан қалған ақ туды көтереміз. Туымыз жығылған жоқ, тәубе! Барақтар қызыл ту тігеді. Кенесары жасыл ту көтеріп жүр... Есте жоқ ерте заманда аталарымыз ұды жорық алдында шанырақ мүйіз ақ өгіздің терісін он аяғымен басып тұрып, қиян-кескі ұрыста шегінбеуге ант береді екен. Одан соң жауының қанымен туын қаяндап, ырым етпеседі-міс. Ел үшін туған ер азамат болсаң, басына көтерген байрағыңды құлатпауың керек...

Күсебек төре егіз інісіне айтарын айтып алып, өзі ой тереңіне батып кетті.

Бұл қазақ бір тудың астына енді сірә, жиыла қоймас! Кенесарының сонынан еріп кеткені дұрыс па еді? Бірақ, ел ағалары орысқа қарсы ашық соғысқа шықпай, Кенекем әл жинағанша анысын аңдап отырғанды жөн санаған. Сонау жылы Кенекең Қарқаралыға келгенде де осыған бәтуаласқан. Атқа қонған жауынгер ханның соңында болады да, ауылдар, жатақ қазақ орысты мойындаған қалып танытып, бұғып отыра тұрмақ. Бірақ, орыс тамыр бұға берсең сұға береді екен. Сонда, мына қокандаған Қоканға сенеміз бе?! Кәбірден суық, мұсылманға жуық болсақ та, бұлардың заң-шариғаты келе ме бізге?! Қоканды билеп отырған Мәделі хан маңынан ұрғашы таппағандай, өзінің өгей шешесін некелеп алды. Бұхара мен Қокан сол үшін қырқысып жатыр. Олардың ар жағында “қай жеңгенің менікі” деп Хиуа қарап отыр. Қайда барып тыныштық табамыз Алаш баласына?!

Иә... Қазақ бір тудың астына жиыла ма екен?! Былтыр осы уақытта Өзірет Сұлтанға зиярат етуге барған Қасым төрені Қокан бектері тұтқына түсірді. Қалың қазақ отырып, қам жасамадық. Қасым Ташкентте тұтқында жатып, ақыры сонда қаза болып, сүйегі Тәңірінің жазуымен Түркістанға қойылды. Биыл қоныр күзде Қасымға Ұлытауда ас берілмек, сол аста Кенесарыны хан көтермек. Қазақтың соңғы ханы осы Кене болатын шығар...

## Көктемнің молдір тамшысы

\* \* \*

...Қара бала өксі жылап басылды. Жұбатар ешкім жоқ екені санасына сыздықтап жеткен. Шекесінен күн өткенін аңдап, тақиясын түземекке қолын басына апарып еді, төбетейі жоқ екенін сонда ғана сезді. Келген жағына қарап, бірнеше қырдан қалай асып кеткенін бағамдай алмады. Бұлын-бұлын сағым ба, буалдыр түтін бе – қоянжон белдер мұнартып шалынады көзге. Шарасыз балақай кері жүрмек болды. Тым құрыса тақиясын тауып алмақ. Әнкесі қасқырдың тырнағын тесіп қадаған, әжесі оюлап сырып тіктірген жасыл тақия еді. Атасы нісім сіңсең деп тұмағының ішіне салып қоятын.

Бір белден асқан соң алдынан түтін ораған жазира жайылып жатты. Кенет етектегі қараған түбінен әлдене бұлын ете қалды. “Қоян шығар” деді қара бала. Сәлден соң-ақ қоян туралы ойы зорайып, “қасқыр шығар” деген үрейге айналып бара жатты. Сол-ақ екен оң қапталда бұйраланған қарағанның түбіне бүкшеңдей жетіп барып, жасырына қалды. Көзі етек жақтағы шұбар тобылғыда. Әлдене бұлын-бұлын етіп, сайға түсіп кетті. Кенет құлағына әлдекімнің зарлап жылағаны естілді. Атасы “кейде шайтан адам дауысына салып жылайды. Бала боп інгәлайды, әйел боп аңырайды. Естісең, сол үн шыққан жакқа барушы болма, қараушы болма!” деген-тін түнеукүні. Қара бала ту өскен қарағанның тырнағына құлағын ілдіріп, қолын қанатып, қалыңына кіріп алды. Тымырсық кештің ынырып құлаған қолөңкесінің өзі аптапты еді. Үрей мен азап кеудесін бүріп тастаған қара бала сол аптапта қалы-қалы тоңып, қалтыран жатты-ау. Жылай-жылай талықсып, қарағанның бұтына бұрісе тығылып, ұйықтап кетті. Ал, сол сәтте тарқаған бұрымын беліне орап ап, шарасыздықтан бетін тырнап-тырнап қан-жоса қылған қатпа қара келіншек қара бала тығылған қарағанды қыратты басып өтіп, сайға құлап, зар айтып бара жатқан еді.

\* \* \*

...Әуелі жер тоңылтқан тұяқ дүбірі естілді. Құсбек төре қыр басында алыс қожикке көз жүгіртіп отыр еді. Біркелкі шапқан тоңты салт атты емес, жылқы қайырған аламанның дабысы секілді. Айғырлар үйір бөлісіп, айқасатын да шақ емес. Апыр-ау, бұл не болды?! Үйірден жылқы айырған барымташының ісі дейін десең, күн тас төбеден шаншылып тұр. Кенет терең сайдың ауітінен желкілдеген ту ойнады. Найзаға байлаған жасыл ту. Сайға жазықтан жылқы қуып айдаған жылқышы болса, ту тігіп қажеті не? Жау айырды дейін десең, айтай-аттансыз тыныш неғылған талапай бұл?! Құсбек төре мана ішкен бесті қымыздан айыққанына күмәндана бастады.

Заманның сұры неткен жаман еді! Жасыл ту тіккен Кенесары түстікке ауғалы жыл жылысқан. Мұнысы кім тағы?! Үш ұмтылып орнынан әзер тұрған. О, тәңірі! Ауыл іргесіндегі жабағы-тайды бұлаққа құлаға шыққан бие сауған төленгіт екен тасыр-тұсыр шапқан. Ту тіккені кім болды? Жасыл ту жалт етіп көрініп, жоқ болған. Жабағы-тайды сайға тығып ап, төленгіттерді әуре қылған орыс па тағы? Орыс бұған тұра шабушы еді ғой әуелі?!

Күсекең оқыста ойын бұзған дабыр-дұбырға сәл қыңжыла көңіл құлатты. Сайдың аузынан жиырмашақты құлын-тай шықты құлдырандап. Сонынан желкілдек ту төніп келеді.

– Қайт, ей, қайт!

Күсекең қапылыста айғайлап та жіберді.

– Уа-ай, кімін бар? Қайыр!

Сол сәт ту астынан әлдекімнің қарнадай сұлбаеы шальна берді көзге. Ту байлаған найзаны үзеңгіге қалап ап, серт ұстана атқа қонған қагілез біреу. Оң қолын баеынан асыра бұлнай шабады. Қылышы бар ма дерсін. Төленгіттерге айғайлап қояды ма-ау. Екі кештің арасында барымталап алған жылқыны тараң сайға сыйдыра алмай жатқан аламның жаңталасы. Кенет әлі ту ұстаушы жылқыны тастай сала бұған қарай салдыртты. Әуелі мінген ағы көзге жылы ұшыраған. Үйірлеті қара қасқа байталы екен. Мүшесті бүтін жануар. Қагілез қара соған мініп анты. Кім болса да келер.

Шырылдаған дауыспен әлдене деп айғайлап келеді. “Аттан! Аттан!” дей ме? Тақай бере анық естіді: “Аға! Аға!” деп келеді екен. Жошы!

– Уа, Жошыжан! Туын не?

Кенес ханның жасыл туы бұл! Молдахан ақ түмен ауылдың арғы бетіне шабуыл салды...

Ой, бар болғырлар! Бар больңдар! Адамның зәре-құтың алып...

Біз орысты шабамыз!

Өй, орыс емес, өзіңнің тай-құлыныңды айдап тастансын ғой...

Оларды жасауылыма айдап барам. Мініске ат керек!

Түмен жылқы айырып не корінді, елді үркітін?!

– Бәрібір ғой, аға! Тусыз жауға шабайың десем, тегіме тартпағаным болады ғой...

– Ой, айғалайың! Тегінен сол! Бара ғой. Жауды Алатау асырын тастандар!

Жошы найзаның ұшына таққан жасыл матаны желкілдетіп, кері салды. Ұрандап барады. Құсбектің көзіне жае үйірілді кенет.

Тышқан жылы елі ғой – былтыр. Хан Кененің қолына қарсы Қарқаралы бекінісінен жасаған жауынгерді бастан шыққан бұл. Ақ патша берген капитандық шені болған соң, екі жүз қазақпен казак отрядына қосылып, Қарқаралыдан аттанған. Маусымның бас кезі еді. Қарқаралы бекініс атанғалы, өкріктің орталығы болғалы он шақты жыл жылысқан. Он жыл бұрын капитан шенін берді бұған. Капитан боп не бітірсін?! Ақ патша Кенесарыдан қорыққан соң берген шекпені ғой. Ел ішіне беделі артып тұрған бүлікшіл ханның сөзін сөйлемесін, бізге қызмет етсін деп үлестірген саусылдаған сары темірлі сырлы шапан. Отызымда капитан шенін алдым. Ондан атам отыз жасында қалмаққа қарсы ұрыста опат болыпты. Мен не тындырдым бұл халық үшін?!

Иә, маусымның бас кезі еді. Арканың атырабы жазды сүйгенімен, Қарқаралы жарықтық қыстың сызынан құтыла алмай, ерекше салқын. Сол сапарға шығарда мұны сәуегей бақсысы оңаша шақырып алып, атқа қонбауын өтіңді.

## Көктемнің мөлдір тамшысы

– Алдияр! Бұл жорыққа шықпаңыз... Атка қонбаңыз...

– Уа, әулием, несіне күмілжіп тұрсың?

– Бекер, бәрі бекер...

Баксыға карамай жауынгерді бастап, санка тұрды. Бірақ, сол санардан ауырып қайтқан. Сірә, баксы тегін алаңдамаған-ау. Ал, өзі болса, сол жорықта тік кезіксе, Кенесарыға ілесіп-ақ кетер еді. Бірақ, сол санарда Балқаштың солтүстігіне дейін жер шолып қайтқан Ребриковтың күрен қолы Кене ханға жауынгер беріп, Құр-Баканасқа дейін қосын жүрген тобықтыңы ташнай, сандалып қайтқан еді. Кенесары-Наурызбайдың әскеріне қосылмақ түгілі, оларды мына сайын далада ізлеп табудың өзі қиямет...

Бөкей атамның бес немересі батыр атанып, атыранка даңқы жайылып тұр. Түбі осылар ғана ел есінде қалар. Ғазының Құдаймендесі, Абылғазының Қантайы, Батырдың Рүстемі және Уәли ағасының қос қыраны Оңқа мен Жәдік. Оңқа мен Жәдікті көргісі-ақ келеді. Қос бауыры. Әкелері бөлек, шешелері де басқа болғанымен, бір әулеттен өрген өрен ғой бәрі. Ерлікті несіп еткен, ел үшін туған ерлер екен! Ел-жұрт “әкелері Уәли қайтқан соң, інісі Тәуке бұлардың аналарын әменгерлікпен алған. Әкеден қалған мал-мүліктің бары Тәукеге ауды. Енді соның өз балаларына қалады мол мұра. Оңқа мен Жәдік сол үлесті Құсбектерге бермес үшін жылқыдан еңші айырын айдап кетті. Ақыр-аяғы Кенесарыға қосылып, Тәуке балаларының қалған малын шабады әлі” десіп жүр. Оңқа мен Жәдіктен ондай ессіздік шыға қоймас. Сонау жылы хан нөкерімен бірге жылқыны айдап әкеткенде бұл соңынан қуа барған. Қасына ешкім ертпей жалғыз қуып еді. Шығысқа карата желдіртін бара жатқан нөкерге қиліге бергенде, қос бауыры қарсы шықты. Нөкерлер мұны әп-сәтте қоршай алып, үш-төртеуі қатарынан найза созған. Суық темірді тәтті етіне тигізбей, киімін түйреп-шаншып, найзамен аспанға бір-ақ көтеріп тұрды.

– Сөйлеңіз, алдияр? – деді сары казак.

– Әй, өңкей пайсап!.. – деді ысылдап Құсбек. Шапан інінен киген сырма бешпеттің омыраудығы алқымын қысып, алқынтып сөйлетпеді. – Найза ұшында тұрғанда не сөз?..

Уа, босатындар.

Оңқа екен.

– Жаны сауға. Елге оралыңыз, ағеке, – деді Жәдік батыр.

Нөкерлер мұны қайыра атына қондырды.

Жошыхан мен Молдаханды... Олар бала ғой әлі... Аямыз аһ ұрып отыр...

– Ол екеуі қазір-ақ қайтады!

– Тайға мініп аң, тапыраңдан батыр болам деп жүрген балақайлар ма әлгі?!

– Иә, кенже бауырларымыз ғой. Біз жылқы айыра шыққанда, қоса қапталдасып шапқан.

Ой, ер екен олар да!

– Қайдағы ер?! Бес-алтыдан жаңа асқан бала ғой...

Күсекең қос қопырды өзімен бірге ала қайтты. Елге келе қос батырдың соңынан қуғыншы да шығармады. Теріс қарап, үш күн жатты...

“Осы екеуі елді ел қылатын түбі. Өйтпесе, бізден елдік, бірлік кеткен екен!” Хан “орысты алдарқатып отыра тұрыңдар” дегенмен, елдегі байлар мен өз атадастары сол орыстың ығына жығылып барады. Жығылмағанда қайтсын – бүлікшілді қолдасаң бүйрегінді суырып алады. Талай ауылды шауып, шаңырағын ошағына отын қылды, киізін тілің, керегесіне итін сарытты. Ал, бұған тамызда майор шенін бермек. Майор Күсекең Таукин.

Қай екеуін айтты үміт қып? Оңқа мен Жәдікті ме, Жошы мен Молдаханды ма?...

\* \* \*

1838 – Ит жылы. Қарқаралы қазылық.

Есік пен төрдей ақбоз ат ханның тақымын толтырып-ақ тұр. Айбынына айбын қосып, айдының аймағынан асырып-ақ кетеді екен. Дулығасы Күнге шағылып, жығасы желк-желк етеді. Ту сыртында тұрған жасыл байрағын биік көтерген ту ұстаушысы да алып екен. Олан әрде ұзын найзалары сарт-сұрт соғылысқан қалың ләшкер. Қарқаралының қарағайлы орманы секілді сыңсыған қалың қол. “Қаланың іргесіне ханның жер қайысқан қолы кеп жатыр” дегенді естіген бекіністегі орыстың, жатақтың жүзі абыржулы. Мәліксай жақта жасанған зеңбірекшілерге ат шаптырып, әрекет шығаруға әзір отырсын деп бұйрық берілген.

Бірақ, ханның қолы бекініске шабуыл жасаған жоқ. Даладағы үйір-үйір жылқыдан мініске ат алып, аймақтағы елден жауынгер жиып, Семей жаққа жылысып кеткен. Сірә, қалаға шабуылдауға жер жағдайын қолай көрмеді. Өйтпесе, хан әскерінің орыс салған Ақтау бекінісі мен Ақмоланы жермен-жеркесен еткенін ел аңыз ғып айтып-ақ жүр. “Наурызбай батыр бастатқан, Ағыбай, Бұқарбайлар арындатып ат қойған он шақты батырдың өзі-ақ камалдан атын қарғытып, қан-қасап қылып кетеді екен... Ақмола бекінісін алғанда орыстың күрен әскерінің басшысы Қара пұшық пен Қоңыр құлжа тұн жамылып, қашып құтылыпты... Ханның қолы бір түменге жетіпті, Хиуадан зеңбірек алдыртыпты...” деген қауесет ел ішін есеңгіретін-ақ кеткен.

Ханмен амандасуға аймаққа танымал тізгінұстарлар мен байлар, төрелер барып қайтысты. Құсбектер тау үстінен дүрбі салып қарап тұрған. Сай іші гу-гу, ығы-жығы. Әр-әр тұстан жанған оттың түтіні шудалап ады. Бекіністі оран жатқан жақпарлы тау, қатпарлы шыңның етегінен басына дейін тырмысқан қарағай-қайыңды орманға от қоя салса да жарайды екен. Қарқаралыны шауып қайтеді, расында. “Кене ханмен бірге, қарындасы Бопай ханшайымның да сыпайлары түнен жатыр екен...”

Құсбек төре қалың ойға камалды. Бөкей атасынан кейін хандық тағы төре тұқымынан ауды. Ауғаны емей немене – өзінің хан екенінді, ел иесі, жер иесі екенінді, қол астындағы жұртты былай қойғанда, атам заманнан қыркысып келе жатқан көршілерің мойындауы керек. Гүбайдолла хан тағына отыру үшін қытайдан елші алдыртты. Айдаһардың алқауына



## Көктемнің мөлдір тамшысы

аю көнбеді. Ақыр соңы ормандағы орыс ханның өзін абақтыға тықты, итжеккенге айдады. Қырда орыс, ойда Қокан – қоқан-коқақ. Кене ханның аласапыраны мынау. Атыңнан айналайын, қазақтың басын қосқан Абылай ханның әулеті жайлауынан айырылған соң, өзге елден не сұрайсың?! Хан жайлауын ішкі жақтан шұбырып келген қарашекпенге кесіп берді. Жаяу шұбырған орыс өз елінен неге қашып келді екен, ә?! Ақылы жетер емес. Сонау жылы Жамантай ағасы бастан, ақ патшаның қабылдауына барар жолда көрген: орыстың мұнаралы шіркеуі қоңыраулатқан қаласынан ауылы, даласынан орманы көп екен. Сол орманның қолтық-қолаты толған ағашүйлі ауыл. Ауылы ағашты киіп үй қылған, орманды отап, орнына егін салған. Қаласы қара түтін астында, ығы-жығы лас-сасық. Сірә, қарашекпені содан қашады. Негүрлым күнбатысқа қарай дейдеген сайын адам қарасыны көбейе түседі екен.

Жер бетіне жаяу босқан адам сыймай бара жатқаны ма сонда? Ықпалым заманнан қазақтың, мұңғылдың, қарақалпақтың жылқысы сыймай жатушы еді жаһанға! Енді адам сыймайтын болыпты. Екі аяқты қаңғыбас сыймаған соң, тұяқты малға өріс іздеп не сорымыз!..

\* \* \*

Қара бала сол ұйықтағаннан түн ортасынан ауа бір-ақ оянды. Ояна сала күндегі әдетімен көзін ашпастан қарманып, атасының сакалын іздеді. Күлте сақал орнына тікен уыстады. Баж етіп орнынан атып тұрған. Қарағаннан құлағы ғана шығып, онысының өзі тікенге сырылып, ашып-ақ кетті.

– Ата! Ат-а-а!

Атасы үн қаптады қара баланың. Алыстан үкінің қанатының сымпылы жетті. Етектегі қалың шіліктің желмен сыбдырағаны еміс-еміс естіледі құлаққа. Кенет қара бала өзінің жапан далада, қараған арасында жападан жалғыз тұрғанын тұла бойымен сезіп, бар дауысымен баж етіп жылап жіберді. Үркіп жарқанат ұшты. Сай түбінен бақа құрылдады. Жеті қаранғы түнде, жапан далада атасының ерке немересі боталай боздап тұрды. Солқылдап ұзақ жылаған балаға шәуілдеп түлкі-қарсақ үн қатты, байғыз сұңқылдап, сайдың сере тасы жаңғырығып, күніренді. Қара баланың көз алдында жер дүние дөңгеленіп жүре берді. Көктегі сансыз жұлдыз шыр айналып, жымың қағып мазақ қылды. Ұйықтағанда езуінен аққан суға жабыса қатқан топырақ сөгітіле сауылдап, қойнына құйылды.

Қара бала қарағаннан шығып, басы ауған жаққа жүріп бара жатты. Алтыдан жетіге аяқ басқан балақайды үрей жеп қойған еді. Жүрегі қозғалып, жүйкесі тас боп қатып қалған.

– Ата! Ап-а-а! – деді қара бала...

\* \* \*

1847 – Қой жылы...

Түс ауа қарауытқан сай жақтан су жалдаған топтың шуылы жетті құлаққа. Оңқа атшысына үнсіз иек қақты. Сілбіреген жауын арасынан, сай

жақ беттеп он шақты салт аттының сұлбасы шалынды. Кенет он жақтан да, сол жақ тұстан да, қараша үйлердің ту сыртынан – абылайша қос жақтан да мұнар арасынан үнсіз найда болған салт аттылардың едәуір тақап кеп қалғаны аңғарылды. Жатақтар жау қашырап ұранды ұмытқан. Үнсіз ғана су кешіп кеп, садақ оғы жетер тұсқа тақап, сұс көрсеткенсіп тұр. Қоралай қоршағанда жүзге жетер-жетпес сапы. Сірә, ұран тастап, шабуылға бас қояр сәтті күтіп тұр.

Оңқа күлдіреп кеткен ерінің жалап, жұтынды. “Атаңа нәлеттер. Қорқау қасқыр секілді екен – үн-түнсіз мөлініп кеп тұр”.

– Жәдік, мыналардың сықыптың қара.

– Оңғаш, сабыр ет. Неғылар дейсін. Сен өз жайыңды күйтте.

– Жок. Мыналармен ел боп, етек жинаймыз деп жүрген біз – ақымақ!

Найзамен су сызып, кеп тұрған түрлерін қара.

– Өздерінің жебелері жете ме екен бізге? Тым алыс тұрып алыпты.

Мұнар арасындағы топ біраз үнсіз тұрысты. Жәдіктер сабыр айлап қарап отырысты. Сәлден соң жатақтардың садақ керегі байқалды. Сірә, жақындауға батпаған.

– Мыналарда садақ тартатын күш қалған ба, ей?!

– Мылтықтары жоқ екен...

Оңқа мен Жәдіктің тіккен үйінің қарсысында топ тобылғы суға батып тұр еді. Жатақтардың атқан жебесі сол тобылғының тұсына талып жетіп, сып-сып етіп суға шаншылып жатты. Бұлар қарсы жебе ұштамаған соң, жатақтар еркінсіген тәрізді. Саппен ырғалып, сәл тақалды. Масақты жебе алыстан суылдап кеп, қараша үйдің маңдайшасын жара-мара қадалды. Оңқа сол нығына қалқанын төседі. Атшысы саржасын шірей тартып, алғашқы оғын зымыратып та үлгеріпті. Тым биік қолбеткен екен. Оғы қоршағандардың басынан асып, айдалаға лағын кетті. Жәдік дауысын көтере бұйрық тастады.

– Жак тартыңдар!

Сол-ақ екен абылайшадан атып-атып шыққан он шақты садақшы қараша үйдің тұсына талтайып тұра қалып, сықырлатып адырна шіреді. Бәрі бір сәтте көкке көлбей ұшырған жебелері көзді ашып-жұмғанша жатақтардың қак маңдайдағы легін жаусатып жіберді. Садақшылар жан-жаққа бес-алты дүркін оқ жаудырған соң, Жәдік он қолын көтеріп, тоқтатыңдар деп ишара жасады. Нөкерлердің қыр басында күркеленген тұрағын төрт құбыладан қоршап, қылышын қандамаққа ниеттенген жатақтар жебеге шаншылып, аты үркіп, сапы ыдырап, сансырап қалды. Он жыл бойы хан жасағымен талай қантөгіске кірген нөкер жан шыдатушы ма еді. Жатақтар тағы бір сағат алыстан айбар көрсеткенсіп тұрды да суды шалпылдатып, мұнарға сіңіп кетті.

– Мыналармен ұрысып береке таппайды екенбіз, – делі Оңқаның атшысы даурығын. Оған бірнеше нөкер қосыла кетті.

– Күркесінен шықпай үретін тексіз төбеттер емес пе!

– Қайыра айналып соғары анық.

## Көктемнің молдір тамшысы

– Қатары қанша екен?

– Жүз қаралы бар-ау деймін.

– Қатындарына жараларын жылы сумен шайғызып отырған шығар, өңкей нәуетек.

– Жә!

Жәдік қараша үйдін тұсына тонтасқан нөкерлі таратып жіберді. Ой айналаны шолып, жерге қадалып, масағы судан қылтып шығып тұрған бірнеше жебені суырып әкелді. Көбегұзары бар, қозыжауырыны бар, қырлы жебесі бар – қарақұстың қауырсынын қадаған бірнеше жебе әр қолдан шыққаны көрініп тұр. “Ондан ағамыз құлаш жебемен құлдырмамай атқандай құлатыпты жауып. Қазіргі қазақтың жебесі қоян атуға ғана келетін қуыс қурай секілді...” Жәдік бір ұыс жебені іргеге тастай салды.

Таңға жақын Оңқа сандырақтай бастады.

– Ағтан! Ағтан! – деді тамағы қырылдан.

– Оңған?!!

– Жәке, бауырым. Жылқыны әкетті. Қайыр...

– Жылқы кеткелі қашап, Оңған. Жи есіңді!

– Қара айғырды қорқау қамапты. Мылтық атшы, тоз-тоз болсын... Неге атпайсың? Әлде, білген су ма?

– Қайдағы қара айғырды айтасың?! Аш көзіңді. Су қамаған қотыр қырат, соқыр сайда жатыр емеспіз бе!..

Оңқа ыңқылдап барып, бұлыға жөтеліп, үнесіз қалды.

– Қара айғыр үйірінен айырылғалы не заман...

Кешқұрым шығыс беттен жетегінде қос аты бар жалғыз нөкер көрінді. Үш атпен жортқан жалғыз қазақ ел қонған маңды айналып, алысқа бет түзеген сынайлы. Көз жетердегі белге шоқытып шыға келіп, бұлардың тұрағын көріп, қалт тоқтаған. Жорықта тігер абылайша қос пен қараша үйден шапшыла шығып тұрған қос найзаны байқап, осылай қарай салдырғты. Тақала кеп, жүрісін баяулатқан. Бұлардың қарауылы өк жетер тұстан тоқтатты:

– Уа, кім боласың? Доспасың, дұшпанбысың?!

– Оу, қазақ емесің бе? Неге сонадайдан садақ кезеңін тұрсың?

– Қазақпыз. Бірақ, қазақ екем деп келіп, қазан боп шыққанды да көргенбіз!

– Хан жорығынан келемін титықтап. Сендер де хан нөкеріңдер ғой. Найзаға байлаған қылдарыңнан ташып тұрмын.

Екеудің жөн сұрасуын естіп отырған Жәдік жасауылы айғайлады:

– Тақалсын бері. Майданнан қашқан қорқақ болса, ажалы бізден!

Жасауылы садағын жинады. Жалғыз нөкер де қараша үйге кеп атын бір-ақ тіреді. Терлігі, атының омырауы сауыс-сауыс қан. Жасы отыздардағы қара қазақ. Сөзге келмей бір шара қара суды басына көтерді. Жүзі сынық. Біраз уақыт бел шешіп, ұйықтамаған сынайлы. Қида қылышы қанға қақалып, қышына қатып қалыпты. Тізе бүгіп отырды.

– Уай, кім боласың?

– Орта жүздің қазағымын, Сарысу бойынанмын. Соғыс біткен соң, еліме жетп алайын деп, үлесіме тиген олжаммен – үш атыммен оралып келем...

– Соғыс біткені несі?! Не сандырақтап тұрсың?!

Жәдік орнына шалт қозғалып тұра кеп, сарбаздың жағасынан шап берді.

– Оу, ағайын. Сабыр. Сабыр ет.

– Кәне, иманыңды үйіре бер! Сен ұрыс даласын тастай қашқан сужүрек болдың ғой. Әлде, қасыңдағы қаруласыңды қапияда қан құстырып, атың олжа ғып жөнөп бара жатқан сүркиямысың? Соңғы сөзіңді айтып қал.

– Батыреке, жаудан қашар жаманың мен емен. Кененің қолы Май-төбе түбінде қырғынға ұшырағанда мына судың ортасында өзін неге бұқпантайлап отырсың? Айқас басталмастан тайың тұрған Сыпатайдың нөкері емесісің өзін?!

– Қайдағы Сыпатайды айтып тұрсың? Біз сақау қырғыздар тауға бекінер тұста ел ішіне жаушылап ат қойып, қол жинауға шыққанбыз. Он шақты күн болды өзен арнасынан асып, қызыл су жүріп кетіп, малтығын отырмыз. Ағайын қол жинап бермек түгілі, қол ұшын сөзар түрі жоқ.

Жәдік бейтаныс нөкердің жағасын босатып, тізерлеп қасына отырды.

– Ал, айтшы көргеніңді. Соғыс бітті деймісің, хан нөкері қырғын тапты деймісің?

– Иә... Қырғыздар Кекіліксенгірдің қиясына жасырынып, таудың асуына су тоғи, коктайғак қылды. Етектен атқан зеңбірегіміздің оғы тау басына жетпеді. Біздің қол кең жазықта қоян-қолтық шайқасқа, каша ұрыс сап, жаудың берекесін алуға машықты еді ғой. Ер Науан қырғыздың бес батырымен жекпе-жек айқасып, бәрін найзасының ұшына іліп әкетті. Соған карамастан, тар қуысқа тығылып, бекер опат болдық. Сағқын да шықты арамыздан... Наурызбай да, хан да қырғыздың қолына түсті. Туымыз жығылды, отыз-қырық сұлтан аттың жалын құшты, қаншама батыр окка ұшты. Сақау қырғыздан қырғын таптық...

– Апыр-ай. Қайран, ерлерім-ай!

– Бауырым-ай!..

– Есіл ерлерім-ай!..

Жәдіктер жалғыз жауынгермен қайыра есендесіп құшақтасып, дауыс айтып көрісті...

\* \* \*

Оу, сорлы қырғызым. Қазак болмаса, ақ патша сені әлдеқашан бүтіндей жұтып қояр еді ғой. Тар қолтық тау арасына ұйлығысып ап, ұлардай шулайсың, түге. Қокан саған не береді?! Бірігіп ел болайық, бас құрап, қырдағы орысқа, Сырдағы қоканға тойтарыс берелік...

– Оны ұға қояр қырғызың кәне?! Орман, Жантай, Жанғараш манаптар ақ патшаға қол беріп, ант-су ішуге әзірміз депті ғой.

– Солты руының Жаманқара батырын өлтірген Саурық үшін кек алып, малын айдап, өзін окка байлап кетті емес пе.

– Қокан да, орыс та қазак пен қырғыз арасына от жағып, азғырыңды тіліне ертіп, шаруамызға шайтанды араластырып қойғанын қарашы.



## Көктемнің мөлдір тамшысы

– Енді шегінер жер жоқ. Шу мен Қозыбасыда аталарымыз қазақтың туын тігіп, ел болған! Біз де осы Шудың жағасында ақтық айқасқа сайланып тұрмыз. Не ел болармыз, не жер болармыз! Аттан, қазағым!

– Уа, аруак!

– Абылай!

– Ағыбай!

Қылыштан шашыраған қан сіркіреген жаңбырдай жауыпты. Наурызбай мен Бұғыбай бастаған топ тауға шығып, қырғыздың камалына барар жолды аршыды. Хан нөкері қырық арқанды жалғап, зенбіректі тау жотасына шығарып атқанда қырғыздың қорғаны қирады. Бірақ ақтық айқас болар түні Рүстем төре мен Сыпатай бастатқан он сан жасак ұрыс даласын тастап тайып тұрған еді. Не бары төрт мың нөкермен қалың қырғыз камалаған хан нөкері Майтөбе алабында қан-қасап қырғынға киілікті. Он шақты күнге созылған қырғыннан қазақтың қатары селдіреп-ақ қалды.

– Аспандағы жұлдыздан жердегі қырғыз көп екен! Аға, ең мықты деген біраз батырмен, жүйрікке мініп, қоршауды жарып өтейік. Сол тұстан өңге жұрт та кеулесінде жаны болса өтер, – деді Наурызбай.

– Олай істесем, сонымнан ерген аз ғана нөкерді сатқан боп шығам! Соңғы демім шыққанша, сарбазыммен бірге айқасып өлейін! – деді Кене хан.

Ежелден тауда туып, таста өскен қалың қырғыз қазақтың аз ғана жасын санамалап тұрып, оққа байлады. Ойкастаған батырын найзаға түйреді, туын жығып, тас атып нөкерді ат-матымен мылжалап, көмін тастады. Қазақтың арманын арқалаған ардагер ерлері шейіт болды, ханы неңде боп тұтқынға алынды. Қырғызға астыртын көмектескен орыс пен кокандықтар ағайынды қос жұратты оңаша қалдырып, сыртынан шок-шок десін, қай жеңгенін менікі деп, марапатын әзірлеп, мұртынан күліп тарасты...

Қалың қырғыз күзғынша қарқылдап тұрды. Дабыл үні құлақ тұндырады. Гүж-гүж еткен, жеңіске масаттанып қарқ-қарқ күлген, қылыштың қырымен қалқанын ұрып, шуды көбейткен мас тобыр кеу-кеулесін, ортадағы ашық алаңқайға шығарылған ханға қарап анталасты.

– Уа, қазақтың ханы Кенесары! Ақтық сөзіңді айтып, Аллана сиынар кезің келді...

Хан Кене – еркін елін сыйдырар жер таппаған, жазира жерін орыстың отары болудан соңғы деміне дейін қорғаған есіл ер ұзақ толғап, жыр төгіпті. Қамалаған қырғыз, қаумалаған қаскөй дұшпан сілтідей тынып тыңдапты. Ол елімен-жерімен бақұлдасты. Жүрегіннің басына ат басындай шер боп байланған арманын зар ғып төгіпті. Қазақтың тас төбесінен кетпей қойған қара бұлт сөгілердей еді аһ ұрған арманынан. Алатаудың мұзы еріп, жас боп төгілер ме еді адамның аңсарын ұқса! Қара аспанның тұнығы тітірер ме еді, қара жердің тоңы қара айрылып тілінің кетер ме еді!..

– Әлімсақтан арғымақ аттын жалында жаһанды шарлаған қазақ деген ел едік!

Жаһанды шарлағаны – жаһанды жаулағандай ғажап кемел ел едік!

## Серік САҒЫНТАЙ

Қазақ-қырғыз қосылып, дұшпанды жеңсек деп едім.

Қырдағы сары орысты, ойдағы Қокан бектерін көріне көмсек деп едім!

Мұсылманға жуық ем, кәуірге суық ем.

Алаштың арманын арқалап туып ем!

Туымның астына Алашым сыймады.

Қара жер қазаққа тарлық етті, басымды көр тартқан екен! – деді ол көрленіп.

– Уа, қырғызым!

Оныңнан туды жұлдызың.

Қазақтың туын жыққан соң, орысқа құл болар ұл-қызың!

Абылай атам сан шауып, ел қыламын деп еді,

Ел болмаған ессізді жер қыламын деп еді!

Елдікпен кеткен екенсің.

Алатаудың биігін, Сарыарканың тұнығын бірге кешер күн тумас.

Айқасқа белді кім бумас, атаның кегін кім кумас!

Бірақ, қазақ-қырғызды майданда қосар ұл тумас енді!

Күнің сөнген екен елім, сенің күніңмен бірге ат жалында ғұмыр кешкен қырғыздың да күні өшер әлі-ақ! – деді хан Кене аһ ұрып.

– Нокталы басқа – бір өлім.

Қазақты жеңдім деп шуларсың, түге,

Сүйегін шашып, ит-құсқа жем қылдым деп ырларсың, түге!

Қазақтың басындағы күн өзіңе туғанда жүрегіңнің басын ашы жаспен уларсың, түге!

Қайран да, қайран алты Алаш, ендігі күнің жанталас!

Орман мен Жантас, Жанқарап манаптарың мас болар.

Сендерге енді керегі – мына тұрған асау бас болар.

Сол басымды шапқан соң, ақ патшаға тартқан соң, өзіңнің де ашалағына көр топырағымен бірге қанды жас толар!

Өз қылышыммен кесіндер басымды, айбалтаң өтпес! – деді ол қаһарланып.

– Қазақтың жауы сен емес, өз қазағы екен.

Елімнің ендігі күні – еңсе тіктетпес азап екен!

Қан майданда тастай қашқан серітесім антын жұтқаны-ай!

Ақ патшаның мылтығынан қорқып, бөрідей бөрліктіңер даңқын құртқаны-ай!

Араны тоймас жалмауыз жағымпаздар халқын жұтқаны-ай!

Бұ да бір өкініш екен ортеген! – деп қайғыланды ол.

– Уа-ай, орындалмай арманым,

Тістеуде кетті бармағым!

Алашым үшін арқалап, ұран ғып ем аталарымның аруағын!

Елің енді еңсесін көтерер ме екен?

Елім деп қанын төккен ерлерімнің құны өтелер ме екен!

Әй, қайдам!

О, Науанжан, ардағым!

Ағыбайдың тілің алмай, басыңды торға салғаның қата болды-ау.



## Көктемнің мөлдір тамшысы

Сен барда манаптар түн ұйқысынан шошып оянып, үреймен дүрлігісіп жатар еді-ау!

Қайтейін! – деді ол жалын атып.

– Ей, Ағыбай, батырым!

Екі дүниелік жақыным.

Айбарлы атын ұранға айналған сендей ер бітпес енді қазақтың маңдайына. Қаһарланып шапқанда кара жер сөгіліп, тау мен көл жармасар еді шалғайына.

Енді сен егесің аймағыңа! Елімді саған тапсырдым!

Уа, Нысанбай жырауым, сөзімді саған тапсырдым.

Сарыарқаның беліне,

Сары қазақ еліме қош-есен бол дегейсің.

Қоғалы, қомды көліме,

Арғымағым қосте шапқан төріме қош-есен бол дегейсің.

Ажалды басты көр алар.

Рухым қайыра оралар.

Ғасырдан ғасыр алмасып, қазақтың қайғылы күні де жоғалар.

Қош, қош! – деді ол бақұлдасып.

– Жекпе-жекте өлмедім алмас қылышым майырылып.

Басыңды қоссам деп елім – басымнан тұрмын айрылып!

Қанатымды қайтейін қалған қайрылып.

Алашымды қайтейін, қан жұтқан қайғырып!

Елімді қайтейін боздаған.

Ей, сұрқиясы көп сұм жалған, кімдердің басынан озбаған!

Шабамын десең, міне, бас! – деді ол қасқайып.

Қаһарлы дауысына қайғының қан қатты қапасы қосылып, ұзақ жырлады ол. Алаштың басын қосам деп, басын тауға-тасқа ұрған есіл ер, қастерлі ханы еді қазақтың. Қазақтың сан ғасырлар қайрап дүшпанға салған алтын балдақты алмас қылышының тат жемеген жүзі еді. Тасқа шауып сындырды заманы, өз басын шапқызып, өз қанына суарды заманы.

Ал кара аспан, алқаракөк кара аспан селт етпеді. кара бұлт та мөлт етпеді. Жазылып жатқан жер жиырылмады, мұздап жатқан тау тітіркенбеді.

Әуелі ханның сауыт-сайманын сыпырып алып, жейдесін дал-дұл жыртып, кеудесін жалаңаштап, көк етін қылышпен есе сөгіп жіберіп, ішек-қарнын аяғына таптатыпты. Жүрегін қолқасымен қоса жұлып алып, кара қанын ағыза сығып масаттаныпты дүшпаны. Масаттанып тұрып, ханның қос жұдырықтай жүрегіне біткен қалың түтін көріп, төбе құйкасы шымырлап, зәре-құты қаныпты. Кейін дулыға сыймас, бұғау түспеген асау басын жаңғырыққа салып шауып алып, ақ патшаға жөнелтіпті...

\*\*\*

Жатақтар бес күн бойы кезегімен қоршап, нөкерді ала алмады. Су кешіп, өздері де титықталды. Арала тағы бірер күн өткен соң қызыл су да аяғын тартып, қырка-қырат жоталанып көрініп қалды. Топырақ тобарсып, буалдыр бу таңнан ыдырай бастаған. Шолақ сайдың астан-кестені шығып,

өлген малға толып қалған екен. Арам өлген малдың өлексесі күн қызуымен борсып, алапты сасытты. Сызды ауа, сасық леп өлім иісін мүнкітін, далада аты жаман шешек дерті шайтанның деміндей таралып-ақ тұр еді. Әуелі бірнеше күн күрк-күрк жотеліп, мазасы кеткен қартамыш жасауыл көз жұмды. Бұлар биіктеу қыраттан кеңдеу ғып көр аршып, жасауылдың басын құбылаға қаратып, жүзін жасырды.

Әркім өз лашығынан шықпасын! Жүт жеті ағайынды. Шешекпен сегіз. Ортақ қазаннан тамақ тарту тоқтатылсын!

Жәдік елге келген шешектің бірнеше лаңын бастан өткерген. Өте сақ еді. Оңканың беті бері қарамасын сезсе де, қараша үйде сынарымен бірге кам ойлап, садақ жонып сайлана берген. Бірер тәулікте он шақты сарбаз шешектің шенгелінен шыға алмады. Жатақтар да бұлардың титықтаған халін аңдап, қарасын молайтып, қаумалай қоршап, осы қырдан тірідей көшірмеуге ант ұстасқан тәрізді...

Қазақ шешекпен атам заманнан алысып-ақ келеді. Ауыл-орманымен опат қып кеткен апатты дерттің дем-тынысы сезілгеннен үрейге бой алдыратын бейпарлығы да ежелден. Шешек шыққан үйді жапанға жалғыз тастап, түн ортасында жұртқа қалдырып қаша көшіп, маңына тірі жан жолатпай, аурулы жан әбден арып-ағып өлгенше таяқ тастам тұсына бармаған. Шешек тиген адамның басынан күн өтпесін деп лашық тігіп беріп, қараша үйінің үзігі мен түңлігін ғана қалдырып, керегесін жаланаптап, өзін бақанға таңып кететін болған. Ауру шыққан ауылды жасауылмен қоршап, тырп еткізбей өртеп те жіберген талай мәрте. Сол құрығынан күр жібермес анық ажал Оңқа-Жәдік сарбаздарын жын-пері ұмысына түсіріп тұр еді.

О, құдайым! Жаудың найзасының ұшында жан ташырар сертім бар еді! Кәуірдің қылышына серт байлап, басымды соған тігер ем! Иттей боп іріп-шіріп, керегеден мөлшер өлім бе еді сұрағаным?!

Оңқа қараша үйді төңкеріп тастауға шақ қалып, аһ ұра аласұрды.

Кет, Жәдік! Жолама маңыма! Өзің не деген жаны сірі пәлесің?! Ауырып қаласың! Тақалма маған...

Оңқа, сен екеуіміз о бастан бір тағдырға байланғанбыз. Сертіміз қанжардың жүзінде!

Жәдік бауырының басындағы мүшкіл халді көре тұрып, әуелде ортақ тіккен лашықтан шықпады далаға. Жатырлас жан бауыры, қарулас қанды-көйлек серігінің аузына су тамызып, күлдіреп кеткен терісіне тоң май жағып, құрым киізден қабат-қабат кеудеше пішіп берген болды. Қарағай сапты найзалары жаппанын жабығынан шығып, байлаған қылы желмен таралып сүс беріп тұр еді. Орнынан суырып алып, екі найзаны да шолтитып шауып тастады. “Енді мұнымен дұшпанды ат көтіне сырғытып жарытпаспыз.” Шолақ найзаларды қатар төсең, ұштарын бір-біріне қарсы бағытта сабынан оздыра байлап алды. Жәдік екі жағында да өткір ұшы бар шолақ найзаны ортадағы жерошақ үстіне тастап, Оңқаға найзаның арғы жақ ұшын ұстау керектігін айтты.

## Көктемнің мәлдір тамшысы

– Оңғаш, сен мені өзіңе тақалтқың келмесе, мына қос найзаның арғы ұшына шық. Бір-бірімізге теріс қарап отырайық. Найзаны жоныңа тіреп ал.

Өзі өз айтқанын істеп, денесін орап тастаған құрым киізге найзаның ұшын қадап, сырт беріп отырды. Қырық-елу жебелі жағын оң қолына оңтайлап, тұсына қойып алған. Оңқа Жәдіктің істегенін үнсіз қайталады.

– Уай, қайсың тірісің? – Үн қатындар!

– Қаншамыз қалдық?

– Жаны сірі жетеуіміз қалыппыз...

– Онда бүгін жатақтың жанкештілері шабады десеңші.

– Көріп алдық құқайын. Орыстың зеңбірегіне қарсы шапқанда, жатақтың жаман оғынан жасқанбаппыз!

Хан Кененін аламанына ат қосқан, жанын окқа тіккен жеті шері, шер жүректі жеті оғлан тұс-тұстан аңталаған өз ағайыны – өз қазағына қарсы садағын сайлап, жебесін кезеп, қылышын қайрап, қан жұтып, қасарысып отырды. Күн құрық бойы көтеріле шығыс беттегі жатаған қыраттың жотасынан қара ту тіккен жиырма шақты салт атты бой көрсетті. Бұлардың доғарылған көпі айға жуық уақыт тұрақ еткен қырканы нұсқан, біраз сөйлесіп тұрды да, төрт-бес салт атты орағыта шауып, тұс-тұстағы жақтастарына хабар әкеткен сынайлы.

– Қамдан, қарулас!

Жәдік таңертеңгілік керегесі жаланапшаның, үзгі ғана күнқағар боп қалған үйлерді айналып, аралап шыққан. Үш-төрт күн бойы манайдан жатақтар жаудырған жебені жинатып, жетеуіне бума-бума оқты бөліп берді.

– Қос-қос садақты анырата тартсақ, қай тараптан аңдыздай шапса да тоқтатуға дәрменіміз бар ғой. Жанымыз пидә. Жаудан, өрт пен судан аман қалып, өз туысымызбен өліскенше ұрысамыз деп ойлаппыз ба? Бекем болыңдар, бауырлар! Бұл да бір сынағы шығар тағдырдың. Осыдан аман қалсақ елге жетіп, ала туымызды Арқаның алқабында желбіретерміз. Иә, аруак! Иә, Алла!

– Аруак! Аруак!

– Абылай!

Жеті жауынгер – ата жауымен ақтық айқасқа емес, аталасымен бейопа мағынасыз майданға дайындалып жатты.

Сәуірдің сәруәр сәулесі сызды кеудеге жылу құйған көктем. Пенде баласының фәнилік қыркысынан қамсыз табиғат жарықтық тамылжып тұрған маусым-туғын. Жаратылыстың құдіретіне шек бар ма, жұмбағына жауап бар ма?!

– Жәдік, – деді Оңқа зорлана күлімсіреп, – Біз елден кеткелі он жыл өте шығыпты ғой.

– Иә, желідегі құлын ақауыз ат болған шығар. Елдегі қарындас қауым ендігі бізді танымайтын да шығар.

– Бату бабамыз батысты тізе бүктірем деп қаншама жыл жортуылда жүріп, хан ағамыз қайтқанда елге оралыпты. Сонда есігіндегі құл танымай қалыпты екен...

## Серік САҒЫНТАЙ

Уа, Оңғаш! Күні қисайған кәрінің сөзін аузыңа қай құдай салып отыр?!  
Әлде, сен де сыр берейін дегенің бе?

Жо-жок... Бірақ мына дерт менің түбіме жететін секілді. Сүйегімді кеміріп барады. Сенесің бе – өкпем өрт сүйгендей күйін тұрса да, қалтыран тоңып жатам...

– Қой, берілме. Сен екеуіміз әлі Талдың суын таспен бөгейміз!

– Е, е, соған жеткізсін де. Мен бірақ күмәндімін...

Кенет ту сыртындағы жасауыл әңгімені бұзып, айғай салды:

– Қалқан тізіндер! Жаақтар садақ кере бастады.

Сол-ақ екен қыр басында ұйлығысқан жеті жігіт қырылып қалған қаруластарының қалқандарын керегеге шаңдып, өздері соның ығында садақ-саржаларын сайлай бастады. Жаақтар бүгінгі қамданысын ақтық ұрыс деп, бел бұған тәрізді. Маңайдағы қыр-қырат етектерінен басналап келіп, ұран шықса, ұмтылуға әзір тұр.

Мен шәһид боп кетсем, елге сәлем айтарсың. Құсбек ағамнан, елден гапу сұра. Кешсін!

– Не айтып отырсың. Оңқа? Бірге барамыз елге...

Жаақтар бұлар күткендей ұран тастап, дабыл қақпады. Тек межелі тұсқа такала кеп, садақ тартты. Суылдай ұшын жеткен алғашқы жебе қараша үйдің қарсысына – топан топыраққа қарс қалады, сытыр етіп сынып түсті. Содан жебе борап берсін. Жаақтар жебенің басын жермайға мағырып, білте шүберек байлап, тұтатып атуда. Қара түтінмен із тастап ұшқан қалың жебе қараша үйлердің уығын жанқан үзікке, шым киізге қадалып бықысып жана бастады. Әп-сәтте-ақ нөкерлер бекінген қыр баеы қара түтінге оранды.

Уа, есаңдар!

Оттан өздері қорқып тұрған шығар, иттер!

Бықси жанған киіз үсті-үстіне төпелеген отты жебеден түшшыға тұтанып, лаулай бастады. Сол сәт етектегі бұқпантай әскер ұран көтеріп, қырға шаба жөнелген. Алас-күлес жалын, лоқсыған қара түтін арасынан Жәлік айғайлап, сарбазын сабырға шақырып қояды.

– Сәл такалсын. Сол сәтте көздеп атың, жусатып саламыз. Кәне, кірістік!

Озі сайланған саржаны шірдей тартып, қырға шауып шығып келе жатқан қасқа аттыны көздеп кеп тартып жіберді.

Уа. Ұзын оқты Ондан атам аруағы, жебей көр!..

\* \* \*

Құсбектің бакемеы жалынның тіліне қарап, қара тасқа айналғалы жетіқаракшы темірқазықтан салбыран ілінді. Жым-жырт. Төре де оттың ойнына қарап, ойға шомған.

– Қырда орыс ойраның салды, Сырда Қокан коқан-коқан етіп, құтырды. Бейбіт ауылыңды өрт жалмап, су қамады. Жағағың жагтын атың ертседі. Батырыңды қан тартты, би-төреңізді орыстың шен-шекпені арбады. Ағайын жұтпен қатар келген шешектен шыбындай қырылды. Жайлауыңды қарашекпен түренімен қопарып, қыстауыңды дерт жайлады. Қазактың шаңырағы орғасына түсті. Не айт дейсің маған, уа, төрем?!



## Көктемнің мөлдір тамшысы

– Не айтасың, шынымен?! Сен айтпасаң да, елдің ертеңі белгілі болды. Қазақ үшін кара түнек заман орнағалы тұр-ау. Мені “хан” деп атайды мына ел. Нағыз ханының басын қырғыздар шауып алып, ақ патшаға тартты. Ежелден ұлыс үшін ту көтерген ақсүйек тұқымы едік. Енді ақ патшаға күл боламыз. Үш жүзді жалғыз хан билеуші еді, енді ордада тоғыз сұлтан билейтін болдық. Ұлысым көшер өріс те тарылды. Көш доғарылды, осы тоқырағанымыз тоқыраған, отырықшы боп омалатып түріміз бар...

– Токмақ пен Бішкек тұсында, Кекіліксенгір тауының қолатында Кенесары қолы қырғын тапты. Қазақтың ғана емес, арғымақ атты тұяғымен әлемді шарлаған баһадүр салт атты жұрағаттың күні еңкейіп тұр. Енді әлемді тастан түрме тұрғызып жерлесер жатақтар билейді...

– Иә, патшадан алған шеніміз қазақтың қайғысына өтеу бола алмас. Қайта қайғысына қайғы жамамасақ етті. Қайда барып күн көреді Алаш баласы?!

– Кене ханның басын алғаны, сүйегін сайға шашқаны – қазақты қорлағаны ғана емес. Жоқ қылам дегені ғой заманның. Енді, сол ханның гәзит басын арулап жерлемей бұл жұраттың басынан кара бұлт ауа қоймас! Ақ тулы әулетін ертен-ақ қызы туға ауысар, әке бадасымен айқасар, әйел ерімен жауласар. Санаң сансырап, далаң қансырап, шапырағынның күлдіреуіні шіріп, түнлігінен түтін ұшпас күндер туады. Арқаның атырабын ақсөңке сүйек басады. Адам сүйегі... О, Тәңірім, кеше гөр қазағыңды!

– Астанаыралла! Не айтып кеттін, әулием! Сен үндемеші енді...

Құсбек төре бұдан кейін бақсысымен оша сырласуын мүлде доғарды. Тек екі иісімен ғана сырласып, есте қалмас ескі дәуірдегі дақты аталары туралы аңызды ғана алданып ететін болды...

\*\*\*

Апыраған адырдан алқына ұшқан ажал оғы екініден келе жатқан аттының сол жақ қабырғасын қақырата соғып, өте шықты. Қыбегүзар қу жебе жаланап тәніне құлып жарғақ қысқа тон киген жатақтың оқпесін тесіп өте шығып, оның ту сыртында айғайға аттан қосып келе жатқан бозбаланың төсін жара кіріп етіп қадалып, ат үстінен жұлып әкетті. Жаны сірі жеті сыпай да жан-жаққа жебе жаудырты. Жәдік пен Оңқа бір-бірінің жоғасына тіреген найзаға сүйене, шірене садақ көрген.

– Қанды басың, бері тарт! – деді Оңқа ысылдап. Көздеген жебесінің ұшына қарсы маңдайдан қарагерін көсілте салдыртып келе жатқан жатақты алып, құлаштай тартып қап, жебе зулатты. Оңқа да, Жәдік те саржаға сайлаған сүр жебемен бір атқанда екі жатақты сұлатып түсіріп тұр еді. Сауытбұзар сары жүн оқ ат үстінде лекітін келе жатқан адамның алдыңғысын көктей тесіп өтіп, соңындағысын ат үстінен ұшырып түсіріп тұрды. Жағаларды үрей бұды. Ұраны құмыға шыққан шабуылшы жақ құрық тас-тамға келгенше отыз шақты ат кісінен, иесіз ойқастап шыға берді тонған.

Дегенмен, көлтің аты – көп. Тұс-тұстан андыздай шауып, алқын-жұлқын жеткен жатақтар нөкерлерге тым тақап, арбаға киіліп, қостарын жығып,

сойыл төпелей бастаған. Жәдік кайкы қылышты қос қолына қатар ұстап, құйын-перен үйіріліп, оңынан келгенін бір, солынан келгенін екі жайпап, он шақтысын сұлатты. Қылышын тастай салып, ілкіде өзі қосақтап бұған қос сүңгілі найзаны төбесінде шыр айналдырып, өзі қоса ырғи секіріп, айналасын бықырт тигендей қырды. Найзаның қос сүңгісімен тиген жерін қан қылып, алды-артын тегіс жайпады. Жеті сыпай лашықтан ағып-атып шығып, найза-қылышпен екпіндей келген ессіз жауды кезегімен түйресті. Бірер ат қара түтіннен үркіп, лапылдаған оттан жалына шок түсіп, үстіндегі иесімен қоса өртеніп, түзге лаға шапқан. Шапқан аттың арынымен отқа қоса кіріп, нөкерді таңтай отіп, үйіріле қайыра кеп, әзірейілше төніп, жаусатқан сойылгерлер де жетерлік. Айналасы бие сауым уақытта қара түтіннен ту байлаған төбе басындағы айқас сап тыйылды. Жарадар болып, қансырап ыңырсыған бірер қазақ жатты ойран-топаны шыққан төбеде. Иесі аттан сыпырылып түсіп, үзегісі бауырын сабаған, содан үрке тасырлата шапқан қырық шақты ат ман далаға кете барды.

Сол жақ қолы білезігінен шабылған Жәдік сірі қайыспен шынтақ тұсын тарс буып тастап, бықсыған құрым киізді шыжылдата жарасына басты. Оңқа кеуі ғана тірі қалған екен. Жеті сыпай төбе басында, етегінде жайрап жатқан жатақтармен араласа топырақ топанына мылжалана шөккен. Ауа қан сасыды. Әуеде құзғын шулап, қаркылдасты.

Кеудесіне туырлық киізден қабаттай сырған бешпет киген, қос сүңгілі шолақ найзаның екі ұшы жоталарына тірей, теріс қарап отырған төренің қос батыры, Кененің қос сарбазы қонырсыған қара төбеде, қарға-құзғын қаркылдай тойлаған ажалды алапта анырап аһ ұрып отырып, ақырғы түлдерін қарсы алды.

– Татар талқанымыз таусылған екен, Жәдік, – деді Оңқа қырылдап.

– Қырық жыл қырғын болса да, ажалды өледі деген. Ит-күсқа жем болмаспыз. Бірақ елге де жете алмаспыз...

– Қан майланның өтінде жекпе-жекте өлсек арман жоқ еді. Іріп-шіріп ағып өлмекпіз бе, шынымен?!

– Мына найзаларды не үшін буды дейсің, Оңқа?! Екеуіміз бірге туған-быз, бірге ат жалын тартып міндік. Жауға да бірге аттандық. Орыспен он жыл қырқыстық. Шегінген жеріміз болды ма?! Ажалымыз да бірге келсін деп, сайладым сүңгілерді!

– Сен мені қалдыр, Жәдік. Етекке түсіп, құраулап шақырсаң есті жануар келер дауысына. Ел шетіне жетіп ал.

– Мен сені тастамасқа ант ұстағам, Оңқан. Сол сертім – серт! Бері қарашы маған, – деді Жәдік.

Шолақ найзаның арғы ұшы жотасына тірей сүйенген Оңқа қозғалатпай, айналып Жәдікке қарап отырды. Жәдік найзаның жез сақинасын жалғыз қолымен ұстап, кеудесіне тіреп оған қарап малдас құрып отыр екен.

– Түр орнынан, бауырым! Хан нөкері жатаққа тірідей пенде боп, қолға түсіп, олжа-сауға сұрамаспыз. Сен көрмеген, мен көрмеген не қызық бар бұл жалғанда. Атамыз Уәлидің аруағын мазалап, атына дақ түсірген жеріміз



## Көктемнің мөлдір тамшысы

жок. Сонында ізінді өшірмес ұрпақ қалмады демесен, қазақ атырабында атымызды ұран ғып айтар өрен шығар бір заманда! Арғы атамыз садағын сағымға ілдірген Шыңғыстың сертіне адал шерігі сынды, қазақ сынайының сапында қан кештік. Хан Кененің арманы үшін Алаш туы астында ат ойнатқан ер болдық. Бұдан артық не тұмыр керек екеуімізге! Қараша үйдің керегесінен телміріп, аштан өлер жайым жок!

Оңқа, он күннен астам шешекпен алысып, кеулесін орт аулатқан есіл ер, есінен ауық-ауық танып кетсе де, өр жігері мен тетіне тартқан алапат күш иесі, алып батыр Оңқа өз найзасының қос қарыс сүңгісін шым кигізге нығарлай батырып, орнынан теңселе тұра кеп, қаңдықойлек серігі, жан бауыры Жәдікке күлімсірей қарап үнсіз тұрды. Ажалға да тік қарар есіл ерлер қос сүңгілі найзаға сүйеніп, қыр басынан еніске түсін, мұнар құшқан далаға сіңіп бара жатты...

\* \* \*

...Түздің сары құсы қолбей ұшты кара баланың басынан. Бізба белбеуін шешіп, онысымен шапанын орап арқасына асып алған балақай анырып қарады түз құсына. Есі кіресілі-шығасылы қалыпта түлей түде бірер таулық сансырап, қаңғып кеткен кара бала үрейді де, үмітті де сезер халде емес-тұғын. Сайға түсе бере шілік арасынан құйрығы қайқнып, суымен ақ қобік шұбырған қасқыр шыға келді.

– Кәһ-кәһ, күшігім, – делі кара бала.

Жүні түсіп, қабырғасы ырсиған қасқыр құтырын кеткен екен. Баланы айнала топырақ боратып ойнап, жер тырналап сәл алысты да, өзінің он жақ бүйірін арс етіп қауып алып, айдалаға лағын кете барды.

Кәһ-кәһ, күшігім, – делі кара бала.

\* \* \*

...Қазақтың есі ауып, аласып, киесі құтырған қасқырша шабының жортқан заман екен.

Жүрегіне түк байлаған батыры дерттен шөгін, жаяу жанан келді.

Ханы бассаыз, тәні көмусіз қалды.

Төресі ессіз күн кешті.

Төрткүл дүниені түтіп жетеп алапат дәуір келді ұлы далаға.

\* \* \*

1847 – Қой жылы.

Ел қырдан ойға құлаған көтерем көктем еді...

МАЗМУНЫ

Теніз толқынындағы кафе .....	3
Қарға.....	13
Аң .....	20
Көктемнің мөлдір тамшысы .....	26
Аңшы.....	30
Ауылың сенің іргелі.....	34
Гүлмира.....	40
Жалмауыз.....	47
Гитлерюгенд .....	55
Гала-концерт.....	62
Жарты қап кітап .....	65

Хикаяттар

Дүр-ененің тайпасы .....	71
Оңқа-Жәдік оқиғасы.....	89

«Қазақ энциклопедиясы» баспасының  
директоры Бағ редакторы  
Ж.Тойбаева

**Аиби КЕПТЕРБАЕВ**

**Серік САҒЫНТАЙ**  
(бүркеншік есім)

## **КӨКТЕМНІҢ МӨЛДІР ТАМШЫСЫ**

Редакторы:  
Нұрымжан Мауытов

Корректоры:  
С.Керей

Дизайнері:  
Нүркелді Есенаманов

ISBN 978-601-7967-16-1



Баспа 08.11.2019 ж. кол қойылды.  
Пішімі 60x90 <sup>1</sup>/<sub>16</sub>. Офсеттік баспа. Шартты б. т. 7,0.  
Тараптары 5000+50 дана. Тапсырыс №4814.

«Қазақ энциклопедиясы» ЖШС, 050035,  
Алматы қаласы, 8-ықшамаулап, 19<sup>2</sup>-үй.

Тапсырыс берушінің фойлдарынан  
Қазақстан Республикасы «Полиграфкомбинат»  
ЖШС-нде басылды.  
050002, Алматы қаласы, М. Мақатаев көшесі. 41.



## Серік САҒЫНТАЙ

1976 жылы 11 желтоқсанда Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданында дүниеге келген. Жезқазғандағы О.Байқоңыров атындағы университеті тарих-шет тілдер факультетінің түлегі. Еңбек жолын Ақтоғай аудандық "Арқа еңбеккері" газетіне әдеби қызметкер ретінде бастаған. Облыстық, республикалық газеттерде тілші, редактор ретінде қызметтер атқарды. 2011 жылдан «Қасым» республикалық әдеби-қоғамдық журналының Бас редакторы. Республикалық жыр мүшәйраларының, Халықаралық фестивальдардың жүлдегері. "Жазу" (2007), "Фәни-құс" (2009) атты "Құс қайтару" (2015) жыр жинақтары, "Қарға" (2011) атты әңгімелер жинағы жарық көрген.